

ХУСЕЙН ХИЛМИ ЫШЫҚ

# ҚИЯМЕТ және АХИРЕТ



«ТҮРКІСТАН КІТАП ҮЙІ»

Алматы - Қазақстан  
Қазыбек би көшесі, 90/533 үй, 2 пәтер  
Сейфуллин даңғылының қиылысы  
Тел.: +7 727 293 55 98

Алматы  
2020

ӘОЖ 28  
КБЖ 86.2  
Х 96


Хусейн Хилми Ышық  
Қиямет Және Ахирет - Алматы 2020, - 88 бет.  
«Түркістан кітап үйі»

ISBN 978-601-06-6653-5

Бұл кітап, ұлы ислам ғалымы Имам Ғазалинің (1058-1111ж.) «Дуррәтул фахира» атты кітабындағы Қиямет және Ахирет жағдайларына қатысты бөлімінің аудармасы.

Мұнда адамның өлімі, рухтың денеден айрылуы, қабір өмірі, қабір сұрақтары, қиямет күнінде адамдардың есепке тартылуы, жаннат пен тозаққа қалай жіберілетіні туралы кеңінен баяндалған.

Кітаптың аяқ жағында тағы да Имам Ғазали жазған «Кимия-и Саадәт» атты кітаптан «Нәпіспен есептесу» бабынан үзінді ұсынылған.



КБЖ 86.2

ISBN 978-601-06-6653-5

©Хусейн Хилми Ышық, 2020

## ҚИЯМЕТ және АХИРЕТ КІРІСПЕ

Аллаһу та'ала әлемдегі барша адамзатқа жанашырлық танытып, пайдалы нәрселерді жаратып жіберуде. Бүкіл адамдардың дүние мен ахиретте рахат және бақытты өмір сүруі үшін қалай әрекет ету керектігін көрсетті. Ол ахиретте тозаққа түсуі керек болған мүминдерден қалағанына сияпат көрсетіп кешіреді, жәннатқа кіргізеді. Барлық жандыны жаратқан, барлық болмысты әр сәтте бар қылып ұстап тұрған, бәрін қорқыныш пен үрейден қорғап тұрған тек қана Ол. Осындай Аллаһтың қасиетті есіміне сиынып, осы кітапты жазуды бастаймыз.

Аллаһу та'алаға мадақтар болсын! Ол берген ниғметтерге, жақсылықтарға шексіз шүкірлер болсын! Қандай да бір адам кез келген уақытта, кез келген жерде, кез келген біреуге, кез келген бір себеппен, кез келген жолмен хамд етсе (алғыс, мадақ айтса), бұл мадақтау мен алғыстың (шүкіршіліктің) бәрі Аллаһу та'алаға жасалған болады. Өйткені барлық нәрсені жаратқан, тәрбиелеген, жетілдірген, түрлі жақсылықтар жасатқызған Ол. Күш-құдірет иесі тек қана Ол. Егер Ол еске түсірмесе, ешкім жақсылық пен жамандық жасауды қалай алмайды. Құл қалағаннан кейін Ол да тілемейінше, қуат пен мүмкіндік бермейінше, ешкім ешкімге титімдей жақсылық немесе жамандық жасай алмайды.

Оның пайғамбарларының бәріне (әлейһимуссалауату уәттәслимат) және әуелі олардың ең үстемі болған Мұхаммед Мұстафаға (әлейһи уә әлейһимуссалауату уәттәслимат) сәлем мен дұға болсын! Ол ұлы пайғамбардың (саллаллаһу та'ала әлейһи уәсәлләм) Әһли бәйтіне (жанұясына) және Оның рухтарға шипа болған әдемі жүзін көру, пайдалы сөздерін есту абыройына қауышқан, осылайша бүкіл адамзаттың ең қадірлісі болған сахабаларының әрбіріне (радиаллаһу та'ала анһум әжмаин) бізден сәлем мен дұға болсын!

Мұсылман болу үшін «**Калима-и тәуһид**» деп аталатын «**Лә илаһа иллаллаһ, Мұхаммадун Расулуллаһ**» сөзін айту әрі оның мағынасын қысқаша білу және сену керек. Мұның мағынасын білу – алты негізді білу деген сөз. Бұл алты негізді «**Иманның шарттары**» деп

атайды. Бұл алты негіздің бесіншісі – ахирет өміріне сену. Хижри 450 жылы дүниеге келіп, х.505 [м.1111] жылы қайтыс болған үлкен Ислам ғалымы имам Мұхаммед Ғазали (рахметулла-һи алейһ) қиямет жағдайларын түсіндіру үшін «**Дуррә-тул Фахира фи-кәшфи улум-ил-ахира**» атты бөлек кітап жазды. Бұл кітабы «**Кәшф-уз-зунун**»-да да білдірілген. Кастамоны қаласының (Түркия) әскери орта мектебінің араб тілі мұғалімі Омар мырза осы құнды кітапты араб тілінен түрікшеге аударып, оны «**Құран кәрімдегі қиямет пен ахирет жағдайлары**» деп атаған. Бұл кітап 1911 жылы 13 қарашада, 1329 хижри жылдың 5 зұлқада күні Кастамоныда жарыққа шықты. Қазір осы құнды кітапты қайтадан басып шығару баспамызға нәсіп болды. Басқа құнды кітаптардан алынып, кейіннен қосылған түсіндірмелер тік жақша [ ] ішінде жазылды.

Дін бауырларымызға осындай қызметті ұсынуымызды нәсіп еткен Аллаһу та'алаға шексіз шүкір болсын! Аллаһу та'ала бәрімізге әһли сүннет ғалымдары көрсеткен дұрыс білімдерді үйренуді, оларға сенуді, сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссалам жеткізген әмірлер мен тыйымдарға бағынып, жақсы адам болуды нәсіп етсін! Жақсы адам баршаға жақсылық жасайды. Ешкімнің мал-мүлкіне, жанына, ар-намысына тиіспейді. Үкіметке, заңға қарсы шықпайды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) «**Ислам діні – қылыштардың көлеңкесінің астында**» деген. Мұның мағынасы: «Адамдар мемлекеттің, заңның басқаруы, қорғауы астында қамсыз өмір сүреді. Ғибадаттарын еркін орындайды» деген сөз. Мемлекет қаншалықты күшті-қуатты болса, елдің рахаты мен тыныштығы соншалықты артады. Сондықтан мұсылмандардың мемлекетке әрдайым көмектесуі, салықтарын уақытылы төлеуі, жылы сөзбен және күлімдеген жүзбен баршаға насихат айтуы қажет. Дін дұшпандарының өтіріктеріне, айдаларына және жалаларына алданып, дініне, мемлекетіне опасыздық жасаудан Аллаһ сақтасын! Әмин.

Қазіргі таңда әлемдегі мұсылмандар ірі үш топқа бөлінген. Бірінші топ: Асхаби кирамның (сахабалардың) жолында болған шынайы мұсылмандар. Олар «**Әһли сүннет**», «**Сүнни**» және «**Фырқа-и нажия**», яғни «**тозақтан құтылған топ**» деп аталады. Екінші топ: Асхаби кирамға дұшпан болғандар. Олар «**Шиит**» немесе «**Фырқа-и даллә**», яғни «адасқан топ» деп аталады.

Үшіншісі: Сүннилерге де, шииттерге де дұшпан болғандар тобы. Олар «**Уаххаби**» және «**Нәжди**» деп аталады. Өйткені олар ең алғаш Арабстанның Нәжд қаласынан шыққан. Оларды «**Фырқа-и мәльунә**» деп те атайды. Себебі олардың мұсылмандарды мүшрик деп атағаны «**Қиямет және Ахирет**» және «**Саадәти Әбәдия**» кітаптарымызда жазулы. Мұсылмандарға кәпір дегендерді пайғамбарымыз лағнеттеген. Мұсылмандар-ды осы үш топқа бөлгендер яһудилер мен британдықтар.

Қай топта болса да, нәпсіне ерген және ниеті жаман адам тозаққа кіреді. Әр мүмин нәпсін тәрбиелеу үшін, яғни нәпістің жаратылысында бар болған күпір мен күнәларды тазалау үшін әрдайым көп «**Лә илаһа иллаллаһ**» айтуы және жүрегін (көңілін) тазалау үшін, яғни нәпіс пен шайтаннан және жаман достар мен зиянды, адастырушы кітаптардан келген күпір мен күнәлардан құтылу үшін «**Әстағфируллаһ**» оқуы керек. Ахкам-ы исламияны (Ислам үкімдерін) ұстанған адамның дұғасы міндетті түрде қабыл болады. Намаз оқымайтын, ашық әйелдерге қарайтын және харам ішіп-жейтін кісінің ахкам-ы исламияны ұстанбағаны аңғарылады. Олардың дұғалары қабыл болмайды.

**Милади жыл санақ – 2020 ж.**

**Хижри шәмси – 1399 ж.**

**Хижри қамари – 1442 ж.**

**Анықтама:** Миссионерлер христиан дінін таратуға, яһудилер Талмутты таратуға, Стамбулдағы «Хақиқат кітап үйі» Ислам дінін таратуға, ал масондар барлық діндерді жойып жіберуге тырысып жатыр. Ақылды, білімді және ынсапты кісі бұлардың дұрысын аңғарып, түсініп табады. Оның жайылуына көмектесіп, барлық адамдардың дүние мен ахиретте бақытқа қауышуына себеп болады. Адамдарға бұдан маңызды және пайдалы қызмет бола алмайды. Қазіргі христиандар мен яһудилердің қолдарындағы Тәурат пен Інжіл деп аталатын діни кітаптарының адамдар тарапынан жазылғандығын өз өкілдері де айтып жүр. Ал Құран кәрім Аллаһу та'ала тарапынан жіберілген кезіндегідей өзгермеген. Бүкіл поптар мен раввиндердің «Хақиқат кітап үйі» баспасы жариялаған кітаптарды мұқият және ынсаппен оқып, түсінуге тырысуы қажет.

Хамд (мақтаулар) затының мәңгі екенін білдірген Аллаһу та'алаға тән. Ол өзінен басқа бүкіл болмыстың жоқ болуын тіледі. Кәпірлерді және күнәхарларды қабір азабымен жазалайды. Құлдарының дүние мен ахирет бақытына қауышулары үшін оларға пайғамбарлары арқылы әмірлері мен тыйымдарын білдірді. Құлдарының ахиретте азап немесе марапат көрулерін дүниеде жасаған бірнеше амалдарына байлап қойды. Ахирет жолына түсіп, разылығына қауышуды таңдаулы және сүйікті құлдарына оңай қылды.

Аллаһу та'ала сүйікті пайғамбары Мұхаммед алейһиссаламға, Оның отбасына және сахабаларына дұға мен сәлем жаудырсын, олардың есімдерін мұсылмандар арасында өте биік мәртебелерге шығарды.

Білуің керек болғаны, барлық нәрсені тірілтетін және өлтіретін Аллаһу та'ала «Али Имран» сүресінің 185-ші, «Әл-Әнбия» сүресінің 35-ші, «Әл-Анкебут» сүресінің 57-ші **аяттарында «Әрбір жанды өлімнің дәмін татады»** деді. Мұнымен әлемдердің үш өлімі бар екенін хабар берді. Дүние әлеміне келгендер әрине өледі. Жәбәрут әлеміне және мәләкут әлеміне келгендер де әрине өледі. Олардың дүние әлемінде болғандары – адамзат және құрлықтағы, теңіздегі және ауадағы жануарлар.

Мәләкути болған [яғни көзбен көрінбейтін] екінші әлем – періштелер мен жын топтары өмір сүретін әлем.

Жәбәрути деп аталатын үшінші әлем – періштелердің арасынан таңдаулылардың әлемі. Расында Құран кәрімде «Хадж» сүресінің 75-аятында: **«Аллаһу та'ала періштелерден және адамдардан пайғамбарлар таңдады»** делінген.

Міне осы үшінші топ Жәбәрут әлеміндегі Кәрубиян, Ру-ханиян, Хамәлә-и Арш және Сурадиқат-и жәлал періштелері. «Әнбия» сүресінің 19-20-шы аяттарында «Аллаһу та'аланың дәргейінде сондай періштелер бар, Оған ғибадат еткенде өздерін ұнатпайды және мүлдем шаршамайды. Күндіз-түні үздіксіз Аллаһу та'аланы тәсбих етеді, жалықпайды» деп оларды меңзеуде. Аллаһу та'ала оларды осы аяти каримамен мадақтаған. Олар өте құрметті, жәннат бақшаларында болады. Олар жайлы Құран кәрімде айтылып, сипаттары баяндалған.

Олар Аллаһу та'алаға жақын және мекендері жәннат болса да, бәрібір өледі. Аллаһу та'алаға жақын болуы өлімдеріне тосқауыл болмайды.

Саған алдымен дүние өлімі жайлы баяндайын. Хабар беретін

нәрсемді жақсылап құлақ асып тыңда. Егер Аллаһу та'алаға, Оның Расулына, қиямет күніне және ахиретке сенсең, саған адамдардың бір күйден басқа күйге қалай өтетінін жеткізіп, олардың жағдайларын, сипаттарын хабарлаймын. Өйткені бұл деректерді тек дәлел және куә арқылы айту мүмкін. Баяндайтындарыма Аллаһу та'ала мен Құран кәрім куә. Құран кәрім мен Расулуллаһтан (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) нақыл етілген (бұлжытпай жеткізілген) сахих хадистер сөзімді растайды. [Адам өлгенде **дүние өмірі** аяқталып, **ахирет өмірі** басталады. Ахирет өмірі үшке бөлінеді. Қайтадан тірілгенге дейін **қабір өмірі** болады. Кейін **қиямет өмірі**, содан соң **жәннат және тозақ өмірі** келеді. Осы үшінші өмір мәңгі жалғасады].

Дүниеде жақсы, пайдалы нәрселер жаман, зиянды нәрселермен араласып кеткен. Бақытқа, қамсыздық пен тыныштыққа қолжеткізу үшін тек жақсы, пайдалы амалдарды жасау керек. Аллаһу та'ала аса мейірімді болғандықтан, жақсы амалдарды жамандардан ажырататын бір қуат жаратты. Бұл қуат **«ақыл»** деп аталады. Таза және дұрыс болған ақыл бұл ісін өте жақсы атқарады, мүлдем қателеспейді. Күнә істеу, нәпіске еру ақыл мен жүректі (көңілді) ауру қылады. Соның кесірінен ондай ақыл жақсыны жаманнан ажырата алмайтын болып қалады. Аллаһу та'ала пенделеріне мейірім танытып, бұл істі өзі атқаруда, жақсы амалдарды пайғамбарлар арқылы білдіруде және оларды орындауды әмір етуде. Зиянды нәрселерді де білдіріп, оларды істеуге тыйым салуда. Осы әмір мен тыйымдар **«дін»** деп аталады. Мұхаммед алейһиссалам жеткізген дін **«Ислам діні»** деп аталады. Қазіргі таңда жер жүзінде өзгертілмеген, бұзылмаған жалғыз дін бар. Ол – Ислам діні. Рахаттыққа бөлену үшін Ислам дінін ұстану, яғни мұсылман болу қажет. Мұсылман болу үшін ешқандай рәсімдер жасау, имамға, мүфтиге бару қажет емес. Әуелі жүрекпен (көңілмен) иман келтіру керек, кейін ислам дінінің әмірлері мен тыйымдарын үйреніп, соларды орындау қажет.

*Сұрақ періштелері көрге келгенде,  
Есеп сұрап, намазыңды тергейді.  
Өліп құтылдым деп ойладың ба, құл.  
Азабыңды дайындап, рахат бермейді.*

## МАЗМҰНЫ

Қиямет және ахирет кіріспе .....	3
Бірінші тақырып.....	9
Екінші тақырып.....	10
Үшінші тақырып .....	17
Төртінші тақырып .....	25
Бесінші тақырып .....	31
Алтыншы тақырып .....	35
Жетінші тақырып .....	38
Сегізінші тақырып .....	40
Тоғызыншы тақырып.....	51
Оныншы тақырып .....	64
Қиямет және ахирет кітабының соңғы сөзі .....	76
Нәпіспен есептесу.....	78





## БІРІНШІ ТАҚЫРЫП

Аллаһу та'ала Адам алейһиссаламды жаратқанда белін күдіретімен сипаған кезде одан екі уыс алды. Біріншісін оң жағынан, екіншісін сол жағынан алды. Әр адамның түйірін бір-бірінен айырды. Адам алейһиссалам оларға қарады, олардың түйірлердей болғанын көрді. «Әл-Уақия» сүресіндегі аяти каримада: **«Осы оң жақтағылар жәннат халқының амалын жасағаны үшін жәннаттық болғандар. Маған олардың амалдарынан ешқандай пайда мен зиян жоқ. Мына сол жақтағылар тозақ халқының амалын жасағаны үшін тозақтық болғандар. Маған олардан да ешқандай пайда мен зиян жоқ»** делінген.

Адам алейһиссалам Аллаһу та'аладан **«Йа, Раббым! Тозақ халқының амалы қандай?»** деп сұрады. Аллаһу та'ала: **«Маған серік қосу және жіберген пайғамбарларыма сенбеу және илаһи кітаптарымда (пайғамбарларға берілген кітаптар) көрсетілген әмірлер мен тыйымдарымды ұстанбай, маған қарсы шығу»** деді.

Осыған орай Адам алейһиссалам Аллаһу та'алаға дұға етіп **«Йа, Раббым! Оларды өздеріне куә қыл. Тозақ халқының амалын жасамайды деп үміттенемін»** деді. Аллаһу та'ала нәпістерін куә қылып **«Мен сендердің Раббыларың емеспін бе?»** деді. Бәрі **«Раббымызсың. Біз куәлік еттік»** деді. Аллаһу та'ала періштелерді және Адамды (aleyһиссалам) да куә қылды, олар Аллаһу та'аланың рубубиятын (кұдайлығын) қабылдап растады. Бұл (әл-мисақ) келісімнен кейін оларды қайтадан бұрынғы мекендеріне жіберді. Өйткені олардың өмірлері тек рухани өмір еді. Материалдық (денелік) өмір емес еді. Аллаһу та'ала оларды Адам алейһиссаламның беліне орналастырды. Рухтарын алып қалып, арштың қазыналарының бірінде сақтады.

Әкенің ұрығы ананың жатырына еніп, баланың денелік кейіпі қалыптасқан кезде ол әлі өлі болып тұрады. Мәләкути түп негізі болғандықтан, дененің нашарлауына тыйым салынды. Аллаһу та'ала жатырда өлі жатқан осы балаға рух беруді қалаған кезде арштың қазыналарында белгілі бір уақыт сақтаған рухты сол

денеге береді. Бала сол кезде әрекет ете бастайды. Көп балалар анасының ішінде жатып қимылдайды. Анасы кейде сезеді, кейде сезбейді. Аллаһу та'ала рухтардан **«Мен сендердің Раббыларың емеспін бе?»** деп сұраған мисақтан (келісімнен) кейінгі өлім, яғни рухын арштың қазыналарына жіберуі – бірінші өлім және қазіргі ана жатырындағы өмірі – екінші өмір.

## **ЕКІНШІ ТАҚЫРЫП**

Бұдан кейін Аллаһу та'ала адамды өмірі бойы дүниеде ұстайды. Белгілі болған ажалы келгенге дейін, ризығы біткенге дейін және ежелде тағдырда жазылған амалдары таусылғанға дейін дүниеде қалады. Дүниедегі өлімі жақындаған кезде төрт періште келеді. Олардың бірі рухын оң аяғынан, бірі сол аяғынан, бірі оң қолынан, бірі сол қолынан тартады. Көбінесе рухы алқымға келуден бұрын **«Әлеми мәләкути»**-ді көре бастайды. Періштелерді, жасаған істерінің ақиқатын, әлемдеріндегі жағдайларын көреді. Егер тілі сөйлей алатын болса, олардың болмысын хабар береді. Көбінесе көрген нәрселерін шайтанның ісі деп ойлайды. Тілі тұтылғанға дейін әрекетсіз қалады. Бұл кезде тағы періштелер рухын саусақтардың ұшынан тартады. Тынысы құмырадан су төгілгендей гүрілдеп шығады. Күнәхардың рухы дымқыл киізге жабысқан тікенді жұлғандай шығарылады, мұны адамдардың ең үстемі пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) хабар берді. Бұл жағдайда мәйіт қарнын тікенге толы деп санайды. Ал рухын ине тесігінен тартып жатқандай, аспан жерге жабысқандай және өзі арасында қысылып қалғандай сезінеді.

Хазреті Каъбтан (радиаллаһу анһ) «өлім қалай болады?» деп сұралғанда ол айтты: «Бір тікен бұтағын бір кісінің ішіне кіргізген. Қуатты біреу оны тартып жатыр. Жыртқанын жырттып, қалғанын қалдырып жатқандай деп білдім».

Пайғамбарлардың мырзасы (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) айтқан: **«Әлбетте өлім азаптарынан бірінің ауруы үш жүз рет қылышпен ұрудан да қатты».**

Осы кезде адамның денесі терлейді. Көздері лезде екі жаққа кетіп

қалады. Мұрнының екі жағы тартылады. Кеуде сүйектері көтеріледі, тынысы түйіліп, реңі сарғаяды. Айша-и сыддықа (радиаллаһу анһа) анамыз өз құшағында жатқан Расулуллаһтың осындай жағдайын көргенде көзінен жас төгіліп, мына өлең шумақтарын оқыды:

«Өзімді саған пида етемін, йа, Расулаллаһ, сені жаман әрекеттердің ешбірі мұңайтпады, ренжітпеді. Осы күнге дейін саған жын да тимеді. Ештеңеден қорқпадың. Ал қазір не болып қалды, сұлу жүзің інжу-маржандай термен жабылғанын көріп тұрмын. Әрбір өлінің жүзі солғанымен, сенің мүбәрәк жүзіңнің нұрлары ақиқатында жан-жаққа жарқырап тұр».

Рухы жүрекке келгенде тілі тұтылады. Рухы кеудесіне келгенде ешкім сөйлей алмайды. Мұның екі себебі бар. Біріншісі, іс өте ауыр болғандықтан, көкірек тыныстармен қысылып, тар болып қалады.

Көрмейсіз бе, адамның көкірегінен ұрғанда есінен танып, талып қалады. Тек біраз уақыттан кейін ғана сөйлей алады. Көбіне сөйлей алмай қалады. Адамның қай жерінен ұрсаң да айқайлайды. Көкірегінен ұрғанда бірден дыбыссыз, өлідей құлайды.

Ал екінші себебі, дауыс өкпеден сыртқа шыққан ауаның әрекетінен пайда болатын еді. Ал осы тыныс қалмады. Тыныс алмағандықтан дененің жылуы қалмайды, суиды. Бұл кезде мәйіттердің жағдайлары әртүрлі болады.

Кейбірлері бар, періште у мен суға батырылған қызып тұрған темірмен ұрады. Бірден рух қашады, сыртқа шығады. Періште оны қолына алады, сынап сияқты дірілдей бастайды. Шегірткедей адам күйінде болады. Кейін періште оны забаниге (азаптаушы періштеге) тапсырады.

Кейбір мәйіттер бар, рухы аз-аздан ақырындап алқымында тұтылғанға дейін тартылады. Алқымында да қалмайды. Тек қана жүрегіне байланып қалады. Бұл кезде періште уланған қызған темірмен ұрады. Өйткені, ол темірмен ұрмағанша рух жүректен айрылмайды. Осы темірмен ұрудың себебі – темір өлім теңізіне батырылған. Жүректің үстіне қойылғанда басқа жерлеріне де жайылатын удай болады. Өйткені, өмірдің сыры тек жүректе. Оның сыры тек дүние өмірінде әсер етеді. Сондықтан кейбір кәлам ғалымдары «Өмір рухтың тысында» және «Өмірдің мағынасы –

рухтың денемен араласуы» деді.

Рух тартылып, соңғы бауы үзілетін кезде оған көптеген фитналар келеді. Бұл сондай фитналар, Ібіліс көмекшілерін арнайы сол адамды мазалау үшін жібереді. Сол жағдайда жатқанында әлгі адамға келеді, оның ата-анасының, бауырының және жақсы көретін адамдарынан қайтыс болғандардың кейіпінде көрінеді де, оған айтады:

«Ей, пәленше! Сен өлейін деп жатырсың. Біз бұл жағдайды сенен бұрын басымыздан өткіздік. Сен яһуди дінінде болып өл. Бұл дін Аллаһтың дәргейінде ең дұрыс дін». Егер олардың сөздеріне алданбаса, тыңдамаса, кетіп қалады. Басқалары келіп айтады: «Сен насрани (христиан) болып өл! Өйткені бұл Иса алейһиссаламның діні, бұл дін Мұса алейһиссаламның дінінің үкімін тоқтатқан». Осылайша әр ұлттың діндерін оған айтады. Осы кезде Аллаһу та'ала адасуын тілеген адамдар адасады. Міне осы – **«Ей, біздің Раббымыз! Дүниеде бізге иман бергеніңдей, өлерде де жүректерімізді адастырма»** мағынасындағы «Али Имран» сүресінің сегізінші аяти каримасы хабар берген жағдай.

Аллаһу та'ала құлына хидаят пен иманда беріктік қаласа, ол адамға рахмет-и илаһия (Аллаһу та'аланың мейірімі) келеді. Кейбір ғалымдар осы рахметтен (мейірімнен) мақсат Жәбрейіл алейһиссалам деді.

Рахмет-и илаһия шайтанды алыстатып, аурудың үстінен шаршағандықты кетіреді. Сол кезде адам жеңілдеп рахаттанады, күледі. Көп адамдардың осы жағдайда күлгені байқалады, Аллаһу та'ала тарапынан рахмет (мейірім) келгенімен оны сүйіншілеп: «Мені білесің бе, мен Жәбрейілмін. Ал мыналар сенің дұшпандарың болған шайтандар. Сен Миллет-и Ханифия және дин-и Мухаммедияны ұстанып қайтыс бол!» дейді.

Адамға осы періштеден сүйікті және рахатқа бөлеуші ештеңе жоқ. **«Йа, Рабби, бізге мейіріміңді ихсан ет (сыйла). Ихсан иесі тек қана сенсің»** мағынасындағы «Али Имран» сүресінің сегізінші аяти каримасы осы жағдайды хабар беруде.

Кейбір адамдар бар, намаз оқып тұрғанда қайтыс болады. Кейбірлері ұйқыда, кейбірлері бір нәрсемен айналысып жатқанда,

кейбірлері сазды аспап пен ойынға берілгенде, кейбірлері мас кезде кенеттен қайтыс болады. Кейбір адамдарға рухы шығып жатқанда өзінен бұрын өткен таныстары көрсетіледі. Сондықтан айналасындағы адамдарға қарайды. Бұл уақытта ол адам қорылдайды, адамнан басқа барлық нәрсе мұны естиді. Адам еститін болса, әрине құриды, қорқыныштан өледі.

Өлінің сезім мүшелерінен ең соңғы кететіні – естуі. Өйткені рух жүректен шыққан кезде тек көруі ғана нашарлайды. Бірақ есту рух толық шығып кеткенге дейін жоғалмайды. Сондықтан пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм): **«Өлім ауруында жатқандарға шаһадат калимасын, яғни «Лә илаһа иллаллаһ Мухаммадун Расуллаллаһ», осы калиманы айтуға шақырындар!»** деген. Өлім жағдайында жатқан кісінің қасында көп сөз сөйлеуге де тыйым салған. Өйткені ол кезде адам өте ауыр қиыншылықтарды бастан кешіреді.

Егер өлінің аузынан сілекейі аққан, ерні салбырап, беті қарайған, көзі айналған болса, онда біл, ол шақи (тозақтық). Ахиреттегі азаптарын көрді деген сөз.

Егер аузы ашық, күлімдегендей, жүзі күлімсірегендей, көзі де кірпіктей жатқанын көрсең, онда біл, ол адам ахиретте қауышатын қуанышымен сүйіншіленген.

Періштелер бұл рухты жәннат жібектерінің біріне орайды. Ол саид (жәннаттық) болған адамның рухы бал арасындай адам кейіпінде болады. Ақылынан және білімінен ештеңе жоғалтпайды. Дүниеде не істеген болса, бәрін біледі. Ол періштелер бұл рухпен бірге аспанға қарай ұшып көтеріледі. Бұл көтерілуді кейбір өлілер сезеді, кейбір өлілер білмейді. Осылайша әуелгі өткен пайғамбарлардың (алейһимуссалам) үмбеттерін және енді өлген адамдарды бір жерге жайылған шегірткелердей көріп өтеді және бірінші қабат аспан болған дүние аспанына барады.

Бұл періштелердің басында болған Жәбрейіл алейһиссалам дүние аспанына шығады. «Кімсің?» деп сұралады. Мен Жәбрейілмін, қасымдағы пәленше деп ол адамның көркем және жағымды есімдерімен хабар береді. Дүние аспанының қарауылдары періштелер «Бұл қандай жақсы адам, сенімі, ақидасы дұрыс еді. Және ешқандай күмәні жоқ еді» дейді.

Бұдан кейін екінші қабат аспанға шығады. «Кімсің?» деп сұралады. Жәбрейіл алейһиссалам бірінші қабат аспандағы періштелерге айтқан жауабын қайталайды. Екінші қабат аспандағы періштелер салих рухқа «Қош келді! Дүниеде намаздарын бүкіл парыздарына мән беріп оқитын еді» дейді.

Кейін әрі өтіп, үшінші қабат аспанға жетеді. «Кімсің?» деп сұралады. Жәбрейіл алейһиссалам осыған дейін айтқандарын қайталайды. Сонда «Мал-мүлкінің ақысын сақтап, зекетін, егістіктен алған өнімнің ұшырын әмір етілген адамдарға қуанып берген, ешқашан аямаған бұл кісі қош келді» деп айтады. Ол жерден де өтеді.

Төртінші қабат аспанға барады. «Кімсің?» деп сұралады. Осыған дейін айтқанындай жауап береді. «Дүниеде Рамазан оразасын ұстап, ораны бұзатын нәрселерден және бөтен әйелдермен көрісуден және харам жеуден өзін сақтаған адам қош келді» деп айтылады.

Кейін бесінші қабат аспанға барады. «Кімсің?» деп сұралады. Осыған дейін айтқанындай жауап береді. «Парыз болған кезде қажылығын риясыз және Аллаһу та'ала разылығы үшін орындаған адам қош келді» делінеді.

Кейін алтыншы қабат аспанға барады. «Кімсің?» деп сұралады. Алдындағыдай жауап береді. «Сәре уақытында көп истиғфар еткен, садақаны жасырып көп берген және жетімдерге көмектескен кісі қош келді» деп айтылады.

Ол жақтан да өтіп, «**Сурадиқат-и жәлал**» деп аталатын жәлал перделері бар мекенге жетеді. «Кімсің?» деп сұралғанда әуелгідей жауап береді. Тағы «Қош келді! Көп истиғфар айтып [балашағасына және сөзіне құлақ асатындарға] әмри маруф жасаған, Аллаһу та'аланың дінін Оның құлдарына үйреткен, кедейлерге [және қиыншылыққа тап болғандарға] көмектескен салих құлға және көркем рухқа сәлем бердік» делінеді. Кейін періштелерден құралған бір жамағат арасына кіреді, бәрі оны жәннатпен сүйіншілеп, онымен қол алысады.

Кейін «**Сидрәт-ул-мүнтәха**»-ға дейін барады. Тағы «Кім?» деп сұралғанда әуелгідей жауап береді. «Қош келді. Әр жақсылығын Аллаһу та'аланың разылығы үшін жасаған кісіге сәлем» делінеді.

Бұдан кейін от қабатынан өтеді. Кейін нұр, қараңғылық, су мен қар қабақтарынан өтеді. Кейін суық теңізінен өтеді. Әр қабақтың бір-бірінен қашықтығы мың жылдық жол.

Кейін Арш-ур-Рахманның үстін жауып тұрған перделер ашылады, олар сексен мың перде. Әр пердеде сексен мың шәрәфә (биіктік) бар. Әр шәрәфәда мың қамар, яғни ай бар, олар Аллаһу та'алаға таһлил және тәсбих оқып тұрады. Олардың бір айы дүниеде көрінсе, нұры әлемді жарқыратып, елдер Аллаһу та'аланы қойып, соған құлшылық етіп кетер еді. Осы кезде перде артынан бір жаршы үндеу шығарады: «Мына алып келген рухың кім?» Жәбрейіл алейһиссалам: «Пәленше ұлы пәленше» дейді.

Аллаһу та'ала: «Оны жақындатыңдар. Сен қандай жақсы құлымсың» дейді.

Аллаһу та'аланың құзырында тұрғанда Жаратқан оның біраз кемшіліктерін айтып, ұрысқандай болып, ұялтады. Пенде сол кезде шынымен де «құрыдым» деп ойлап қалады. Кейін Аллаһу та'ала оны кешіреді.

Қазы Яхия бин Әксәм хазретінен риуаят етілуінше, қайтыс болғанынан кейін ол түске кіріп, «Хақ та'ала саған қандай мәміле жасады?» деген сұраққа жауап берді. Яхия бин Әксәм: «Аллаһу та'ала мені құзырында тұрғызды. «Ей, шәйх-и су [яғни жаман шал]! Сен ананы, мынаны істемедің бе?» деді. Аллаһу та'аланың бүкіл істегендерімді білетінін түсінген кезімде мені үрей басты және «Йа, Раббым, осылай сұрақ қоятыныңды дүниеде маған ешкім айтпап еді» дедім. «Саған қалай айтылған еді?» деп сұрады. Сонда мен «Маған Муаммәр – Имам Зухриден, ол Уруәдан, ол Айша Сыддықадан (радиаллаһу анһа), ол хазреті пайғамбардан (саллаллаһу алейһи уәсәлләм), ал Ол хазреті Жәбрейілден, Ол Аллаһу та'аладан хабар берді. Рауф және рахим болған Аллаһу та'ала **«Мен исламда ағарған шаш пен сақалға азап беруге ұяламын»** деген» дедім. Сонда Аллаһу та'ала айтты: **«Сен және Муаммәр, Имам Зухри, Уруә, Айша, Мұхаммед алейһиссалам және Жәбрейіл – садьқсындар (сенімдісіндер). Мен сені кешірдім»** деді».

[Қазы Яхия бин Әксәм (рахметуллаһи алейһ) Бағдат қазысы

болып жүріп, 242 [м.856] жылы Мәдинада қайтыс болды. Шафии фикһ ғалымы еді. «Тәнбих» атты кітабы танымал.

Муаммәр бин Мусәнна – Әбу Убәйд Нахви атымен танымал. Ол әдебиетші еді. 110 жылы Басрада туылып, 210 [м.825] жылы қайтыс болды. Харижи болған. Көп кітап жазды. Хадис және тарих саласының ғалымы еді.

Мұхаммед бин Мүслим Зухри – табииндерден. Кітаптарын қабырға (дуал) сияқты тізіп, ішіне кіріп алып соларды оқумен уақытын өткізетін еді. Әйелі бір күні «Бұл кітаптар маған үш күндестен де ауыр болды ғой» деген еді. 124 [м.741] жылы қайтыс болды (рахимә-хуллаһу та'ала).

Уруә бин Зубәйр – Зубәйр бин Аууамның екінші ұлы. Әсма бинти Әби Бәкрдің ұлы. «Фуқаһа-и сәб'а» деп аталатын жеті фикһ ғалымының бірі. Айшадан (радиаллаһу анһа) көп хадис шәриф жеткізді. 22 жылы туылып, 93 жылы Мәдинада қайтыс болды (рахимә-хуллаһу та'ала).]

Тағы Абдулазиз ибн Нубатә түске кіріп, «Аллаһу та'ала саған қандай мәміле көрсетті?» деген сұраққа былай жауап берген: «Аллаһу та'ала маған айтты: «Сен сөзін қысқартатын адам емессің бе? Елдер бұл қандай қысқа да нұсқа сөйлейді деп айтсын деп сөйлейтін едің». Мен «Йә, Раббым! Ұлы болмысыңды нұқсан сипаттардан тәнзиһ және тақдис етемін, мен – қор құлын, дүниеде зати рубубиятыңды (құдайлығыңды) сипаттап, мақтап, мадақтаймын». Аллаһу та'ала: «Олай болса, дүниеде айтқаныңдай сипатта» деді. Сонда мен «Әуелі жоқтан жаратқан, олардың рухтарын қайтадан алып өлтіреді. Оларға сөйлеу ерекшелігін беріп, кейін ол ерекшелігін алып қояды. Жоқ қылғанындай, кейін тағы жоқтан бар қылады. Адам өлгеннен кейін мүшелерін бір-бірінен ажыратқанындай, оларды тағы қиямет күні қосады» дедім. Күнәларды кешіруші Аллаһу та'ала «Дұрыс айттың. Бар, мен сені кешірдім» деді» деп айтып берді. [Ибн Нубатә ақын болған, диуаны (өлеңдер жинағы) бар. 405 [м.1014] жылы Бағдатта қайтыс болды].

Мансұр бин Аммар да (рахметуллаһи алейһ) түске кіріп, «Аллаһу та'ала саған қандай мәміле көрсетті?» деген сұраққа былай жауап берді: «Аллаһу та'ала мені құзырында тұрғызып, «Маған неңмен



келдің, ей Мансұр?» деп сұрады. Мен «Йа, Раббым, отыз алты қажылығыммен келдім» дедім. «Олардың ешбірін қабыл етпедім. Неңмен келдің?» деп сұрады. Мен «Йа, Раббым, сенің разылығың үшін оқыған үш жүз алпыс хатымыммен келдім» дедім. «Олардың ешбірін қабыл етпедім. Неңмен келдің, ей Мансұр?» деп сұрады. Сонда мен «Йа, Раббым, мейіріміңмен келдім» дедім. Сонда Аллаһу та'ала «Міне енді маған келдің, бар, мен сені кешірдім» деді» деп айтып берді.

Осы хикаялардың көбі өлімнің үрейлі жағдайларын хабар береді. Мен саған Аллаһу та'аланың жәрдемімен сөз тыңдай алатын адамдардың ести алатын нәрселерін хабар бердім. Кейбір адамдар бар, курси деген мәртебеге жеткен кездерінде бір дауыс естиді. Ол жерде оны кері қайтарады. Кейбірлері перделерден кері қайтарылады. Аллаһу та'аланың құзырына жеткендер «Ариф-и биллаһ» болғандар, яғни әулиелер ғана. Уилаяттың (әулиеліктің) төртінші дәрежесінде және одан жоғары дәрежелерде болған адамдардан басқалар Аллаһу та'аланың құзырына жете алмайды.

## ҮШІНШІ ТАҚЫРЫП

Кәпірдің рухы дөрөкі түрде азаппен алынады және оның жүзі Әбу Жәһл сияқты болады. Періштелер оған қарап «Ей, лас рух! Лас дененнен шық» дейді. Ол есек сияқты ақырады. Рухы шыққанда Әзрейіл алейһиссалам оны жаман, қара киімді және сасық иісті забанилерге (яғни азаптаушы періштелерге) тапсырады, олардың қолында жүннен жасалған ескі киіз сияқты шүберек болады. Рухты осыған орайды. Осы кезде шегірткедей адам күйіне айналады. Мұның себебі, кәпірдің денесі ахиретте мүминнің денесінен үлкен болады. Хадис шәрифте: **«Тозақта кәпірдің бір азу тісі Ухуд тауындай»** делінген.

Жәбрейіл алейһиссалам бұл жаман рухты көтеріп, дүние аспанына шығарады. Олардан «Сен кімсің?» деп сұралады. «Мен Жәбрейілмін» деп жауаптайды. «Қасындағы кім?» дегенде «Пәленше ұлы пәленше» деп оны жаман, жағымсыз және дүниеде жақтырмаған есімдерімен атайды. «Оған аспан есігі ашылмайды

және түйе ине тесігінен өтпейінше осы сияқты адамдар жәннатқа кіре алмайды» делінеді.

Жәбрейіл алейһиссалам бұл сөзді естігенде оны тастап жібере салады. Жел оны алысқа алып кетеді. Міне осы жағдай «Хаж» сүресінде: **«Аллаһу та'алаға серік қосқан адамның жағдайы мынаған ұқсайды: аспаннан түсіп, оны не құстар жалмайды, не жел оны алыс жерге апарып тастайды да, ол сол жақта құриды»** деген отыз бірінші аяти кариманың мағынасы. Ол адам жерге түскенде бір забани оны алып сижжинге алып кетеді. Сижжин – жердің астындағы немесе тозақтың түбіндегі үлкен тас, кәпір мен күнәхарлардың рухтары сол жаққа апарылады.

Яһуди мен насараның (христиандардың) рухтары күрсиден қабірлеріне кері қайтарылады. Егер олар өз діндерінде (бұзылмаған яһудилік пен христиандықта) болса, өздерінің жуындырылғанын және жерленгенін көріп тұрады.

Мүшрик, яғни діндерге сенбейтіндер бұлардың ешбірін көре алмайды. Өйткені олар – дүние аспанынан қорланып жерге тастап жіберілгендер.

Мүнафықтар, мүшриктер сияқты Аллаһу та'аланың қаһарына (ашуына, азабына) ұшыраған және қабылданбаған халде мазарына кері қайтарылады.

Мүминдердің құлшылықта кемшілік жібергендері де әртүрлі болады. Кейбірлерін оқыған намаздары кері қайтарады. Себебі адам намазын қораздың жем шоқығанындай тез-тез оқыса, намазынан ұрлаған болады. Оның намазы ескі шүберек сияқты жұмарланып бетіне тасталады. Кейін көтеріледі де, «Мені зая еткеніңдей, Аллаһу та'ала да сен зая етсін» дейді.

Кейбірлерін зекеті кері қайтарады. Себебі ол адам зекетін «Пәленше кісі қайырымдылық жасап жатыр, зекет беріп жатыр» деп адамдар айтсын деген мақсатта беретін еді. Көбінесе әйелдердің махаббатын тарту үшін зекетін оларға беретін еді. Біз оларды көрдік. Біз бұған куә болдық. Халал болған нәрселермен Аллаһу та'ала баршаға саламаттық берсін.

Кейбірлерін оразасы қайтарады. Өйткені ол адам ораза ұстау мақсатында тек тамақтан тиылған, бірақ бос сөз, ғайбат айтудан

және күнә істеуден тиылмаған еді. Міне осындай ораза адам үшін зиянды және пәлекет болмақ. Кісі осылай ораза ұстап жүріп, Рамазан айын өткізеді. Сырттан қарағанда ораза ұстаған, ал негізінде ораза ұстамаған саналады.

Кейбір адамдарды жасаған қажылығы кері қайтарады. Өйткені ол кісі жұрттар «Қажылыққа барып келді» деп айтсын деген мақсатта немесе харам мүлкімен қажылық жасаған.

Кейбір адамдарды ата-анаға қарсы шығу сияқты күнәлары кері қайтарады. Бұл жағдайларды сырлар әлемінен хабары болғандар және Аллаһу та'аланың разылығы үшін ілім үйренген ғалымдар біледі.

Осы жерге дейін жазғандарымыз туралы пайғамбарымыздан (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) хадистер, сахабалар мен табииндерден хабарлар келген. Муаз бин Жәбәлдің (радиаллаһу анһ) риуаятында хабар берілгеніндей, амалдардың кері қайтарылуы және одан басқа мәселелер туралы көп хабарлар келген. Менің бұл мәселені қысқаша ажыратып түсіндіргім келді. Егер қысқартпасам, көп кітаптарды толтыратын едім. Әһли сүннет сенімінде болғандар, яғни дұрыс сенім мен иманға ие болғандар өз балаларын білгендей баяндағандарымыздың дұрыс екенін біледі.

Рух денеге кері қайтарылған кезде денесінің жуылып жатқанын көреді және басының тұсында жуынып болғанша күтіп тұрады. Аллаһу та'ала жақсылық тілеген адамының көзінің пердесін алады да, ол өлінің рухын дүниедегі адам кейіпінде көреді. Бір кісі баласын жуындырып жатқанда басының тұсында тұрғанын көрді. Қорыққанынан көрген жерінен басқа жерге ауысты. Кебінге оралғанға дейін осы жағдайды көріп тұрды. Кебінделгенде әлгі адам кейіпіндегі рух кебінге кері оралды. Табыттың ішіне қойып жатқанда да рухты көргендер болды. Расында, көптеген салих кісілерден риуаят етілгені бойынша, табыттың үстінде жатқанда «Пәленше қайда, рух қайда?» деген дауыс естілді. Кебін кеуде жағында екі немесе үш рет қимылдады.

Рәби бин Хәйсәмнен (рахимәһуллаһ) риуаят етілген, бір кісі жуып жатқан адамның қолында қимылдады. Тағы Әбу Бәкір Сылдық (радиаллаһу анһ) заманында бір өлінің табытта жатып

сөйлегені байқалған, Әбу Бәкір мен Омардың (радиаллаһу аһума) жақсы қасиеттерін айтқаны байқалған.

Мәйіттің осындай жағдайларын көргендер – періштелер әлемін көретін әулиелер. Аллаһу та'ала қалаған адамының көзінен және құлағынан пердені алып тастайды, ол бұл жағдайды көреді және біледі.

Мәйіт кебінделген кезде рух сырттан кеудеге жақындайды. Бұл кезде ол айқайлайды немесе ыңырсиды. «Мені Раббымның мейіріміне тезірек алып барыңдар. Егер маған берілген ниғметтерді білсеңдер, мені алып баруға асығатын едіңдер» дейді.

Егер азаппен қорқытылған болса, онда «Мені Аллаһу та'аланың азабына асықпай апарып, біраз уақыт беріңдер. Егер қайда апара жатқандарыңды білсеңдер, әлбетте мен иықтарыңда көтермес едіңдер» дейді. Сондықтан Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) табыт көргенде дереу орнынан тұрып, қырық қадамдай бірге жүретін еді.

Сахих хадисте хабар берілді: Пайғамбарымыздың алдынан бір табытта мәйіт өтті. Құрмет үшін пайғамбарымыз орнынан тұрды. Асхаби кирам (әлейһимурридуан) «Йа, Расулаллаһ, бұл яһудидің жаназасы» деді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) «**Нәпіс емес пе?**», яғни «Адам емес пе?» деді. Расулуллаһтың осы әрекеттерінің себебі Оған періштелер әлемі аянмен білдірілген, көрсетілген. Сондықтан жаназа көрген кезінде қуанышты болатын еді.

[«**Халеби**» кітабында былай жазылған: «Алдынан мәйіт өткен кісі табыттағы мәйітке құрмет үшін орнынан тұрып, сол қалпында қимылсыз тұрып қалмауы керек. Табытты көтеру және артынан жүру үшін тұру керек. Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) табыт көргенде орнынан тұрғаны, өткеннен кейін отырғаны және «сендер де осылай істендер» деп бұйырғаны хабар берілген болса да, бұл бұйрық кейіннен нәсіһ етілді (үкімі өзгертілді). Яғни біраз уақыттан кейін бұл әмірін өзгертті». «**Мәрақ-ил-фәлах**» және «**Дуррул мухтар**» кітаптарында мәйіт көрген адамның құрмет үшін орнынан тұруының жаиз (рұқсат) емес екендігі жазылған].

Мәйіт қабірге түсірілген кезде үсті топырақпен жабылғаннан кейін қабір мәйітке айтады: «Менің үстімде рахаттанып жүрген

едің. Енді астымда қайғылы боласың. Менің үстімде түрлі тағамдар жейтін едің, ал қазір менің астымда құрттар сені жейді». Қабір толып, үсті топырақпен жабылғанға дейін осындай ащы сөздер айтады.

Ибн Мәсудтан (радиаллаһу анһ) риуаят етілген: «Йа, Расулуллаһ, өлі қабірге түсірілген кезде ең алғаш немен кездеседі?» деп сұрады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) айтты: **«Йа, Ибн Мәсуд! Мұны сенен басқа ешкім менен сұрамады. Тек сен ғана сұрадың. Өлі қабірге түсірілген кезде әуелі бір періште сөйлейді. Ол періштенің есімі «Руман». Қабірлердің арасына кіреді де: «Йа, Абдаллаһ! Амалыңды жаз!» дейді. Мәйіт айтады: «Менің бұл жерде қағазым да, қаламым да жоқ. Не жазайын?» Періште айтады: «Бұл сөзің қабылданбайды. Сенің кебінің – қағазың. Түкірігің – сияң. Саусақтарың – қаламың». Періште кебіннен бір парша кесіп береді. Ол құл дүниеде жазуды білмейтін болса да, ол жақта сауабы мен күнәларының бәрін бір күнде істегендей қалдырмай жазып береді. Бұдан кейін періште сол жазған кебін паршасын түріп, өлінің мойнына асады». Бұдан кейін Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уәсәлләм): «**Әр адамның жасаған амалдарын көрсетіп тұратын парақтарды біз оның мойнына қойдық**» деген «Исра» сүресінің оныншы аяти қаримасын оқыды.**

Кейін өте қорқынышты екі періште келеді. Адам кейіпінде көрінеді. Беттері қап-қара, тістерімен жерді жыртады. Бастарындағы шаштары жер бетіне жайылған болып көрінеді. Сөздері аспан күркірегендей, көздері найзағайдай. Тыныстары үскірік желдей. Әрқайсысында үлкен темір қамшы бар, оны адамдар мен жындар жиналып күш салса да, жерден көтере алмайды. Таулардан да үлкен және ауыр. Онымен бір рет біреуді ұрса, Аллаһ сақтасын, бөлшектеп тастайды. Рух осыларды көргенде бірден қашады. Мәйіттің мұрнынан кеудесіне кіреді. Кеудесінен жоғары жағы тіріледі. Өлетін кезіндегі жағдайындай болады. Әрекет етуге шамасы жетпейді. Бірақ не айтылса, соны естиді және көреді. Олар оны азаппен сұраққа тартады. Жапа шектіріп, оны қайғыртады. Топырақ оған су сияқты болады. Қимылдаған сайын жер ашылып, бос кеңістік пайда болады.

Бұл екі періште «Раббың кім? Дінің қандай? Пайғамбарың кім? Құбылаң қай жақта?» деген сұрақтар қояды. Аллаһу та'ала кімге сәттілік беріп, жүрегіне хақ сөзді орнықтырса, сол айтады: «Сендерді өкіл қылып маған кім жіберген болса, Раббым сол. Менің Раббым – Аллаһ, пайғамбарым – Мұхаммед алейһиссалам, дінім – Ислам». Бұған тек ілім иесі қайырлы ғалымдар ғана осылай жауап береді.

Сонда олар айтады: «Дұрыс айтты. Дәлелін келтірді. Біздің қолымыздан құтылды». Бұдан кейін оның үстіне қабірді үлкен күмбездей қылады. Ол үшін оң жағына екі есік ашады. Кейін қабіріне хош иісті райхан төсейді. Жәннат хош иістері әлгі мейіттің үстіне келеді. Дүниеде жасаған жақсы амалдары ең сүйікті досы кейіпінде келіп, оның көңілін көтереді және оған жақсы хабарлар айтады. Қабірі нұрға толады. Қиямет басталғанға дейін қабірінде қуанышты және мәз күйде жатады. Ол кісіге қияметтің басталуынан жағымдырақ ештеңе болмайды.

Білімі мен амалы аз болған және білім мен мәләкут сырларынан хабары болмаған мүминдердің дәрежесі бұдан төмен, оның қасына Руманнан кейін әдемі кейіпте, хош иісті және әсем киімді амалы келеді, «Мені білмейсің бе?» дейді. Ол айтады: «Сен кімсің, Аллаһу та'ала сені маған осы жалғыз қалған кезімде нәсіп етті». Ол: «Мен сенің салих амалдарыңмын. Қорықпа, мұнайма! Біраздан кейін Мүнкәр мен Нәкир періштелері келеді де, сені сұраққа тартады. Олардан қорықпа» дейді.

Бұдан кейін сұрақ періштелеріне беретін жауаптарды үйретіп жатқанда Мүнкәр мен Нәкир періштелері келеді. Төменде баяндайтынымыздай оны қыспаққа алады. Оны отырғызады. Одан «Мән Раббукә?», яғни «Раббың кім?» деп сұрайды. Ол басында айтқанындай жауаптайды: «Раббым – Аллаһ. Пайғамбарым – Мұхаммед алейһиссалам, имамым – Құран кәрім, құбылам – Қағба, атам – Ибраһим алейһиссалам, Оның ұлты – менің ұлтым» дейді. Оның тілі еш тұтылмайды. Періштелер «Дұрыс айттың» дейді. Бұған дейінгі періштелер сияқты мәміле жасайды. Бірақ оған сол тарапынан тозақтың бір есігін ашады. Тозақтың жылан, шаян, шынжыр, ыстық суы мен заққумы (тозақ өсімдігі), яғни не бар

болса бәрін көреді. Ол адам мұны көріп көп айқайлайды.

Оған «Қорықпа, бұл жердің үрейлі жағдайлары саған зиян тигізе алмайды. Бұл жер сенің тозақтағы орның, Аллаһу та'ала мұны сенің жәннаттағы орныға ауыстырды. Ұйықта, сен саидсың (жәннаттықтың)» дейді. Кейін тозақ есігі жабылады. Айлап, жылдап өткен уақытты білмейді, сол күйде қалады.

Көптеген адамның өлерде тілі тұтылады. Егер сенімі (акидасы) бұзылған болса [әһли сүннет ғалымдарының үйреткеніне сай сенбеген, бидғатшыларға ерген болса], «Раббым – Аллаһ» деп айта алмайды. Басқа сөздер айта бастайды. Періштелер бір рет ұрады, қабірі отқа толады. Кейін сөнеді. Бірнеше күн сөніп тұрады. Кейін қайтадан қабірде оның үстінде от пайда болады. Қиямет басталғанға дейін осы жағдай жалғасады.

Және көптеген адам «Дінім – Ислам» деп айта алмайды. Олар не күмәнмен қайтыс болған, не қайтыс боларда фитналардың бірі жабысқан. [Әһли сүннет болмаған адамдардың сөздеріне, жазбаларына алданған]. Оны бір рет ұрады. Қабірі, жоғарыда айтылғандай, отқа толады.

Кейбір адамдар «Әл Қурани имами», яғни «Құран кәрім – менің имамым» дей алмайды. Өйткені олар Құран кәрімді оқитын, бірақ одан насихат алмайтын және Құран кәрімдегі әмірлермен амал етпейтін, тыйым салған нәрселерінен сақтанбайтын еді. Оларға да алдындағыларға жасағандай жасайды.

Кейбір адамдардың амалдары қорқынышты кейіпке енеді. Оны тартады. Қабірінде күнәлары шамасында азапталады. Хабарларда көрсетілгені бойынша, **«Кейбір адамдардың амалы хунут кейіпіне айналады»**. Хунут – шошқаның баласына айтылады.

Кейбір адамдар «Пайғамбарым – Мұхаммед алейһиссалам» деп айта алмайды. Өйткені ол адамдар дүниеде сүннәти нәбәуияны (яғни ислам дінінің әмірлері мен тыйымдарын) ұмытқан еді. Заманға, модаға ерген еді. Бала-шағасына Құран кәрім оқытпаған, Аллаһу та'аланың әмірлері мен тыйымдарын үйретпеген еді.

Кейбір адамдар «Құбылам – Қағба» дей алмайды. Өйткені олар намаз оқу үшін құбылаға аз бұрылған немесе дәретінде қателік болған немесе намазында басқа нәрселерге көңіл бөлген, дүниелік

істермен әуре болған немесе руку мен сәждесінде кемшілік болып, тадил-и әрканға мән бермеген.

Саған пайғамбарымыздан (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) риуаят етілген **«Аллаһу та'ала мойнында қазаға қалған намаз қарызы бар адамның және харам киім [жилбаб] киген адамның намазын қабыл етпейді»** деген хадис шәриф жеткілікті болады. [Бұдан аңғарылғаны, парыз намазды қазаға қалдырған адамдардың сүннеттері мен нәпілдері қабыл болмайды]. Кейбір адамдар «Уә Ибраһими әби», яғни «Ибраһим алейһиссалам – менің атам» дей алмайды. Өйткені бір күні Ибраһим алейһиссалам яһуди немесе насрани деген сөз естіген және осы себептен күмәнге түскен еді. [Яки кәпір болған Азер Ибраһим алейһиссаламның әкесі деген еді]. Оған да әуелгілерге жасалғандай жасалады. Бұлардың бәрі **«Ихия-ул-улум»** атты кітабымызда кеңірек баяндалған.

[Жоғарыдағы хадис шәриф намазын үзірсіз оқымаған және дереу қазасын өтемеген адамның содан кейін оқитын намаздарының ешбірі қабыл болмайтынын білдіруде. Кейін оқыған намаздары шарттарына сай және дұрыс, ықыласпен оқылса, сахих болады, яғни намаз оқу міндеті орындалған, бұлардың күнәсінен құтылған болады. Бұл намаздарының ешқайсысы қабыл болмайды дегені – Аллаһу та'аланың уәде берген сауаптарына қауыша алмайды, олардың пайдасын көре алмайды деген сөз. Бес уақыт намаздың сүннеттері сауап алу үшін оқылады. Ол адамның сүннет намаздары қабыл болмайтындықтан, сүннеттері босқа оқылған болады. Сүннет намаздарының оған еш пайдасы тимейді. Сондықтан парыз намазын үзірсіз оқымаған адам бұл намаздарының дереу қазаларын өтеуі тиіс. Оқымаған намаздарының саны көп болса, сүннеттерді оқығанда сол уақыттың оқылмаған намазының қазасын оқуға ниет ету керек. Осылайша, намазының қазасын өтегендіктен, мұның үлкен азабынан құтылған болады. Қазалары тез бітіп, сүннеттерінің сауабын да ала бастайды. Үзірмен өткізіп алған парыз намаздары ондай емес. Бұл хадис шәриф үзірсіз, жалқаулықпен оқылмаған намаздарға қатысты. Осы тақырыпта **«Саадәти Әбәдия»** кітабының **«Қаза намаздары»** бөлімінде кеңірек мәлімет бар].



## ТӨРТІНШІ ТАҚЫРЫП

Кәпір болғандардан Мүнкәр-Нәкир періштелері «Мән Раббукә?» (Раббың кім?) деп сұрағанда «Лә эдри», яғни «Мен білмеймін» деп жауап береді. Олар «Білмедің, есіңе түсірмедің» дейді.

Кейін оны темір қамшымен сабап, жетінші қабат жердің астына кіргізіп жібереді. Кейін жер сілкініп, оны қайта қабіріне шығарып тастайды. Осылай жеті рет қайталанады. Кейін олардың жағдайлары әртүрлі болады. Кейбірлерінің амалдары ит кейіпіне айналып, қияметке дейін оны қабады. Олар қиямет күніне және ислам хабарлаған мәліметтерге күмән келтірген бейбақтар болады. Қабір халқының басына әртүрлі жағдайлар келеді. Бірақ біз мұнда өте қысқа баяндадық. Қабір азабы негізінде әр адамға дүниеде ең қатты қорыққан нәрсесі арқылы беріледі.

Мысалы, кейбір адамдар жыртқыш жануардан қатты қорқады. Адамдардың жаратылысы бұл тұрғыда әртүрлі. Аллаһу та'аладан саламаттық пен өкінуден бұрын кешіруін тілейміз.

Мәйіттерден көп рет риуаят етілген және олар түске кіріп, жағдайлары сұралғанда жауаптар алынған. Олардың бірінен жағдайы сұралғанда: «Бір күні дәретсіз намаз оқыған едім. Аллаһу та'ала менің басыма бір құртты бәле қылды. Жағдайым өте нашар» деді. [Намаз оқымайтындардың және оқымаған намаздарының қазасын өтемейтіндердің жағдайы қандай болатыны осыдан да аңғарылуға].

Басқа біреу түске кіріп, «Аллаһу та'ала саған қалай мәміле жасады» деген сұраққа: «Бір күні жүніп болып, ғұсыл алмаған едім. Аллаһу та'ала маған оттан киім кигізді. Сол киімде қияметке дейін бір жақтан екінші жаққа аударып, мені азаптап жатыр» деді. [Әр мұсылман ата-ана балаларына ғұсыл алуды үйретуі керек].

Басқа бірі түске кіріп, «Аллаһу та'ала саған қалай мәміле жасады» деген сұраққа: «Мені жуған кісі денемді күштеп аударған кезде тактайдың шегесі денемді сырып жіберген еді. Осыдан қатты қиналдым» деді. Ертеңіне таңертең жуған адамнан сұралғанда «Байқаусызда сондай жағдай болған еді» деді.

Тағы басқа біреу түске кіріп, «Жағдайың қалай, сен өлмеген

бе едің?» деген сұраққа: «Иә, мен жақсы жатырмын, бірақ үстіме топырақ тасталып жатқанда бір тас түсіп, екі сүйегімді сындырды. Бұл мені қатты қинады» деді. Осыған орай қабірі ашылды. Айтқанындай тас түскен екен.

Бір кісі баласының түсіне кіріп, «Ей, жаман бала! Әкеңнің қабірін түзет! Өйткені жаңбыр қинап жатыр» деді. Оның да қабірі ашылды. Су тоғаны сияқты толып тұрғаны байқалды, селден аққан су толтырған еді.

Араб бәдәуилердің бірі риуаят еткен: Баламнан «Аллаһу та'ала сені қалай қарсы алды?» деп сұрадым. «Еш зиян көріп жатқаным жоқ, алайда пәленше күнәхардың қасына жерленгенім үшін оған берілген азаптардан қорқып жатырмын» деді. Көп жағдайларда хабарланған осыларға ұқсас оқиғалардан айқын аңғарылып тұрғаны – қабірде жатқандар қабір азабын тартады. Сондықтан пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) мәйіттің сүйектерін сындыруға тыйым салған және біреудің қабірдің үстінде отырғанын көргенде: **«Мәйітке қабірлерінде жапа шектірмендер»** және **«Тірі адамдар үйлерінде қиыншылық пен азапты қалай сезетін болса, мәйіт те қабірінде солай қиыншылық пен азапты сезеді»** деген.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) анасы хазреті Әминаның қабірін зиярат еткен кезде жылады. Оны көріп, қасындағылар да жылады. Ол былай деді: **«Раббымнан оның кешірілуін тілеуге рұқсат сұрадым. Рұқсат бермеді», кейін «Қабірін зиярат етуге рұқсат сұрадым. Рұқсат берді. Олай болса, сендер де қабірлерді зиярат етіндер! Өйткені қабір зияраты өлімді еске түсіруге себепші».** [Расулуллаһқа ардақты анасы мен әкесін кешіруге кейіннен рұқсат берілді. Онсыз да олар мүмин еді. Кейіннен тіріліп, осы үмбеттен болды.

Бұл хадис шәриф Расулуллаһтың (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) құрметті ата-анасының мүмин болғанын көрсетуде. Өйткені көпірлердің қабірін зиярат етуге тыйым салынған. Олардың қабірлерін зиярат етуге рұқсат берілуі олардың көпір болмағанын айқын көрсетіп тұр. Кешірілу үшін рұқсат берілмеуінің себебі бар еді. Аллаһу та'ала сүйіктісінің құрметіне қадірлі ата-анасын

одан да үлкен ниғметке қауыштыруды қалады. Лайықты деп санаған, тағдырға жазған уақыты келгенде оларды тірілтіп, ұлдарының пайғамбарлардың ең үстемі екенін көрсетіп, Оған иман келтіріп, үмбеті болу құрметіне және сахабалық мәртебесіне қауыштырмақшы болды.

Нишанжы зада Мұхаммед бин Ахмед (рахметуллаһи алейһ) жазған түрік тіліндегі «**Мир'ат-ул-каинат**» кітабының бірінші томы, екі жүз жиырма жетінші бетінде былай жазылған:

Расулуллаһтың (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) қадірлі ата-анасының иман келтіруі туралы ғалымдар әртүрлі үкімдер айтты. 911 [м.1505] жылы қайтыс болған Абдуррахман бин Әби Бәкр Суюти «**Мәсалик-ул-хунәфә**» атты кітабында және басқа көптеген құнды кітаптарында бес түрлі хабар жеткізген:

(Нишанжы зада 1031 [м.1622] жылы қайтыс болды).

1) Олардың екеуі де Расулуллаһтың дінге шақыруынан, яғни би'сәтген бұрын сауатсыздық заманында қайтыс болды. Шафии ғалымдарының бәрінің және Ханафилердің көбінің үкімі бойынша бір пайғамбардың дінін естімеген адамның иман келтіруі қажет болмайды. Өйткені пайғамбардың дінін естімей тұрып ойланып, иманды ақылмен табу қажет емес. Естігеннен кейін Аллаһу та'аланың бар екенін ойлап түсіну, иман келтіру керек болады. Сауатсыздық заманында өткен пайғамбарлар ұмытылған еді. Өйткені ғасырлар бойы кәпірлер, залымдар билікті қолға алып діндерді жойған, дін адамдарын қыспаққа алып, оларға қорлық жасаған, имандылар азайып, жасырынып жүрген, осылайша дінді, иманды білетіндер қалмаған. Әр ғасырда келген залымдар, рухы нашар, опасыз адамдар осылай күш салуда, дін адамдарын, діни білімдерді жою үшін имандыларға қарсы өшпенділікпен жануардай шабуылдауда. Британдықтар мен коммунисттер осындай. Бірақ осы залымдардың ешбірі иманды жоя алмаған, өздері қор болып, өте қиын, нашар жағдайда биліктерінен айрылған, зауықтарына тоя алмай өліп кеткен, есімдері лағнетпен аталған немесе мүлдем ұмытылып кеткен. Аллаһу та'ала пайғамбар немесе ғалым жаратып, иман нұрымен жер бетін жаңадан жарық қылды. Ақылы бар адамдар бұдан ғибрат алып оянуы, дүние мен ахиретте маскара болмау үшін дін дұшпандарына алданбауы керек.

2) Исламнан бұрынғы Жаһилия дәуірінде өмір сүргендер қиямет күні емтихан етіледі, ол жақта иман келтіргендер жәннатқа кіреді, – деген ғалымдар болған, дегенмен бұл сөздің заиф (әлсіз үкім) екендігі **«Мәктубат аудармасы»** кітабында, 259-шы хаттың аудармасында түсіндірілген.

3) Аллаһу та'ала сүйікті пайғамбарының (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) қадірлі ата-анасын тірілтті. Олар өз ұлдарына иман келтіріп, Оған үмбет болу абыройына ие болды, кейін қайтадан қайтыс болды. Имам Суюти (рахметуллаһи алейһ) олардың тірілгенін хабарлаған хадис шәрифті жазған. «Заиф (әлсіз) хадис болса да, көп адам хабар бергендіктен, қуатты болған. Ғалымдардың көбісінің үкімі бойынша, бұл қуатты хадис. Ғибадаттардың қадірін, мұсылманның үстемдігін хабарлайтын заиф хадисті ұстануға болады» деген.

4) Фахруддин Рази және көптеген ғалымдар айтқан, «Тәубе» сүресінің жиырма сегізінші аятында **«Мүшриктер – нәжіс»** делінген. Яғни бүкіл кәпірлер лас. Алайда Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) **«Мен әр уақытта таза әкелерден, таза аналарға өтіп келдім»** деген.

Басқа бір хадис шәрифте: **«Әр ғасырда сол заманның адамдарының ең қайырлыларынан келдім»** делінген. Ал кәпірге қайырлы деп айту жаиз (рұқсат) емес. Сондай-ақ «Шуара» сүресіндегі екі жүз он тоғызыншы аятында: **«Сені сәжде етушілерден өткізеді»** делінген. Бұл жерден бүкіл аталарының, аналарының мүмин болғандығы аңғарылуда. Ибраһим алейһиссаламның әкесі деп аталған Азердің кәпір екендігі Құран кәрімде айтылғанымен, Абдуллаһ ибн Аббас және Имам Мұжаһид «Азер Ибраһим алейһиссаламның көкесі еді» деген. Арабстанда көкеге әке дейді. Хадис шәрифте айтылған: **«Тозақта ең жеңіл азап – Әбу Талибтың азабы»**. Әбу Талибтың азабы – азаптардың ең жеңілі болса, Расулуллаһтың ата-анасы тозақта болғанда еді, азаптың ең жеңілі осы екеуінің азабы болар еді. Бұл хадис шәриф осы тұрғыдан екеуінің де мүмин болғанын көрсетуде.

(Фахруддин Рази 606 [м.1209] жылы Хиратта қайтыс болды.)

5) Ғалымдардың көбі бұл мәселеде әдепке, құрметке қайшы

сөйлему керектігін, «дұрысын Аллаһу та'ала біледі» деп, тілді тыю керектігін жөн көрді. Шәйх-ул-ислам ғұлама Ахмед ибн Камал Паша «Әбәуәйн» рисаласының соңында жазғанындай, «**Өлілерді жамандап, тірілерді ренжіткендер!**» хадис шәрифі және «Тәубе» сүресінің «**Расулуллаһты ренжіткендерді Аллаһ лағнет етсін!**» деген алпыс екінші аяти каримасы бойынша «Расулуллаһтың әкесі тозақта» деген адам малғұн. «**Мир'ат-ул-каинат**» кітабынан үзінді тәмәм болды].

Пайғамбарымыз (aleyһиссалам) бір қабірдің қасына келгенде «**Дүние мен ахирет саламаттығы мүмин-мұсылмандардан осы қабірдегілердің үстіне жаусын. Біз иншааллаһ сендерге қауышамыз. Сендер бізден бұрын көштіңдер. Біз сендерге еріп, кейіннен барамыз. Йа, Раббым! Бізді және осыларды мағфирет ет және кешірімділігіңмен күнәларымызды кеш**» дейтін еді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) қадірлі жұбайларына да (радиаллаһу та'ала анһуннә) қабірді зиярат еткенде осы дұғаны оқуды бұйыратын еді.

Салих Мүзәни (рахимәһуллаһ) айтқан, «Кейбір ғалымдардан «Мазарда намаз оқуға неліктен тыйым салынған?» деп сұрадым. «Бұл туралы хадис шәриф келді» деп хабарлады. «**Сендер қабірлердің арасында намаз оқымаңдар. Өйткені бұл соңы болмаған қайғы-қасірет**». Яғни өкінесіндер деген хадис шәрифті оқыды». [Исмаил Мүзәни – Имам Шафиидың шәкірті еді. 264 [м.878] жылы Мысырда қайтыс болды].

Осы себептен нәжіс бар жерде, мысалы мазарда және моншада намаз оқу мәкрух болады.

Бір кісіден риуаят етілген. «Бір күні қабірлердің арасында намаз оқыдым. Күн өте ыстық еді. Бірден атама ұқсайтын біреуді қабірінің үстінде отырғанын байқадым. Қорыққанымнан намаздың сәждесін жасай алмадым. «Жер бетінің кеңдігі саған тар болып, осы жерді таптың ба? Намазыңмен біраз уақыттан бері бізді қинайсың» дегенін естідім».

Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) бір жетімді кездестірді. Әкесінің қабірінің басында айқайлап жылап отырған еді. Ол жетімге жаны ашып, өзі де жылады. Кейін «**Өлі әрине**

**жақындарының айқайлап жылауы себебінен азапталады. Яғни қайғы мен қасірет келеді» деді.**

Қаншама өлліер бар, түске кіріп, сұрақ қойған адамға «Жағдайым өте нашар. Пәленшелерден қорлық көріп жатырмын. Олардың артымнан қатты жылап, айқайлағаны мені қинап жатыр» деп хабар бергені болған. Алайда дүмшелер [қысқа ақылдарына сүйеніп] мұны жоққа шығаруда.

Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уәсәлләм): **«Араларынан біреуің қайтыс болған таныстарыңның қабіріне барып, сәлем берсеңдер, ол мүмин сендерді танып, сәлемдеріңе жауап береді»** деген.

Тағы осы сияқты, пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) мәйітті жерлеуден қайтқанда **«Өлі кісі қадамдардың дауысын естиді және «естимін, естимін» деп қайғырғанын айтады»** деген.

Фикһ ғалымдарынан (рахимә-һуллаһу таала) риуаят етілуінше, бір кісі өсиет етпей қайтыс болды. Кейін түнде бала-шағасының түсіне кіріп «Пәленшеге осыншама бидай беріңдер. Пәленшеден аманатқа алған кітабымды қайтарыңдар» деді. Таңертең бәрі бір-біріне көрген түстерін айтып берді. Бидайды айтқан адамына берді. Бірақ кітапты іздеп таба алмады. Бұған таң қалды. Біраз уақыттан кейін кітапты үйдің бір бұрышынан тауып алды.

Бір кісіден риуаят етілген: «Әкем бізге тәрбиеші тағайындаған еді. Ол бізге үйде жазуды үйрететін. Ол кісі қайтыс болды. Алты күннен кейін қабіріне бардық. Аллаһу та'аланың әмірін ойлап отырған едік, қасымыздан бір табак інжір көтеріп біреу өтіп бара жатты. Інжірді сатып алдық та бәріміз жедік. Дәнектерін сол жерге тастадық. Сол түні біздің ұстазымыз әкеміздің түсіне кіріп, «Жағдайың қалай?» деген сұраққа «Жағдайым жақсы. Бірақ балаларың қабірімді күл-қоқысқа айналдырды. Жаман сөздер айтты» деді. Әкем бізден мән-жайды сұрады. Біз «Субханаллаһ! Бізді дүниеде тәрбиеледі, ахиретке кеткен болса да, тағы тәртіпке шақырып жатыр» деп таң қалдық». Осы сияқты оқиғалар өте көп. Алайда осыншалықты уағыз бен насихатты жеткілікті деп санадым, аз сөзден көп ғибрат аларсың.

## БЕСІНШІ ТАҚЫРЫП

Қабірде өлілер төрт жағдайда болады. Кейбірлері өкшелерінің үстінде отырады. Көздері айналып, денесі ісіп, тәні топыраққа айналғанға дейін осы жағдайда қалады. Кейін рухы дүние аспанынан басқа мәләкут әлемінде жүреді.

Кейбірлеріне Аллаһу та'ала сондай бір ұйқы береді. Бірінші сур үрленгенге дейін не болғанын білмейді. Бірінші сурда оянады, кейін қайтадан өледі.

Кейбірлері қабірінде екі немесе үш айдай болады. Кейін рухы жәннат құсына мініп, құс оны жәннатқа дейін ұшырады. Бұларды хабарлаған хадис шәрифтер сахих. Ислам дінінің иесі (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) айтқан: **«Мүминнің рухы құспен бірге. Жәннат ағаштарының біріне асылып тұр».**

Осы сияқты шәһидтердің рухтары туралы сұралғанда: **«Шәһидтердің рухтары жасыл құстардың құрсақтарында жәннат ағаштарында ілініп тұрады»** деді.

Кейбір адамдар қалаған кезінде тұрған жерлерінен биікке көтеріледі. Ал кейбірлері сур үрленгенге дейін сонда қалады.

**Төртінші түр** – пайғамбарлар мен әулиелерге тән. Олардың кейбірлері қияметке дейін ұшады, көбісі түнде көрінеді. Мен Әбу Бәкір Сыддық пен Омар-ул-Фарукты (радиаллаһу та'ала аһ) осылардан деп сенемін.

Расулуллаһтың (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) үш әлемде де (Әлеми насут, Әлеми мәләкут, Әлеми жәбәрут) кезуге еркі бар. Осындай екенін ескерту және хабарлау үшін бір күні пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм): **«Аллаһу та'ала мені үштен артық жер бетінде қалдырмауын Одан сұраймын»** деді. Шынымен де, үш он жылдық, яғни отыз жыл өткенде хазреті Әли Расулуллаһтан отыз жыл кейін [қырық бірінші жылы] шәһид етілгенде, хазреті пайғамбар жер халқына ренжіді. Мүбәрәк рухы толықтай аспанға көтерілді.

Мұны кейбір салихтар түсінде көрді.

(Өйткені шайтан барлық нәрсенің кейіпіне енеді. Бірақ пайғамбар-

лардың көрінісін ала алмайды. Сондықтан пайғамбарымыз (aleyһиссалам) түске кіргенде, әлбетте, сахих және дұрыс болады. Осы тұрғыда бұл түстер бізге дәлел болады).

Бір кісі айтқан: «Йа, Расулаллаһ! Ата-анам сізге пида болсын! Үмбетіңіздің фитналарын көрмейсіз бе?» Хазреті пайғамбар (саллаллаһу алейһи уәсәлләм): «**Аллаһу та'ала әлі фитналарын арттырады. Олар хазреті Хусейнді де шәһид етті. Маған деген құрметті сақтай алмады**» деді. Көбірек айтылған болса да, басқаларында риуаят етушілердің күмәндары бар болғандықтан, тәрк етілді.

Олардың кейбірі (Ибраһим алейһиссалам сияқты) жетінші қабат аспанды өтіп, сол жерде қалады. Пайғамбарымыз (aleyһиссалам) миғраж түні Ибраһим алейһиссаламмен жолықты. Оның Бәйти мамурға сүйеніп отырып, мұсылман балаларына сол жерден ашумен назар салып тұрғанын көрді.

Иса алейһиссалам бесінші қабат аспанда. Әр аспанда Расулдар мен Нәбилер (aleyһимуссалам) бар, ол жақтан шықпайды, кетпейді. Қияметке дейін сол жақта қалады. Олардың арасынан қалаған жеріне бару еркіне ие болғандары тек қана хазреті Ибраһим, хазреті Мұса, хазреті Иса (aleyһимуссалам) мен хазреті Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу алейһи уәсәлләм). Олар үш әлемдегі қалаған жеріне бара алады.

Әулиелердің кейбірлері қиямет күніне дейін бір жерде тоқтап тұрады. Мысалы, Баязид Бистамидің (рахметуллаһу та'ала) Арш астындағы дастарханнан тамақ жеуде екендігі риуаят етілген.

Қабірдегілердің жағдайлары осы төрт түрде болады. Яғни азапталады, мейірім көреді, қорланады, сый-сияпат көреді.

Әулиелер (рахимаһумуллаһу та'ала) арасында сондайлары бар, олар өлім жағдайындағы адамға қадалып қарайды. Жан таласып жатқан адамға кең жерлер тар болады, немесе көбінесе ашылып кеңейеді. Әулиелер сол жағдайды көріп хабар береді. Мен осылай өлім ауызындағы адамның халінен хабар тауып айтқан кісіні көрдім.

Кейбір достарымды көрдім, көкірек көзінен перде алынып, өлген баланың үйіне кіргенін көрді. Бұл батыни (жасырын) пайдалар,



сыйлар тек қана кәрім немесе нәсіп, мүбәрәк болған адамдарға берілген.

Қабірдегілердің кейбірлері жұма мен айт мейрамдарын біледі. Бір адам өмірден озса, дереу соның айналасына жиналады. Оны таниды. Біреулер өз әйелі жайлы сұраса, біреулер әкесі жайлы сұрайды. Әркім жаңа өлген кісінің рухынан өзіне қатысты адамдар, нәрселер жайлы сұрап біледі.

Көптеген өлілер ана дүниеде таныстарынан ертерек өлгендердің кейбірлерін кездестіре алмайды. Өйткені таныс адамы дүниеде ие болған иман құндылығынан өлім ауызында айрылып қалған еді. Осы себептен кейбір адамдар яһуди болып, тағы кейбірлері христиан болып өледі де, солардың арасына кетеді. Бір адам өмірден озып, ана дүниеге барғанда мәйіттер одан дүниедегі көршілерін сұрап, «Пәленше қайда?» дейді. «Оның өлгеніне көп болды ғой» дегенде «Біз оны көрмедік, мұнда келмеді, бәлкім ол «Хауия» тозағына кеткен болар» дейді.

Бір адам түске кіріп «Аллаһу та'ала сені қалай қарсы алды?» деген сұраққа «Мен және пәленше, түгенше деп достарынан бес кісіні атап, бәріміз көп қайыр мен ниғметтерге бөлендік» деп жауап берген.

Алайда оны достарымен бірге харижилер, яғни «Йәзиди» деп аталатын адасқандар өлтірген еді. Көршісі туралы сұралғанда «Біз оны көрмедік» деді. Алайда ол кісі де өз өміріне қиып, өзін теңізге тастап, қайтыс болған еді. Ант етіп айтты: «Уаллаһи, мен оны өзіне қол жұмсағандармен бірге деп ойлаймын».

Расуллалаһ (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) айтқан: **«Кімде-кім өз-өзін бір темірмен өлтірсе, қиямет күні сол темір қолында қарнын ұрып келеді. Ол тозақта мәңгі қалады. Сондай-ақ, кімде-кім таудан секіріп өзін-өзі өлтірсе, өзін тозақ отына тастайды».**

Әйел кісі де осылай істеп, өзіне қол жұмсаса, соның азабын сур үрленгенге дейін тартады. [Бұл хадис шәриф дүниенің қиыншылықтарынан құтылып, рахаттыққа бөлену үшін өзіне қол жұмсағандарға қатысты айтылған. Өйткені солай ойлау ахирет азабын жоққа шығару болып саналады да, күпірге жатады. Есі

ауысып өзіне қол жұмсағандар немесе қол жұмсағанымен бірден өлмей, тәубе еткен болса, кәпір болмайды]. Сахих хабарда бізге келді, Адам алейһиссалам Мұса алейһиссаламмен жолықты. Мұса алейһиссалам оған айтты: «Сен – Аллаһу та'ала құдіретімен жаратып, рух берген адамсың. Сені жәннатына кіргізді. Неліктен Оған қарсы шықтың?» Адам алейһиссалам жауап берді: «Ей, Мұса! Аллаһу та'ала сенімен сөйлесті және саған Тәуратты түсірді. Тәуратта «Раббының алдында Адамнан зәллә (қателік) кетті» деп жазылғанын көрмедің бе?» деді. Мұса алейһиссалам «Иә, көрдім» дегенінде хазреті Адам: «Мен мұны істемей жатып қанша жыл бұрын тағдырға жазылған» деді. Мұса алейһиссалам «Сен істемей тұрып елу мың жыл бұрын тағдырға жазылды» дегенде хазреті Адам «Олай болса, ей, Мұса, мені істеуімнен елу мың жыл бұрын тағдырға жазылған күнәмен айыптап, кінәлап жатырсың ба?» деді.

[Осындай әңгімелері «Саадәти Әбәдия» кітабының екінші томының елуінші бөлімінде кеңірек жазылған. Адам алейһиссаламның осы жауабының «Бұл әрекетті қалауымды Аллаһу та'ала ежелден білгенін Тәураттан оқыған болсаң да және осы істен келетін әртүрлі пайдаларды білген болсаң да мені айыптауың саған жараспайды» деген мағынада екендігі «Саадәти Әбәдия» кітабында кеңінен түсіндіріліп жазылған].

Сахих болған хадис шәрифте хабар берілді: Расулұллаһ (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) миғраж түнінде пайғамбарлармен (aleyһимуссалауату уәттәслимат) бірге екі рәкат намаз оқыды. Харун алейһиссаламға сәлем берді. Харун алейһиссалам пайғамбарымызға және үмбетіне қамқорлықпен дұға етті.

Идрис алейһиссаламға да сәлем берді, ол да пайғамбарымызға (aleyһиссалауату уәсәлләм) және үмбетіне қамқорлықпен дұға етті. Алайда Харун алейһиссалам пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) пайғамбарлығы білдірілмей тұрып қайтыс болған еді.

Оның мүбәрәк рухы көрінді. Ол өмір – рухани өмір еді.

Қазіргі дүниедегі өмірден кейін тағы үшінші өмір бар. Бірінші өміріміз, яғни тірілу – Аллаһу та'ала барлығымызды Адам алейһиссаламның белінен шығарып, шаһадат (қуәлік) еткізген

және «**Мен сендердің Раббыларың емеспін бе?**» деген кезде «Иә, біз қабыл еттік. Сен біздің Раббымызсың. Йә, Рабби» деген «**Мисак**» уақыты. Екіншісі, дүниедегі өміріміз, алайда бұған қатты мән берілмейді. Өйткені бұл өмір адамның ниғметтелуіне себеп болған өткінші және тез бітетін өмір.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) «**Адамдар ұйқыда, өлген кезде оянады**» деген. Бұл хадис шәриф үшінші өмірді, яғни қабір өмірінен хабар беруде.

Қабір өміріндегі жағдайлар – мәйіттердің ақиқаттары, сипаттары баршаға мәлім болған кездегі жағдайлар. Мәйіттердің кейбірлері өз орнында қалады. Кейбірлері қыдырады. Кейбірлері соққы жейді. Кейбірлері ауыр азап шегеді. Мұның дұрыстығының дәлелі «Мүмин» сүресінің «**От-алау күнәхарларды танерген және кешке қоршап алады. Қиямет күнінде тозақта міндет атқаратын періштелерге Перғауынға еріп кеткендерді азаптың ең ауыр жеріне тастандар**» деген қырық алтыншы аяти каримасы.

## АЛТЫНШЫ ТАҚЫРЫП

Аллаһу та'ала Сур үрленгеннен кейін қияметтің басталуын қалаған кезде таулар ұшып, бұлт сияқты ауада жүзе бастайды. Теңіздердің кейбірлері басқаларына таси бастайды. Күннің жарығы кетіп, қап-қара болады. Таулар шаңға айналады. Өлемдер бір-бірімен араласып кетеді. Жұлдыздар тізіліп тұрған інжу-маржан үзілгендей бытырайды. Аспан майдай еріп, диірменге түскендей қатты айналады. Кейде жиналып, кейде түп-түзу болады. Аллаһу та'ала аспанға бөлшектен деп бұйырады. Жеті қабат жерде және жеті қабат аспанда әрі күрсиде бірде-бір тірі жан қалмайды. Барлық жанды өледі, егер рухани жаратылыс болса, рухын жоғалтады. Бүкіл жаратылыс және болмыс ажал құшады. Жер бетінде бірде-бір бүтін нәрсе қалмай, жермен-жексен болады. Аспандарда мүлдем жанды қалмайды.

Аллаһу та'ала илаһ (құдайлық) мақамында көрініс беріп, жеті қабат аспанды оң құдіретіне және жеті қабат жерді сол құдіретіне алып былай дейді: «**Ей, қадірсіз дүние! Сенің ішінде құдаймын**

деп жар салғандар және ақымақтар құдай деп табынған сорлы бейшаралар қайда? Көздеріне өзіңді әсем-көркем секілді көрініп алдаған және ахиретті ұмыттырған адамдарың қайда?» Содан соң қаһарымен жойып жоқ қылатын қуаты және хикметін әлемдерге көрсетіп, «Мүмин» сүресінде айтылғанындай «Мүлік кімдікі?» деп сұрайды. Жауап беретін бірде бір жан қалмаған болады. Қаһһар болған Аллаһу та'ала өз-өзіне «**Уахид және Қаһһар болған Аллаһу та'аланикі**» деп жауап береді.

Одан кейін әуелгісінен үлкенірек ирада және илаһи күдірет көрініс береді. «**Мен азимуш-шан және Мәлик-у дәййанмын** [яғни қиямет күнінің жалғыз иесімін]. **Мен берген ризықты жеп, маған серік қосқандар және менен басқа пұттарға табынғандар қайда? Мен берген ризықпен күш-қуат жинап, бұйрықтарыма қарсы шыққан зомбы залымдар қайда? Тәкәппарлар мен мақтаншақтар қайда? Енді мүлік кімдікі?»** дейді. Бұған да жауап беретін ешкім болмайды. Аллаһ субханаһу уә та'ала өзі қалаған белгілі бір уақыт күтеді, әлемдер терең үнсіздікке батқан болады. Ол кезде Арши аъладан ахадият мақамына дейін ешбір ақыл иесі, көзге көрінетін жан болмайды. Өйткені Аллаһу та'ала тіпті жәннаттардағы хури мен ғылмандардың жандарын да алған болады.

Кейін Аллаһу та'ала тозақ шұңқырларының бірі Сақардан бір есік ашады. Ол жақтан от лапылдап шығады. Бұл от барлық нәрсені өртеп, он төрт теңізді құрғатып, жер бетін қап-қара қылады және аспанды сары зәйтүн майы немесе балқыған мысқа ұқсас жағдайға түсіреді. Кейін оттың алауы аспанға жақындағанда Аллаһу та'ала сондай қаһарлы және қорқынышты түрде оны тоқтатқанынан от толығымен сөніп қалып, ешқандай ізі қалмайды.

Бұдан кейін Аллаһу та'ала Арштың қазыналарының бірін ашады. Онда өмір теңізі болады. Бұл теңіз Аллаһу та'аланың әмірімен жер бетіне қатты жаңбыр жаудырады. Жаңбыр тоқтамай жауып, жер беті қырық аршын шамасында суға батады. Сонда топыраққа айналып кеткен адамдар мен жануарлар өсімдіктей өсіп шыға бастайды. Өйткені хадис шәрифте айтылған: «**Адам құйымшақ сүйегінен жаратылған. Кейін қайтадан содан жаратылады.**».

Басқа бір хадис шәрифте: **«Адамның бүкіл денесі шіриді. Бірақ құйымшақ сүйегі шірімейді. Адам содан шыққан еді. Кейін қайта содан өніп шығады»** делінген. [Құйымшақ – омыртқаның соңғы сүйегі]. Өзі ноқаттай-ақ болып, ішінде жілік майы жоқ.

Жандылар және олардың барлық мүшелері мазарларынан жасыл шөптей өсіп шығады. Әрқайсысы сол сүйектен өнеді. Кейбір адамдар басқаларына өрмекшінің ауындай оратылып тұрады, біреудің басы басқа біреудің иығында, біреудің қолы басқа біреудің арқасында тұрып, адамның көптігінен осылай шиеленіседі. Аллаһу та'ала «Қаф» сүресінің төртінші аятында: **«Шынында біз білеміз, жер олардың ешбірін нұқсан қылмайды. Өйткені біздің дәрегейімізде махфуз (сақтаулы) кітап бар. Яғни біз жаратқандарымыздың бәрін білеміз»** делінген.

Бұл тірілу үдерісі аяқталғанда есеп бойынша сәбилер сәби, қарттар қарт, ересектер ересек күйінде болады. Жігіт болғандар жігіт болып тіріледі. Яғни адам фәни (өткінші) әлем болған дүниеден бақи (мәңгі) болған ахиретке өткен кезде, яғни өлгенде қандай күйде болса, дәл сол көріністе тіріледі. Аллаһу та'ала Арштың астында бір жеңіл самал ескізеді. Бұл самал жел жер бетін толықтай қаптайды. Жер беті шаң сияқты майда құм күйіне енеді.

Бұдан кейін Аллаһу та'ала Исафил алейһиссаламды тірілтеді. Құдыс қаласындағы мүбәрәк тастың үстіне шығып, сурды үрлейді. Сур – нұрдан жасалған мүйіздей жаратылыс, он төрт бөлшектен тұрады. Бір бөлшегінде құрлықтағы жануарлардың санындай тесіктері бар. Құрлықтағы хайуанаттың рухтары солардан шығады. Араның дауысындай дыбыстар естіледі. Жер мен көк арасын толтырады. Кейін әрбір рух өз денесіне кіреді. Аллаһ (субханаһу уә та'ала) оларға өз денелерін аян беру арқылы білдіреді. Тіпті тауда өлген, жыртқыш аңдар мен құстар жеген адамдардың рухтары да өз денелерін тауып барып кіреді. Расында, Аллаһу та'ала «Зумәр» сүресінің алпыс екінші аятында: **«Қияметтің жоқ қылушы сурынан кейін екінші сур үрленеді. Бұл дауысқа барша адамзат бағынады. Осы әмірмен орындарынан тұрып, дайын болады»** деген.

Адамдар қабірлерінен және жанып күл болғандары шіріген жерлерінен тұрған кездерінде таулардың сабалған мақтадай болғанын, теңіздердің құрғап қалғанын, ал жер бетінің қыр-сай ештеңе қалмай, қағаз парағындай теп-тегіс болғанын көреді. Адамдар қабірлерінен шығып отырған кезде жалаңаш болып, айналасына таңқалып, уайымдап қарайды. Өйткені пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) сахих болған хадисте: **«Адамдар киімсіз, бәрі жалаңаш және сүндеттелмеген күйде тіріледі»** деген. Бірақ бөтен елде киімсіз қайтыс болған болса, оларға жәннаттан киім беріліп киіндіреді. Шәһидтердің және сүннети сәнияны [яғни ислам үкімдерін] ұстанып қайтыс болғандардың инедей киімсіз жалаңаштанған жері қалмайды. Өйткені пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм): **«Ей, үмбетім және сахабаларым! Сендер өлілеріңнің кебінін жақсылап, мол ораңдар! Себебі менің үмбетім кебіндерімен тіріледі. Ал басқа үмбеттер жалаңаш»** деді. Бұл хадис шәрифті Әбу Суфьян (радиаллаһу аһ) риуаят етті. Тағы пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) айтқан: **«Өлілер кебіндеріне оралған күйде тіріледі»**.

Бір ауру адам өлім жағдайына келгенде, «Маған пәлен киімімді кигізіңдер» дегенін естідім. Сұраған киімін ешкім кигізбеді. Үстіндегі қысқа көйлегімен қайтыс болды. Басқа кебін де табылмады. Бірнеше күннен кейін ол түске кірді, қайғылы еді. «Не болды саған?» деген сұраққа: «Маған сұраған киімімді кигізбедіңдер. Мені мына қысқа көйлекпен тірілуге мәжбүр етіп тастап қойдыңдар» деді.

## **ЖЕТІНШІ ТАҚЫРЫП**

**Бұл тақырып екі сурдың арасындағы кідірісті баяндауда**

Сурдың бірінші үрленуіндегі өлім – екінші өлім. Өйткені бұл өлім ішкі сезімдерді де кетіреді, жоқ қылады. Ал бірінші өлім тек қана [сөйлеу, есту, дәм білу секілді] сыртқы сезімдерді жоқ қылған еді. Ол кезде кейбір мәйіттер әрекет ететін еді. [Пайғамбарлардың қабірлерінде намаз оқитындығын хабарлаған хадис шәриф – мұның

айқын дәлелі. Бұған адасқан топтағы адамдар сенбейді]. Ал екінші өлімнен кейін намаз оқи алмайды, ораза ұстай алмайды, ғибадат жасай алмайды. Аллаһу та'ала бір жерге періште қойса, ол әлбетте сол жерде тұрар еді. Өйткені періште де өз әлемінде қалуға құштар. Нәпіс [яғни рух] – бөлшектерден құралмаған, жай болмыс. Егер денеде болса, сезінуге және әрекет етуге себепші болады. Ғалымдар осы екі сурдың арасындағы өлім уақытына қатысты әртүрлі пікір білдірген. Көп ғалымдардың үкімі бойынша бұл қырық жылдық мерзім.

Білім мен марифетте кәміл екеніне сенген бір адамым хабар беріп «Мұны Аллаһтан басқа ешкім білмейді. Бұл Аллаһтың сырларынан» деді. Тағы маған хабар берді: «**Илла мән ша Аллаһ**» аяти каримасындағы ерекшелік – Аллаһу та'аланың өзі» деді. Мен жауап ретінде оған: «Хазреті пайғамбар алейһиссаламның **«Қиямет күнінде ең алғаш менің қабірім ашылады. Ол кезде бауырым Мұса алейһиссаламды Арштың аяғына жабысқанын көремін. Менен бұрын тірілді ме, әлде Аллаһу та'аланың ерекшелік жасаған құлдарынан ба, білмеймін»** деген хадис шәрифінің мағынасы қандай?» деп сұрадым.

Біздің түсінгеніміз бойынша, егер денесіз болып, Мұса алейһиссаламның рухы дене күйінде көрінген болса, бұл хадис шәрифке қайшы емес және хазреті пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) ерекше жағдайынан кейін әмри фәзада, яғни қорқынышты, үрейлі уақытында болса да сондай. Өйткені барлық жанды ол кезде қорқу мен үрейде болады. Яғни бірінші сур үрленген кезде адамды қорқыныш басады және бірден қайтыс болып кетеді. Екінші сурға дейін сол жағдайда қалады. Сол уақытта барлық жаратылыста дене, тән сияқты ештеңе болмайды. Хазреті пайғамбарға жердің жарылу уақыты осы уақыт.

Расында Каб-ул-ахбар (рахметуллаһи алейһ) хазреті Омардың (радиаллаһу аһ) мәжілісінде осы жағдайдың қорқынышы мен ауыртпалығынан хабар берген кезінде айтты: «Йа, Хаттаб ұлы! Бұл уақытта жетпіс пайғамбардың амалын жасаған болсаң да, менің ойымша сен құтыла алмайсың, бұл қиындық пен азаптан Аллаһу та'аланың сыйлаған адамдары ғана құтылады. Олар –

төртінші қабат аспандағы адамдар». Күмәнсіз, Мұса алейһиссалам солардан. Аллаһу та'аланың ерекшелік жасап сыйлауы **«Бүгін мүлік кімдікі?»** деген сұрағынан бұрын болады. Егер әмір етілген кезде адам бар болса, Аллаһу та'аланың **«Лимән-ил-мүлк-ул-йәум»** сұрағына жауап беріп, міндетті түрде «Ей, Уахид, ей, Қаһһар болған Аллаһым, әлбетте сеніңкі» дейтін еді.

## СЕГІЗІНШІ ТАҚЫРЫП

Әрбір адам өз қабірінің үстіне шығып, кейбірлері жалаңаш, кейбірлері қара киімді, кейбірлері ақ киімді, кейбірлері нұр шашып тұрған күйде отырады. Әрбірі басын иіп, не істерін білмей, мың жылдай отырады. Кейін батыстан от шығып, соның гүрілімен халық махшар алаңына айдалады. Бұл уақытта барлық жаратылыс үрейге түседі. Адамды да, жынды да, жабайы жануарды да, бәрін өз істеген амалы алып, «Тұр, махшарға бар» дейді.

Амалдары жақсы болған адамның амалы есек, ал кейбірлерініңкі қашыр кейіпінде көрінеді. Амал өз иесін үстіне мінгізіп, махшарға алып барады. Кейбірлердікі қошқар кейіпінде көрінеді. Кейбір жағдайда амал иесін үстіне мінгізіп апарады, кейде тастап кетеді. Әр мүминнің нұры болады, алдына және оң жағына сол кездегі қараңғылықта жан-жаққа жарық шашады.

Сол жақтарында нұр болмайды. Бәлкім, қараңғыда ешкім ештеңе көре алмайды. Ол қараңғылықта кәпірлер не істерін білмей қалады. Имандарында күмәні мен күдігі бар адамдар [және бидғатшылар, мазһабсыздар] сасып қалады. Әһли сүннет ғалымдарының (рахметуллаһи алейһим әжмаин) көрсеткеніне сай дұрыс сенген [сүнни] мүминдер олардың қараңғылығы мен сасқанына қарап, Аллаһу та'аланың өздеріне хидаят нұрын бергеніне шүкіршілік етеді. Өйткені Аллаһу та'ала мүминдерге азапталып жатқан шакилардың (тозақтықтардың) жағдайларын көрсетеді, мұнда көп хикмет бар. Расында, жәннаттықтар мен тозақтықтар не істеген болса, бәрі мәлім болады. Сондықтан, Аллаһу та'ала сол уақыттағы адамның жағдайы жайлы **«Досына назар салды. Оны тозақ отында көрді»** деген. «Араф» сүресінің қырық жетінші аятында:



**«Тозақ халқына қараған кезде жәннаттықтар: Ей, Раббымыз! Бізді залым қауымдармен бірге қылма дейді»** деген. Себебі төрт нәрсе бар, қадірін, маңызын тек төрт адам ғана біледі:

Өмірдің қадірін тек қана өлі біледі. Ниғметтің қадірін қиналып жүрген біледі. Байлықтың қадірін кедей біледі. (Бұл жерде төртіншісі жазылмаған. Бірақ жәннат халқының қадірін тозақ халқы біледі делінген).

Кейбірлерінің нұры екі аяғында және саусақтарының ұшында ғана көрінеді. Кейбірлерінің нұры бір жарқырап, бір сөніп тұрады. Олардың нұрлары имандары шамасында. Қабірлерінен тұрған кездерінде әрекеттері де амалдары шамасында.

Сахих болған хадис шәрифте пайғамбарымыздан (саллаллаһу алейһи уәсәлләм): «Йа, Расулаллаһ! Біз қалай тірілеміз?» деп сұралғанда Ол жауап ретінде: **«Екі кісі бір түйенің үстінде, бес кісі және он кісі бір түйенің үстінде тіріледі»** деген.

Аллаһу та'ала біледі, бұл хадис шәрифтің мағынасы: «Бір қауым Исламда бір-біріне көмектесіп, дінді, иманды, халал-харамды бір-біріне үйретсе, Аллаһу та'ала оларға мейірім етеді. Олардың амалынан түйе жаратады да, олар соның үстіне мінеді. Солай тіріледі» деген сөз. Ал бұл жағдай амалдың әлсіз болуынан. Өйткені олардың өз амалдары бір түйе бола алмағандығынан, тек бірнешеуінің амалдары бір түйе болуда және ортақ саналуда.

Олар мына адамдарға ұқсайды: Сапарға шыққан. Бірақ ешкімнің жануар сатып алуға уақыты болмағандықтан, жануар сатып алатын жерлеріне бара алмайды. Олардан екі немесе үш кісі бір жануар сатып алып, жолда оған бірге мінеді. Бұл жолда кейде бір түйеге он кісі мінеді. Бұл жағдай әлсіз амалдары салдарынан. Мұның мағынасы, мүлікті қолында қысып ұстау. Яғни сараң болу. Сонымен қатар, олар да саламаттыққа шығарылады. Олай болса, бір амал істе, сол амалдың себебімен Аллаһу та'ала саған көлік жануар нәсіп етсін.

Мынаны біліп алу керек, бұл адамдар ахирет саудасында пайда көріп, табыс тапқандар. Бұл жағдайда Аллаһу та'аладан қорыққандар, Аллаһу та'аланың дінін жайғандар – мінушілер. Сондықтан Аллаһу та'ала «Мәриәм» сүресіндегі сексен бесінші аятында:

**«Аллаһу та'аладан қорыққандар сол күні Раббыларының ниғметтеріне бірлесіп барады» деген.**

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) бір күні сахабаларына айтты: **«Бәни Исраилда бір кісі бар еді. Көп қайырымдылық жасайтын. Ол кісі сендердің араларында тіріледі».** Сонда Асхаби кирам сұрады: **«Йә, Расулаллаһ! Ол кісі қандай қайырымдылық жасады?»** Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) жауап берді: **«Оған әкесінен көп мал-мүлік қалған еді. Сол мүліктен бір егістік жер сатып алып, оны кедейлерге арнады. «Раббымның алдына барған кезімде ол менің бақшам болады» деді. Тағы көп алтын ажыратып, оны кедейлер мен мұқтаждарға берді. «Мұнымен Аллаһу та'аладан күн мен құл сатып аламын» деді. Тағы көптеген құлдарды азат етіп, «Олар Аллаһу та'аланың алдында менің қызметшілерім болады» деді. Бір күні бір соқыр кісімен кездесіп қалды. Бір жүріп, бір құлап қиналғанын көрді. Оған мінетін жануар сатып алып, «Бұл – Аллаһу та'аланың алдында менің мінетін көлігім» деді».**

Пайғамбарымыз бұл хикаяны айтып болғаннан соң: **«Нәпсім күдіретінде болған Аллаһу та'алаға ант етемін, сол жануардың ол үшін жүгенделіп дайын тұрғанын көріп тұрмын. Бұл кісі оған мініп, махшарға солай барады» деді.**

**«Сырат мұстақим үстінде жүрген адам мен көздері соқыр бетін жерге сүйретіп жүрген жолын білмейтін адам тең бе?»** деген «Мүлк» сүресінің жиырма екінші аяти каримасының тәфсирінде жазылғанындай, Аллаһу та'ала қиямет күнінде мүминдердің тірілуі мен кәпірлердің тірілуіне осы аяти кариманы мысал қылды.

Расында, «Мәриәм» сүресінің сексен алтыншы аяти каримасында: **«Кәпірлерді беттерін жерге сүйреп тозаққа жібереміз»** делінген. Бұл мағына «кейде жүреді, кейде сүрінеді» деген сөз. Өйткені Аллаһу та'ала басқа бір аяти каримада **«Жүреді»** деген. «Нұр» сүресінің жиырма төртінші аятында: **«Және не істегендерін тілдері, қолдары және аяқтары хабарлайды»** деген. Осы сияқты аяти каримадағы «Соқыр болып» дегеннің мағынасы «кәпірлер мүминдердің алдында және оң жағында жарқыраған нұрдан мақрұм қалады» деген сөз. «Толықтай соқыр болады» деген сөз емес. Яғни

«қараңғыда қалады, көре алмайды» деген сөз. Өйткені, біз білеміз, кәпірлер аспанға қарайды, бұлтпен жарылғанын, періштелердің түскенін, таулардың орнынан қозғалып жаншылғанын, жұлдыздардың төгілгенін көреді.

Қиямет күнінің қорқыныштары **«Бұл Құран кәрім сиқыр ма? Немесе сендер оны көре алмайсыңдар»** деген «Тур» сүресінің он бесінші аяти каримасының тәфсирі. Сондықтан қияметтегі соқырлықтың мағынасы – қараңғылықта қалу. Және Аллаһу та'аланың жамалын (дидарын) көруге тыйым салыну. Өйткені Аллаһу та'аланың нұрымен махшар алаңы жап-жарық болады. Алайда ол кезде олардың көздерін перде жауып, бұл нұрдан ештеңе көре алмайды.

Аллаһу та'ала олардың құлақтарын да перделейді. Кәламуллаһты (Аллаһу та'аланың сөздерін) естімейді. Ол кезде періштелер: **«Қазір сендерге қорқыныш жоқ. Сендер тіпті мұңаймайсыңдар да. Сендер және әйелдерің жәннатқа қуанып кірдіңдер»** деген «Араф» сүресінің қырық тоғызыншы және «Зухруф» сүресінің жетпісінші аяттары арқылы үндеу салады. Мүминдер мұны естиді, ал кәпірлер естімейді.

Кәпірлерге сөйлеуге де тыйым салынады. Олар тілсіз сияқты үнсіз қалады. Бұл Аллаһу та'аланың **«Бұл сондай бір уақыт, олар сөйлей алмайды және сөйлеуге тіпті рұқсат та берілмейді»** деген «Мүрсәләт» сүресінің отыз бесінші және отыз алтыншы аяти карималарынан аңғарылуда.

Адамдар дүниедегі амалдарына қарай тіріледі. Кейбірлері сазды аспап тартып және тыңдап уақытын өткізген. [Музыкалық аспаптардың барлық түрі айтылуда. Ғибадаттарды, Құран кәрім мен зікір оқуды сазды аспаппен орындау да бұған тиесілі. Өйткені ешбір сазды аспапта Аллаһу та'аланың разылығы жоқ]. Өмірлерінде сазды аспап тартып, тыңдап жүргендер қабірінен тұрған кезде оң қолымен оны алып лақтырады. Сөйтіп сазды аспапқа айтады **«Саған лағнет болсын! Мені Аллаһу та'алаға зікір студен мақрұм қалдырдың!»**.

Сазды аспап оған қайтып келеді де айтады: **«Аллаһу та'ала екеуміз арамызда үкім бергенге дейін мен сенің досыңмын. Сол уақытқа**

дейін сенен айрыла алмаймын». Осылайша дүниеде алкогольді ішімдік ішкендер мас болып тіріледі. Бастары, аяқ-қолдары ашық күйде көшеге шыққан әйелдер, қыздар сол мүшелерінен қан, ірің ағып тіріледі. Сырнай тартушылар сырнай тартып тіріледі. Кім болса да осылай Аллаһу та'аланың жолынан айрылса, сол жағдайда тіріледі.

Сахих болған хадис шәрифте риуаят етілген: **«Шарап ішкен адам оттан жасалған шарап ыдысы мойнына асылған және жер бетіндегі заттардың бәрі оған лағнет еткен күйде тіріледі».**

Зұлымдық көріп өлгендер сол зұлымдықтың зардабы үстінде тіріледі. Сахих болған хадис шәрифте айтылған: **«Аллаһ жолында өлтіріліп, шәһид болғандар қиямет күнінде жараларының қаны ағып келеді. Қан түсті және мускус секілді хош иісті болады. Аллаһу та'аланың алдында тірілгенге дейін осы жағдайда болады».**

Бұл кезде періштелер оларды топ-топ, жамағат-жамағат қылып жібереді. Әрбірінің астында өздеріне зұлымдық жасағандар жатқан күйде тіріледі. Адам, жын, шайтан және жыртқыш жануарлар мен құстар бір жерде жиналады. Ол кезде жер беті бірыңғай ақ, күмістей тегіс болады.

Періштелер жер бетіндегі жандылардың айналасында шеңбер болып тұрады. Олар жер бетіндегілерден он есе көп.

Бұдан кейін Аллаһу та'ала екінші қабат аспан періштелеріне әмір етеді, олар бірінші қабаттағы періштелерді және жаратылыстарды қоршайды. Олар бәрінің жиырма есесінен көп.

Кейін үшінші қабат періштелері түсіп, бәрінің айналасын шеңбер болып қоршайды. Олар бәрінің отыз есесінен көп.

Кейін төртінші қабат періштелері бәрінің айналасын шеңбер болып қоршайды. Олар бәрінің қырық есесінен көп.

Кейін бесінші қабат аспанның періштелері түсіп, шеңбер болып қоршайды. Олар бәрінің елу есесінен көп.

Одан кейін алтыншы қабат аспан періштелері түсіп, бәрінің айналасын шеңбер болып қоршайды. Олар бәрінің алпыс есесінен көп.

Соңында жетінші қабат аспан періштелері түсіп, шеңбер болып бәрін қоршап алады, олар бәрінің жетпіс есесінен көп.

Бұл уақытта халық бір-бірімен араласып кеткен болады. Тығыз орналасып, абыр-сабыр болғаннан бір-бірінің аяқтарын басады. Әркім өз күнәсына қарай терге батады. Кейбірлері құлағына дейін, кейбірлері тамағына дейін, кейбірлері кеудесіне дейін, кейбірлері иығына дейін, кейбірлері тізесіне дейін моншадағыдай терге түседі. Кейбір адамдар шөлдеп тұрған адам су ішкенде қалай терлесе, соншалық аз терлейді.

«**Асхаб-и рэй**» – олар мінбер иесі болғандар. «**Асхаб-и рышх**» – терлегендер. «**Асхаб-и ка'бэйи**» [яғни тобықтарына дейін терлегендер] суда тұншығып қайтыс болғандар. Періштелер оларға: «Сендерге енді қорқыныш пен қайғы жоқ» деп үндеу салады.

Кейбір әулие ғалымдардың маған хабар бергені бойынша, олар «**Әууабун**»-дар. Фузайл бин Аяз (рахметуллаһи алейһ) (187 [м.803] жылы Меккеде қайтыс болды) және басқалары осылардан. Өйткені пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) «**Күнәсына тәубе еткен адам мүлдем күнә істемегендей болады**» деген. Бұл хадис шәриф мутлақ. Яғни бір шартқа байланбаған. Бұл үш топ, яғни «әһли рэй, әһли рышх, әһли ка'б» «**Ол күні кейбірлерінің түрі ақ, ал кейбірлерінің түрі қара болады**» деген «Али Имран» сүресінің жүз алтыншы аяти каримасындағы жүздері ақ болғандары. Олардан басқаларының жүздері қара болады. Қайғыру мен терлеу қалай болмасын – күн бастарына дейін жақындаған болады. Тіпті күннің жерге жақындығынан кісі қолын созса, жетеді деп ойлайды. Күннің ыстығы бұл дүниедегідей емес, жетпіс есе ыстық болады. Үмбеттің алғашқыларынан кейбірлері айтқан: «Егер күн қияметтегідей қазір жер бетіне туса, әлбетте жер бетін өртеп, тастарды ерітіп, өзендерді құрғататын еді».

Бұл уақытта барлық жаратылыс Арасат алаңында ақ жерде өте ауыр қиыншылықтар тартып күтіп тұрады. Бұл ақ жер «**Ол күн – Уахид және Қаһһар болып жер бетін басқа түрге, аспандарды да басқа түрге ауыстырған кезім болмақ. Ол күні барлық нәрсе маған бағынады**» деген «Ибраһим» сүресінің қырық сегізінші аятында баяндалған.

Ол кезде жер бетіндегілер түрлі кейіпте болады. Дүниеде маңғазданғандар, тәкәппарланғандар махшарда түйірдей болады.

Хадис шәрифте тәкәппар кісілердің түйірдей болатындығы айтылған. Олар шын мәнінде түйірдей емес. Бәлкім аяқ астында қалып, қорланғандықтан, бейшара және төмен болғандықтан «түйірдей» делінген.

Олардың арасында бір қауым тәтті және салқын таза су ішеді. Өйткені сәби, кішкентей бала кезінде қайтыс болған мүмин балалар әкелерінің айналасында жәннат бұлақтарынан толтырған ыдыстарымен келеді де, оларға су береді.

(Фузайл 187 [м.803] жылы Меккеде қайтыс болды.)

Үмбеттің алғашқы салихтарынан кейбірлері риуаят еткені бойынша, бір кісінің түсінде қиямет басталған екен. Ол кісі күтетін жерде қатты шөлдеп тұрыпты. Кішкентай балалардың су таратып жүргенін көріп, оларға: «Маған да бір жұтым су беріңдерші» деп сұрайды. Балалардың арасынан бір сәби «Біздің арамызда сіздің балаңыз бар ма?» деп сұрайды. Ол «Жоқ» деп жауаптағанда бала: «Олай болса жәннат сусынынан сіздің несібеңіз жоқ» дейді.

Бұл хикаяда үйленудің және балалы болудың абзал екеніне ишара бар. Су таратқан балалардың шарттары **«Ихия-ул-улум»** атты кітабымызда баяндалған.

Бастарына көлеңкі түскен бір топ адамдар болады. Оларды махшардың азабынан қорғап тұрады. Бұл көлеңкі – дүниеде берген зекет пен садақалары.

Бұл жағдайда мың жылдай тұрады. «Ихия-ул-улум» кітабымызда баяндалған «Мудәссир» сүресінде: **«Сурды үрлеген кезде»** деген аяти кариманы естігенде осы жағдайда тұрады. Бұл аяти карима Құран кәрімнің сырларынан.

Сурды үрлеудің қорқынышынан адамдардың төбе шаштары тік тұрып, көздері қайда қарайтынын білмей, мүмин мен кәпірлер барлығы бір жақа қарай айдалады. Бұл қиямет күнінің ауыртпалығын арттыратын азап.

Бұл кезде Аршты сегіз періште көтереді. Олардан бір періште бір қадам аттағанында жиырма мың жылдық дүние жолын жүреді.

Періштелер мен бұлттар Арш бекітілгенге дейін ақылға сыймайтын тәсбихтермен тәсбих етеді. Осы күйде Арш Аллаһу та'аланың өзі үшін жаратқан ақ жердің үстінде тоқтайды. Бұл кезде

Аллаһу та'аланың ешнәрсе шыдай алмайтын азабынан адамдардың бастары төмен иіледі. Бүкіл халық қиыншылықта қалып, не істерін білмей жеңілдік іздейді. Пайғамбарлар мен ғалымдарды қорқыныш басады. Әулиелер мен шәһидтер (рахметуллаһи алейһим әжмаин) шыдауға келмейтін Аллаһу та'аланың азабынан айқайлайды. Олар осы жағдайда болғанда күннің нұрынан әлдеқайда көп болған бір нұр оларды өзіне алады. Онсыз да күннің ыстығына шыдай алмай тұрған адамдар мұны көре тұра аралас-құралас болады. Мың жылдай осы күйде қалады. Аллаһу та'ала тарапынан оларға ештеңе айтылмайды.

Бұл кезде адамдар алғашқы пайғамбар Адам алейһиссаламның қасына барады. «Ей, адамдардың атасы! Жағдайымыз өте нашар» дейді. Ал кәпірлер «Йа, Раббым! Бізге мейірім таныт. Бізді мына азап пен қиыншылықтан құтқар» дейді.

Адамдар Адам алейһиссаламға айтады: «Ей, Адам (aleyһиссалам)! Сен құрметті және қадірлі пайғамбарсың, Аллаһу та'ала сені жаратты. Періштелерге саған сәжде жасатқызды. Саған өз рухынан үрледі. Есептің тезірек басталуы үшін бізге шапағат ет, Аллаһу та'ала қалай тілесе, бізге сондай үкім берсін. Және қайда бұйырса, бәрі сол жаққа барсын. Бүкіл болмыстың иесі мен қожайыны Аллаһу та'ала махлұқтарына қалағанын істесін» деп жалбарынады.

Адам алейһиссалам: «Мен Аллаһу та'ала тыйым салған ағаштың жемісін жедім. Енді қазір Аллаһу та'аладан ұяламын. Бірақ сендер Расулдардың алғашқысы болған Нұх алейһиссаламға барындар» дейді. Бұдан кейін олар мың жыл өзара ақылдасып тұрады.

Кейін олар Нұх алейһиссаламға барады да: «Сен расулдардың алғашқысысың. Біз шыдай алмайтындай ауыр жағдайдамыз. Біздің есебіміздің тез өтуі үшін бізге шапағат ет! Мына махшар жазасынан құтылайық» деп жалбарынады. Нұх алейһиссалам оларға жауап беріп: «Мен Аллаһу та'алаға дұға еттім. Жер бетінде қанша адам бар болса, бәрі сол дұға себебінен батып кетті. Сондықтан мен Аллаһу та'аладан ұяламын. Бірақ сендер Ибраһим алейһиссаламға барындар, ол Халилуллаһ (Аллаһу та'аланың досы). Аллаһу та'ала «Хаж» сүресінің соңғы аятында: **«Ибраһим (aleyһиссалам)**

**сендер дүниеге келмей тұрып сендерге мұсылман деген атау берді»** деген. Бәлкім ол сендерге шапағат етеді» дейді.

Адамдар тағы әуелгісіндей өзара мың жылдай сөйлесіп тұрады. Кейін Ибраһим алейһиссаламға барады. «Ей, мұсылмандардың атасы! Сен Аллаһу та'аланың өзіне халил, дос қылған адамысың. Бізге шапағат ет! Аллаһу та'ала жаратқандарының арасында өз үкімін берсін» дейді. Ибраһим алейһиссалам оларға: «Мен дүниеде үш рет тұспалдап сөйледім. Бұларды айтып, дін жолында күрестім. Қазір Аллаһу та'аладан бұл дәрегейде шапағатқа рұқсат сұрауға ұяламын. Сендер Мұса алейһиссаламға барыңдар. Өйткені Аллаһу та'ала онымен сөйлесті және оған рухани жақындық көрсетті. Ол сендерге шапағат етеді» дейді. Бұдан кейін тағы мың жыл тұрып, бір-бірімен ақылдасады. Бірақ бұл кезде жағдайлары қиындай түседі. Ал махшар орны тым тарайып кетеді. Кейін Мұса алейһиссаламға келіп айтады: «Ей, ибн Имран! Сен Аллаһу та'аламен сөйлескен адамсың. Саған Тәуратты түсірді. Есептің басталуы үшін бізге шапағат ет! Өйткені бұл жерде ұзақ тұрып қалдық. Халықтың қысылуы артты. Аяқтар бір-біріне өтіп кетті». Мұса алейһиссалам оларға айтады: «Мен Аллаһу та'алаға перғауынның жылдар бойы жақтырмайтын нәрселерімен жазалануын тілеп дұға еттім. Кейін келетіндерге ғибрат болуын өтіндім. Қазір шапағат етуге ұяламын. Бірақ Аллаһу та'ала мейірім мен кешірім иесі. Сендер Иса алейһиссаламға барыңдар. Өйткені ол якин жағынан расулдардың ең дұрысы, марифет пен зухд жағынан ең абзалы және хикмет, даналық жағынан ең үстемі. Сендерге Ол шапағат етеді» дейді. Олар өзара мың жыл ақылдасады. Азаптары одан сайын артады.

Кейін Иса алейһиссаламға барады да: «Сен Аллаһу та'аланың рухы және калимасысың, Аллаһу та'ала сен туралы «Али Имран» сүресінің қырық бесінші аятында **«Дүние мен ахиретте Уәжиһ, яғни аса қадірлі»** деген. Бізге Раббыңнан шапағат ет!» дейді. Иса алейһиссалам айтады: «Менің қауымым мені және анамды Аллаһтан басқа құдай деп санады. Мен қалай шапағат етейін, олар маған да ғибадат жасады. Мені баласы, Аллаһу та'аланы әкесі деп атады. Бірақ сендер біреудің әмияны болып, ішінде напақасы болмағанын көрдіңдер ме? Және аузы мөрленген болып, сол мөрді



бұзбай ішіндегі напаканы алғанын көрдіңдер ме? Пайғамбарлардың ең үстемі және соңғысы Мұхаммедке (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) барындар. Өйткені ол уағзы мен шапағатын үмбетіне дайындады. Өйкені қауымы Оны өте көп жәбірледі. Мүбәрәк маңдайын жарды. Мүбәрәк тісін сындырды. Оны «жынды» деп атады. Алайда ол ұлы пайғамбар (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) олардың мақтану жағынан ең жақсысы және абырой жағынан ең биігі еді. Олардың шыдауға келмейтін қорлық пен жапа шектіруіне қарамай, Юсуф алейһиссалам бауырларына айтқан: **«Қазір сендерге міндетсіну жоқ. Әрхамур рахимин болған Аллаһу та'ала сендерді кешіреді»** деген аяти каримамен жауап беретін еді». Иса алейһиссалам пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) қасиеттерін айтып бергенде адамдар тезірек Мұхаммед алейһиссаламның алдына баруға асығады.

Дереу Мұхаммед алейһиссаламның минберіне барады. Оған айтады: «Сен Хабибуллаһсың! Ал хабиб (сүйікті) – себептердің ең пайдалысы. Бізге Раббыңнан шапағат ет! Өйткені біз пайғамбарлардың біріншісі Адам алейһиссаламға бардық, ол бізді Нұх алейһиссаламға жіберді. Нұх алейһиссаламға бардық, ол бізді Ибраһим алейһиссаламға жіберді. Ибраһим алейһиссаламға бардық, ол бізді Мұса алейһиссаламға жіберді. Мұса алейһиссаламға бардық, ол бізді Иса алейһиссаламға жіберді. Ал Иса алейһиссалам саған жіберді. Йа, Расулаллаһ (саллаллаһу алейһи уәсәлләм)! Сенен кейін баратын жеріміз жоқ».

Расулаллаһ (саллаллаһу алейһи уәсәлләм): **«Аллаһу та'ала рұқсат беріп, разы болса, шапағат етемін»** дейді.

Пайғамбарымыз «Сурадиқат-и жәлал», яғни жәлал пердесіне барады. Аллаһу та'аладан шапағат етуге рұқсат сұрайды. Оған рұқсат беріледі. Перделер көтеріліп, Аршқа кіреді. Сәждеге жығылады. Мың жыл сәждеде тұрады. Бұдан кейін Аллаһу та'аланы сондай хамдпен мақтайды, әлем жаратылғалы әлі ешкім Аллаһу та'аланы олай мақтамаған.

Кейбір әулие-ғалымдар айтты: «Аллаһу та'ала әлемдерді жаратқанда өзін осындай хамдтар және мадақтаулармен мақтаған». Арш Аллаһу та'алаға тағзыммен әрекет етуде. Осы уақыт аралы-

ғында адамдардың жағдайлары тым нашарлап кетеді. Қиыншылық пен азаптары артады. Адамдардың әрбірі дүниеде тығып жасырған мал-мүліктерін мойындарына асқан күйде болады. Түйе зекетін бермегендердің мойнына түйе жүктеледі. Айқайлайды және ауырлайтыны соншалық, үлкен таудай болады. Сиыр, қой зекетін бермегендер де осындай болады. Олардың айқайлары аспанның күркірегеніндей боп естіледі.

Егін зекетін, яғни ұшырын бермегендердің мойнына егін жүктері қойылады, дүниеде егіннің қай түрінен зекетін бермеген болса, сол түрден жүктер жүктеледі. Егер бидай болса – бидай, арпа болса – арпа жүктеледі, ауырлығының астындағы адамдар «уа-уэйла», «уа-сәбура» деп айқайлайды. Алтын, күміс, [қағаз] ақша және тағы басқа сауда мүлкінің зекетін бермегендер де қорқынышты жыланды мойнына асады, ол жыланның басында тек екі өрмесі бар. Құйрығы тұмсығына кірген. Мойнын шеңбер қылып мойнының айналасына асылған, тіпті диірмен тастары жүктелгендей салмағы болады. Адамдар айқай салып «Бұл не?» деп сұрайды. Періштелер оларға: «Бұлар сендердің дүниеде зекетін бермеген мал-мүліктерің» дейді. Міне осы қорқынышты жағдай «Али Имран» сүресінің «**Дүниеде қимағандары қиямет күні мойындарына асылады**» деген жүз сексенінші аяти каримасымен хабарланған.

Ал басқа бір топтың әурет жерлері ісіп кеткеннен қан және ірің ағып тұрған болады. Олардың сасық иісінен айналадағылардың мазасы қашады. Олар зина жасағандар және бастарын, шаштарын, аяқ-қолдарын ашып көшеде кезген әйелдер болмақ.

Басқа бір топ бар, олар ағаш бұтақтарына асылады. Олар дүниеде лиуата жасағандар [Лұт қауымы секілді артқы тесіктен қатынасқа түсетіндер].

Басқа бір топ тілдері ауыздарынан шығып кеуделеріне асылып қалған өте нашар жағдайда болады, адам көргісі келмейді. Олар өтірік сөйлегендер мен жала жапқандар болады.

Тағы бір топ қарындары биік таулардай ісіп кеткен күйде тұрады. Олар дүниеде зәрулік болмаса да және келісімсіз пайызға зат пен ақша алып-бергендер болмақ. Міне осылай барша харам істегендердің күнәлары жаман күйде елге жария болады. [Пайыз

мәселесінде қандай жағдай зәрулік саналатыны және келісіммен сауда жасап, пайыз алу туралы «**Саадәти Әбәдия**» кітабында мәлімет бар].

(«**Уәйл**» – азап деген сөз. Адам бір азапқа шыдай алмаған кезде осылай айқайлайды. «**Сәбур**» сөзі жойылып, құрдымға кеткен кезде қолданылады).

## ТОҒЫЗЫНШЫ ТАҚЫРЫП

Аллаһу та'ала айтады: **«Йа, Мұхаммед, басыңды сәждеден көтер! Сен айт, сөзің тыңдалады. Шапағат ет, қабыл болады».** Бұған пайғамбар (саллаллаһу алейһи уәсәлләм): **«Йа, Раббым! Құлдарыңның арасынан жақсылар мен жамандарды ажырат, уақыттары ұзап кетті. Әрқайсысы күнәларымен арасат алаңында масқара болды»** дейді.

**«Иә, ей Мұхаммед!»** (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) деген бір үндеу есітіледі. Аллаһу та'ала жәннатқа әмір етеді, ол әртүрлі әшекейлермен әшекейленеді. Арасат алаңына апарылады. Жұпар иісінің хоштығы бес жүз жылдық қашықтықтан сезіледі. Оның иісі жеткенде көңілдер рахаттанады. Рухтар тіріледі. [Бірақ кәпірлер, мүртәдтер және дүиеде мұсылмандарды мазақ қылғандар, Құран кәрімді қорлағандар, жастарды алдап имандарын ұрлағандар және] істері жаман нашар адамдар жәннаттың иісін сезе алмайды.

Жәннат Арштың оң жағына қойылады. Бұдан кейін Аллаһу та'ала тозақты әкелуді әмір етеді. Тозақ қорқып айқайлайды. Жіберілген періштелерге «Аллаһу та'ала маған азап беретін бір махлұқ жаратып, онымен мені азаптайды ма?» деп сұрайды. Олар: «Аллаһу та'аланың құрметі, ұлылығы және құдіреті үшін Раббың сен арқылы Оған қарсы шыққан, сенбеген ислам дұшпандарынан кек алуға бізді саған жіберді. Ал сен осы мақсатта жаратылдың» дейді. Періштелер тозақты төрт жағынан тартып әкеледі. Оған жетпіс мың жіп тағып тартады, әрбір жіпте жетпіс мың шығыршық бар. Дүниедегі темірлердің бәрі жиналса, оның бір шығыршығындай бола алмайды. Әр шығыршықта забани деп аталатын азап періштелерінен жетпіс мың періште бар, олардың

тек біреуіне ғана дүниедегі тауларды қопару бұйырылса, бөлшектеп тастайды. Ол кездегі тозақтың айқайы, гүрілдеуі, от шашуы және қалың түтіні бүкіл аспанды қап-қара қылады. Махшар алаңына мың жылдық жол қалғанда тозақ періштелердің қолынан шығып кетеді. Гүрілдеуі, күркіреуі және ыстығы шыдауға келмейтіндей дәрежеде болмақ. Махшардағылардың бәрі бұдан қатты қорқады. «Бұл ненің гүрілі?» деп сұрасады. Хабар беріліп: «Тозақ забанилердің қолынан босап кетіп, сендерге жақындап келе жатыр, соның гүрілі» делінеді. Мұны естіген барлық адамзат тізелері ұстамай шөгіп қалады. Тіпті пайғамбарлар мен Расулдар да өздерін ұстай алмайды. Хазреті Ибраһим, хазреті Мұса, хазреті Иса Аршқа жабысады. Ибраһим алейһиссалам құрбан еткен Исмаил алейһиссаламды ұмытады. Мұса алейһиссалам бауыры Харун алейһиссаламды, Иса алейһиссалам анасы хазреті Мәриәмді ұмытады. Бәрі: «Йа, Раббым! Бүгін нәпсімнен (өзімнен) басқа ештеңе сұрамаймын» дейді.

Ол кезде Мұхаммед алейһиссалам болса: **«Үмбетіме саламаттық пен құтылыс бер, йа Раббым»** дейді.

Ол жақта бұған шыдай алатын ешкім болмайды. Өйткені Аллаһу та'ала мұны хабар беріп, «Жасиә» сүресінің жиырма сегізінші аятында: **«Әр үмбетті Аллаһу та'аладан қорыққанынан тізе шөгіп қалғанын көресің. Әрбірі дүниеде істеген амалдарының кітабына шақырылады»** деген. Тозақтың босап кетіп, күркірегенінен адамдар қорыққанынан тұншығып қалатындай күйде ет-беттерімен сәждеге жатып алады. Бұл Аллаһу та'аланың «Фурқан» сүресінің он екінші аятында: **«Тозақ махшар халқын алыстан көрген сәтте адамдар одан қайнап күркіреген өте жаман дауыс естиді»** деп айтуымен нақтыланған.

Аллаһу та'ала «Мүлк» сүресінің сегізінші аятында: **«Қаһары мен отының лапылдағанынан тозақ жарылып кете жаздайды»** деген. Бұдан кейін пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) ортаға шығып, тозақты тоқтатады да, айтады: **«Қорланған күйде артқа шегін! Сенің халқың саған өздері топ-топ болып барсын»**. Сонда тозақ: «Йа, Мұхаммед, маған жол бер! Өйткені сен маған харамсың» дейді. Арштан үндеу келіп: «Ей тозақ, Мұхаммед алейһиссаламның сөзін тыңда! Оған бағын!» дейді. Кейін Расулуллаһ

(саллаллаһу алейһи уәсәлләм) тозақты тартып, Арштың сол жағына апарып орналастырады. Махшардағылар пайғамбарымыздың бұл мейірімді мәмілесін бір-біріне сүйіншілейді. Қорқыныштары біраз азаяды. «Әнбия» сүресіндегі жүз жетінші аяти каримада **«Сені әлемдерге мейірімділік ретінде жібердік»** деген мағынасы осылайша көрініс табады.

Сол сәтте қандай екенін ешкім білмейтін бір мизан (таразы) құрылады. Мизанның бірі нұрдан, екіншісі қараңғылықтан жаратылған екі табағы болады.

Бұдан кейін Аллаһу та'ала уақытқа, мекенге, материяға тәуелсіз және пәк түрде өз құдіретін көрсеткенінде адамдар оған тағзым етіп сәждеге жығылады. Бірақ кәпірлер, мүртәдтер сәжде ете алмайды. Өйткені олардың белдері тас қатқандай сәжде етуге мүмкіндік бермейді. Бұл «Нун» (Қалам) сүресінің қырық екінші аятында баяндалған: **«Көздерден перде көтеріліп, қиыншылық артқан кезде сәжде жасауға шақырылады. Бірақ олар сәжде ете алмайды».**

Имам Бұхаридің (рахметуллаһи алейһ) мұның тәфсирінде пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) дейін риуаят етушілерін көрсетіп хабарлаған хадис шәрифінде былай делінген: **«Аллаһу та'ала қиямет күнінде балтырларды ашады.** [Балақтар түйріледі. Яғни өте қиын және ауыр жағдай болады. Сәжде етіндер делінеді]. **Бүкіл мүминдер сәжде жасайды».** Мен бұл хадис шәрифтің тәуилінен (түсіндірмесінен) қорықтым. «Мысалғой» деп сөз қозғағандардың сөзін де жақтырмадым. Мизан, яғни таразы мәләкут әлеміне тән бізге белгісіз нәрселер қатарында болып, дүниедегі таразыға ұқсамайды. Өйткені жақсылықтар мен жамандықтар зат пен дене емес, араз, яғни сипат болып табылады. Сипаттарды, қасиеттерді біз білетін таразымен заттарды тартқандай өлшеу дұрыс болмайды. Тек белгісіз болған таразымен ғана өлшеу дұрыс болады.

(Мұхаммед Бұхари 256 [м.870] жылы Самарқандта қайтыс болды).

Мүминдер сәждеде жатқанда Аллаһу та'ала үндеу салады. Бұл жақыннан да, алыстан да естіледі. Имам Бұхари риуаят еткеніндей,

Аллаһу та'ала [хадис құдсида]: **«Мен бәрін жазалайтын дайынмын. Маған ешбір залымның зұлымдығы зиянын тигізе алмайды. Егер зиянын тигізсе, мен залым болар едім»** деген.

Кейін хайуанат арасында үкімін береді. Мүйізі бар қошқардан мүйізі жоқ қошқардың ақысын алып береді. Тау жануарлары мен құстар арасындағы ақылары өтеледі. Кейін оларға **«Топырақ болындар»** дейді. Бірден хайуандар топыраққа айналып кетеді. Кәпірлер бұл жағдайды көргенде әрқайсысы «Нәбә» сүресінің қыркыншы аятында хабар берілгеніндей **«Әттең, топырақ болсам ғой»** дейді.

Содан соң Аллаһу та'ала тарапынан үндеу келіп **«Ләуһ-и махфуз қайда?»** дейді. Бұл дауыс адамдарды таңқалдыратындай түрде естіледі. Аллаһу та'ала **«Ей, Ләуһ! Тәурат пен Інжіл және Құран кәрімнен сенде жазғандарым қайда?»** деп сұрайды. Ләуһ-и махфуз айтады: «Ей, әлемдердің Раббысы! Мұны Жәбрейіл алейһиссаламнан сұрай көр!»

Бұл кезде Жәбрейіл алейһиссалам әкелінеді, қалтырап тұрғандай болады. Сасқанынан тізесіне шөгеді. Аллаһу та'ала айтады: **«Йа, Жәбрейіл! Бұл Ләуһтің айтуынша сен менің сөзімді және уахымды құлдарыма жеткізген екенсің, дұрыс па?»** Жәбрейіл алейһиссалам «Йа, Раббым, дұрыс» деп жауаптайды. Аллаһу та'ала **«Оны қалай іске асырдың?»** деп сұрайды. Жәбрейіл алейһиссалам «Йа, Раббым, Тәуратты Мұса алейһиссаламға, Інжілді Иса алейһиссаламға, Құран кәрімді Мұхаммед алейһиссаламға түсірдім және әрбір Расулға пайғамбарлықты және әрбір сухуф иесі пайғамбарға сухуфтарын жеткіздім» дейді.

Бір үндеу: **«Йа, Нұх!»** дегенде Нұх алейһиссалам әкелінеді. Ол дірілдеп Аллаһу та'аланың алдына келеді. Оған қарап: **«Ей, Нұх! Жәбрейіл алейһиссаламның айтуынша сен Расулдардансың»** дегенде «Йа, Раббым! Дұрыс» деп жауаптайды. Тағы сұрайды: **«Қауымыңмен не істедің?»** Нұх алейһиссалам «Йа, Раббым! Оларды күндіз-түні иманға шақырдым. Менің шақыруым оларға еш пайдасын тигізбеді. Олар менен қашты» дейді. Сонда тағы бір үндеу келіп: **«Ей, Нұх қауымы!»** делінеді. Олар бір топ болып әкелінеді. Оларға айтылады: **«Мына бауырларың Нұх алейһиссаламның**

**айтуынша, ол сендерге менің дінімді уағыздаған екен».** Олар: «Ей, біздің Раббымыз, өтірік айтады. Бізге ештеңе уағыздамады» дейді. Пайғамбарлықты жоққа шығарады.

Аллаһу та'ала **«Йа, Нұх! Сенің куәгерлерің бар ма?»** деп сұрайды. Нұх алейһиссалам **«Йа, Раббым! Менің куәгерім Мұхаммед алейһиссалам және Оның үмбеті»** дейді.

Аллаһу та'ала **«Йа, Мұхаммед (aleyһиссалам)!» Нұх (aleyһиссалам) дінді уағыздағанына сені куә қылуда»** дейді. Пайғамбарымыз (aleyһиссалам) Нұх алейһиссаламның дінді уағыздағанына куә болып, «Худ» сүресінің жиырма бесінші аятын оқиды. Бұл аяти каримада: **«Біз Нұхты адамдарға пайғамбар қылып жібердік. Оларды Аллаһу та'аланың азабымен қорқытты. Аллаһу та'аладан басқа нәрселерге ғибадат жасамаңдар деді»** делінген. Аллаһу та'ала Нұх алейһиссаламның қауымына: **«Сендерге азап беру хақ болды. Өйткені азап кәпірлерге лайықты»** дейді.

Осылайша бәрі тозаққа тасталады. Амалдарына қаралмайды, есепке де тартылмайды.

Одан кейін **«Ад қауымы қайда?»** деген үндеу естіледі. Нұх алейһиссаламның қауымына жасалғандай, Худ алейһиссалам мен оның қауымы Ад халқы арасында дау орын алады. Оған пайғамбарымыз алейһиссалам мен үмбетінің қайырлылары куәлік етеді. Пайғамбарымыз «Шуара» сүресінің жиырма үшінші аяти каримасын оқиды. Бұл қауым да тозаққа тасталады.

Бұдан кейін **«Йа, Салих немесе Сәмуд»** деген үндеу естіледі. Салих алейһиссалам және оның қауымы келеді. Қарсы шыққандарына пайғамбарымыздан куәлік етуі сұралады. Пайғамбарымыз алейһиссалам «Шуара» сүресінің жүз қырық бірінші аяти каримасын оқиды. Олар да бұған дейінгілер сияқты тозаққа тасталады.

Құран кәрімнің хабар бергеніндей, үмбеттер бірінен соң бірі ретпен Аллаһу та'аланың алдына шығады. «Фурқан» сүресінің отыз сегізінші және «Ибраһим» сүресінің сегізінші аяти карималары осыны хабар беруде. Мұнда анықтама бар, олар қарсы шығушы және бұзақы қауымдар. «Барих, Марих, Духа, Әсра» қауымдары

және осылар сияқты кәпірлер. Олардан кейін үндеу Асхаб-и рәс уә тубба және Ибраһим алейһиссаламның қауымына келеді.

Олардың ешбіріне мизан құрылмайды, есепке тартылмайды. Олар ол күні Раббыларының алдында бас көтеріп тұра алмайды. Аллаһу та'аланың сөзін оларға бір аудармашы жеткізіп тұрады. Өйткені бір адам Аллаһу та'аланың назарымен және сөзімен абыройланса, ол адам азапталмайды.

Кейін Мұса алейһиссаламға үндеу шығады. Қатты жел тұрғанда жапырақтар қалай дірілдесе, ол солай дірілдеп келеді. Аллаһу та'ала оған қарап **«Ей, Мұса! Жәбрейіл саған пайғамбарлығыңды және Тәуратты қауымына уағыздағаныңа куәлік етуде»** дейді. Мұса алейһиссалам **«Иә, ей, Раббым»** дейді. **«Олай болса, мінберіңе шық! Саған уахи етілген нәрселерді оқы!»** делінеді. Мұса алейһиссалам мінберге шығып оқиды. Бәрі өз орнында үндемей тұрады. Тәуратты жаңадан енді түскеніндей асыл көрінісінде оқиды. Яһуди ғалымдары бұған дейін Тәуратты еш көрмеген, мүлдем білмеген сияқты болып тұрады.

Кейін Дауд алейһиссаламға үндеу шығады. Ол да желде дірілдеген жапырақтай қатты қалтырап келеді.

Аллаһу та'ала: **«Йа, Дауд! Жәбрейіл алейһиссалам Забурды үмбетіңе уағыздағаныңа куәлік етуде»** дегенде Дауд алейһиссалам **«Иә, ей, Раббым!»** дейді. Аллаһу та'ала **«Мінберіңе шық, саған уахи етілген нәрсені оқы»** дейді. Дауд алейһиссалам мінберге шығады. Көркем дауыспен Забурды оқиды. Хадис шәрифте хабарланғанындай, Дауд алейһиссалам – жәннат халқының жаршысы. [Дауд алейһиссаламның дауысы өте әдемі және күшті еді]. Сөйлегенде дауысын табут-и сәкинаның имамы естіп, жамағаттың арасынан саптарды жарып, Дауд алейһиссаламның қасына келеді де, оны ұстап алады. Сөйтіп: **«Маған жаман ниет еттің, саған Забур уағыз бермеді ме?»** дейді. Хазреті Дауд қатты ұялып қысылады, жауап бере алмайды. Арасат қайғыра бастайды. Адамдар Дауд алейһиссаламның жағдайын көріп мұңаяды. Бұдан кейін Дауд алейһиссаламға жабысып, Аллаһу та'аланың алдына шығады. Бетіндегі пердесі түседі. Табыттың имамы айтады: **«Йа, Раббым! Дауд алейһиссаламның құрметіне маған мейірім таныт, ол**



мені соғысқа жіберген. Тіпті мен сонда өлтірілдім. Некелеспекші болған әйелімді өзіне алғысы келді. Алайда ол кезде одан басқа тоқсан тоғыз әйелі бар еді». Аллаһу та'ала Дауд алейһиссаламнан: **«Ей, Дауд! Мынаның сөзі дұрыс па?»** деп сұрайды. Дауд алейһиссалам ұялғанынан және Аллаһу та'аланың азабынан қорыққанынан Аллаһу та'аланың кешіремін деген уәдесін ескеріп басын иеді. Өйткені адам бір нәрседен қорыққанда және ұялғанда басын иеді. Бір нәрсені сұрағанда және өтінгенде басын көтереді. Бұл кезде Аллаһу та'ала табыттың имамына айтады: **«Мен оның орнына саған зәулім үйлер мен қызметшілерден осынша-осынша бердім. Разысың ба?»** деп сұрайды. Ол кісі «Разымын, йа, Раббым!» дейді.

Одан кейін Дауд алейһиссаламға **«Сен де, ей, Дауд, бар, сені де кешірдім»** дейді.

Одан кейін Дауд алейһиссаламға: **«Мінберіңе қайт, Забурдың жалғасын оқы»** дейді. Ол Аллаһу та'аланың бұйрығын орындайды. Бұл уақытта Бәни Исраилге екіге бөлінуі әмір етіледі. Бір бөлігі мұминдермен, бір бөлігі кәпірлермен бірге болады.

Одан кейін: **«Иса алейһиссалам қайда?»** деген бір дауыс естіледі. Иса алейһиссалам әкелінеді. Аллаһу та'ала оған қарап **«Майдә»** сүресінің жүз он тоғызыншы аяти каримасындағы **«Ей, Иса! Сен адамдарға Аллаһтан бөлек мені және анамды өздеріңе құдай қылыңдар дедің бе?»** дейді.

Иса алейһиссалам Аллаһу та'аланы мадақтап, көп мақтайды. Кейін **«Йа, Раббым! Сені нұқсан сипаттардан пәк қыламын және құрметтеймін, менің ақым болмаған нәрсені айтуым мен жақтан болмады. Егер мен оны айтқан болсам, ақиқатында Сен оны білесің. Йа, Раббым! Сен менің нәпсімде болған нәрсені білесің. Мен Сенің затыңда болғанды білмеймін. Йа, Раббым! Сен ғайыптарды білушісің»** деген «Майдә» сүресінің жүз он алтыншы аяти каримасымен жауап береді.

Сонда Аллаһу та'ала жамал сипатын көрсетіп: **«Бұл уақыт – адал жандарға адалдықтарының пайдасы берілетін кез»** деген «Майдә» сүресінің жүз он тоғызыншы аяти каримасын айтады және **«Ей, Иса! Сен дұрыс айттың. Мінберіңе бар! Саған Жәбрейіл**

**уағыздаған Інжілді оқы»** дейді. Иса алейһиссалам «Құп болады, йа Раббым» дейді де, оқи бастайды. Оқығанына халық әсерленіп, бәрі бастарын көтереді. Өйткені Иса алейһиссалам риуаят жағынан адамдардың ең шебері. Мәнерлеп оқығаны соншалық, христиандар, монахтар «Інжілдің ешқандай аятын білмейді екенбіз» деп ойлайды. Осылайша Иса пайғамбар үмбеті – насранилер де екіге бөлінеді. Адамдарды, яғни христиандар кәпірлермен, адаспаған мүминдері мүминдермен тіріледі.

Одан кейін **«Мұхаммед алейһиссалам қайда?»** деген үндеу естіледі, пайғамбарымыз (aleyһиссалам) келеді. Аллаһу та'ала айтады: **«Ей, Мұхаммед! Жәбрейіл саған Құран кәрімді түсірдім дейді.»** Пайғамбарымыз «Иә, ей, Раббым» деп жауаптайды. Сонда Аллаһу та'ала: **«Йа, Мұхаммед, мінберіңе шық та, Құран кәрімді оқы»** дейді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) Құран кәрімді өте көркем және мәнерлі түрде оқиды. Мүминдерге сүйінші береді. Олар күліп қуанады. Құран кәрімге сенбегендердің, бұл қасиетті кітапты (әстағфируллаһ) «шөл заңы» деп жамандағандардың жүздері ұсқынсыз түрге енеді.

(Бұл қисса «Мәуаһиб» тәфсирінде «Сад» сүресінің жиырма үшінші аятында кеңірек жазылған. Пайғамбарлар ең кішкентай күнәні де істемейді және күнә істеу тіпті ойларына да келмейді. Осы тәфсирден оқылғанда ақиқат жақсырақ аңғарылады).

Осы жерге дейін баяндалған пайғамбарларға қойылатын сұрақтарды «Араф» сүресіндегі: **«Біз пайғамбар жіберілген қауымды әлбетте сұраққа тартамыз. Пайғамбарларды да сұраққа тартамыз»** деген бесінші аяти каримасы хабар беруде.

Кейбірлері «Майдә» сүресінің жүз он екінші **«Аллаһу та'ала ұлы пайғамбарларды жинаған кезде қауымдарыңнан қандай шақыру алдыңдар және қалай қабылдандыңдар?»** деген аяти каримамен хабар берілген деді. Ол кезде пайғамбарлар: «Йа, Раббым! Сені тәсбих етеміз, бізде мүлдем ілім жоқ. Сен ғайыптарды ең жақсы білушісің» дейді. Алдыңғы аяти карима хабар берді деген ғалымдардың сөзі дұрысырақ. **«Ихия-ул-улум»** атты кітабымызда да осыны жаздық. Өйткені пайғамбарлардың дәрежелері бар. Ал

Иса алейһиссалам олардың үлкендерінен. Себебі Ол **«Рухуллаһ», «Кәлимагуллаһ»**. Пайғамбарымыз (aleyһиссалам) Құран кәрімді оқыған кезде үмбеті мүлдем естімегенбіз деп ойлап қалады. Осы жайында хазреті Әсма'иден адамдар: «Сен Құран кәрімді ең көп жаттағандардансың. Сен де сондай боласың ба?» деп сұраған екен. Ол жауап ретінде: «Иә, хазреті пайғамбардан естіген кезімде мүлдем естімеген сияқты боламын» деді.

Кітаптардың оқылуы аяқталғаннан кейін бір үндеу естіледі: **«Ей, қылмыскерлер, енді сендер айрылыңдар!»**. Бұл үндеуден Арасат алаңы әрекетке түседі. Ол кезде бүкіл адамзат және бүкіл жаратылысты қатты қорқыныш басады. Бір-бірлерімен араласқұралас болады. Періштелер жындармен, жындар адамдармен араласады. Одан кейін: **«Ей, Адам! Ұрпағыңнан тозаққа лайықты болғандарын жібер!»** деген үндеу шығады. Сонда Адам алейһиссалам: «Йа, Раббым! Қаншауын?» деп сұрайды. Аллаһу та'ала **«Мыңның тоғыз жүз тоқсан тоғызын тозаққа, біреуін жәннатқа»** дейді. Кәпірлерді және әһли сүннеттен (рахметуллаһи алейһим әжмаин) айрылған мүлхидтер мен ғапылдарды шығарып-шығарып, тек қана Аллаһу та'аланың бір уыс дегеніндей мүмин қалады. Әбу Бәкір Сыддықтың (радиаллаһу анһ) **«Раббымыздың уысынан бір уыс қалады»** дегенінің мағынасы осы.

(Әбу Саид Әсма'и 122 жылы Басрада туылып, 216 [м.831] жылы Мәрв қаласында қайтыс болды. Шын есімі – Абдулмәлик (рахимә-һуллаһу та'ала)).

Одан кейін Ібіліс шайтандарымен бірге әкелінеді. Олардың жамандықтары да мизан таразыда игіліктерінен ауыр басады. Жер бетінде кімге дейін дін жетіп барған болса, барлығының сауап және күнәлары міндетті түрде мизанда тартылады. Шайтандар күнәлары ауыр басып, азапталатынын білген кезде: «Бізге Адам зұлымдық етті. Забани деп аталатын періштелер шаштарымыздан ұстап, бізді тозаққа сүйреді» дейді.

Осыған орай Аллаһу та'аладан «Мүмин» сүресінің он жетінші аяти каримасындағы **«Бұл уақытта зұлымдық болмайды. Аллаһу та'ала есепте өте жылдам»** деген бір үндеу келеді. Күллі махлұқат үшін майданға шығыс пен батыс арасын қаптайтын

үлкен бір кітап әкелінеді. Онда бүкіл жаратылғанның барлық амалдары жазылған болады. Әлемде болған үлкен-кіші барлық оқиғаны хабарлайды. Аллаһу та'ала ешкімге зұлымдық жасамайды. Махлұқтардың өмірде күнде жасаған амалдары осы кітап арқылы Аллаһу та'алаға ұсынылады. Аллаһу та'аланың әмірімен «Абәсә» сүресінің он алтыншы аяти каримасында жазылған «Кирамун бәрәра» періштелеріне, яғни игі және мойынсұнғыш періштелерге сол амалдарды жазуды әмір еткен болатын. Бұл сол кітап. «Жасиә» сүресінің **«Біз сендер жасаған амалдардың барлығын жаздырдық»** деген жиырма сегізінші аяти каримасында келген мағына осыны хабар беруде.

Одан кейін бір жаршы бәрін бөлек-бөлек шақырады. Әркім жеке-жеке есепке тартылады. «Нұр» сүресі жиырма төртінші аятында: **«Істегендерінің бәріне сол күні тілдері мен аяқ-қолдары куәлік етеді»** делінген.

Дұрыс хабармен бізге жеткені бойынша, бір адам Аллаһу та'аланың алдында тұрады. Аллаһу та'ала оған **«Ей, жаман құл! Сен қылмысқер және асау болдың»** дейді. Ол құл «Йә, Раббым! Мен ештеңе істемедім» дейді. Сонда **«Саған қарсы дәлелдер мен куәгерлер бар»** делінеді. Ол адамның иығында отырған хафаза періштелері әкелініп, куәліктері алынады. Әлгі адам: «Олар мен туралы өтірік айтты» дейді. Бұл жағдай **«Ол күні бәрі әкелінеді. Әркім өз нәпсімен күреседі»** деген «Нахл» сүресінің жүз он төртінші аятында көрсетілген. Кейін оның ауызына мөр басылып, сөйлеткізбей қойылады. Бұл «Ясин» сүресінің алпыс бесінші аятында **«Қиямет күнінде мен күнаға батқандардың ауызын мөрлеймін. Олар не істеп не қойған болса, енді бізге қолдары айтады және аяқтары куәлік етеді»** деп көрсетілген. Олай болса, Аллаһқа бағынбағандардың мүшелері өз зияндарына куәлік етіп, тозаққа апарылуы әмір етіледі. Құдайдан безгендер [дін дұшпандары, харам істегендер, намазды менсінбегендер] өз мүшелерін балағаттап айқайлай бастайды. Мүшелері **«Бұл куәлік біздің қалауымызбен емес. Бізге Аллаһу та'ала сөйлеткізді. Бәрін сөйлетуші Ол»** дейді. Бұлар «Фуссиләт» сүресінің жиырма бірінші аяти каримасында баяндалған.

Есептен кейін барлық адамдар Сырат көпіріне қарай жіберіледі.

Сырат көпірінен өте алмай құлаған күнахарлар тозақ қарауылдарына, яғни азаптаушы періштелерге тапсырылады. Сонда олар жылап ыңырсид бастайды. Әсіресе мүминдердің және бір Құдайға сенгендердің арасынан шыққан күнахарлар тозаққа тасталып жатқанда қатты жылайды. Періштелер оларды ұстап лақтырып жатып «**Міне осы сендерге уәде етілген қиямет күні**» дейді. Бұл жағдай «Әнбия» сүресінің жүз үшінші аяти каримасында хабарланған.

**Дат салу** – тозақтықтардың қатты даттап жылайтын төрт жердің біріншісі сур үрленген кезде; екіншісі тозақ періштелердің қолынан шығып кетіп, махшардағыларға қарай атылған кезде; үшіншісі Адамды (алейһиссалам) Аллаһу та'алаға шапағатшы қылып жіберу үшін жиналған кезде; төртіншісі тозақ және азап періштелерінің қолына тапсырылған кездерінде болады.

Тозақтықтар өз орындарына жіберілгеннен кейін Арасат алаңында тек мүмин-мұсылмандар, қайырымдылық пен жақсылық жасағандар, арифтер, сыддықтар, әулиелер, шәһидтер, салихтар мен расулдар ғана қалады. Имандарында күмәні барлар, мұнафықтар, зындықтар, бидғатшылар [яғни Әһли сүннет сенімінде болмаған мүминдер] ол уақытта тозаққа тасталған болады. Аллаһу та'ала: «**Ей, адамдар! Раббыларың кім?**» деп сұрайды. Олар «Аллаһ» дейді. Аллаһу та'ала: «**Сендер Оны танысыңдар ма?**» деп сұрайды. «Иә, танимыз, ей Рабби» дейді. Сол кезде оларға Арши аялының сол жағынан бір періште көрінеді. Ол періште сондай күдіретті, сондай алпауыт болмақ, тіпті жеті мұхит оның бас бармағы ұшына қойылса бір тамшыдай болып та көрінбей қалады. Ол періште махшардағыларға Аллаһу та'аланың әмірімен оларды сынау мақсатында «Әнә Раббукум», яғни «Мен сендердің Раббыларыңмын» дейді. Сонда махшар халқы «Сенен Аллаһу та'алаға сыйынамыз» деседі.

Одан кейін Аллаһу та'ала оларға өздері қалағандай жұмсақ, мейірімді мәміле жасайды. Махшар халқы бәрі бірдей сәждеге жығылады. Аллаһу та'ала оларға: «**Сендер сондай бір жерге келдіңдер, бұдан былай сендерге жатырқау мен қорқыныш жоқ**» дейді.

Аллаһу та'ала барлық мүминдерді Сырат үстінен өткізеді. Мүминдер дәрежелеріне қарай жәннатқа кіргізіледі. Адамдар топ-топ болып кіреді. Алдымен расулдар, кейін нәбилер, кейін сыддықтар, кейін әулиелер, арифтер, кейін қайырымдылық пен жақсылық жасаушылар, кейін шәһидтер, кейін басқа мүминдер кіреді. Мұсылмандардан күнәлары кешірілмегендер етбетімен құлаған болып, ал кейбірлері Арафта (жәннат пен тозақтың арасындағы жер) қамалып қалады.

Иманы әлсіз болғандардың кейбірлері Сыратты жүз жылда, кейбірлері мың жылда өтеді. Сондай-ақ, олар тозақта жанбайды.

Кімде-кім Раббысын көрсе, ол адам тозаққа тасталмайды. Мұсылман және қайырымшыл болғандардың дәрежелерін **«Истидраж»** атты кітабымызда баяндадық. Олар күлімдеген жылы жүзді адамдар. Көбі Сыратты найзағайдай тез өтеді. Көбі аш және шөлдеп өтеді, өкпе-бауырлары бөлшектеніп, тыныстары түтіндей шығады. Олар ыдыстары аспандағы жұлдыздардың санындай болған, суы кәусәр бұлағынан, үлкендігі Құдыстан Йеменге дейінгі және Аденнен Мәдинаға дейінгі **«Кәусәр»** хауызынан ішеді. Бұл пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) **«Менің мінберім хауызымның үстінде»**, яғни мінберім **«Кәусәр»** хауызының екі жағасының бірінің үстінде тұр деп айтуымен бекітілген. Кәусәр хауызынан алыс болғандар істеген күнәларының дәрежесіне қарай Сыратта ұсталып қалады.

Қаншама дәрет алушылар бар, дәретті дұрыс және толық алмайды. Қаншама намаз оқушылар бар, ешкім сұрамаса да, намазын басқаларға айтып жүреді. Намазын хушумен (ықыласпен) оқымайды. Егер оны бір құмырсқа тістеп алса, намазын тастап, сол құмырсқамен әуре болады. Алайда Аллаһу та'аланың ұлылығын түсінген әулие құлдарының аяқ-қолдарын кессе де, намазда еш қимылдамай, қарсылық көрсетпейді. Өйткені олар ғибадаттарын тек Аллаһу та'ала үшін орындайды. Аллаһу та'аланың алдында тұрған адам Оның айбаттылығы мен ұлылығын білгені шамасында беріледі, қорқады. Бір күні бір патшаның алдында тұрған кісіні шаян шағып алады, ол сабыр етеді. Патшаны құрметтегендіктен еш

кимылдамайды. Бұл адамдардың махлұқпен (жаратылыспен) бірге болған кезіндегі жағдайы. Ал махлұқтар көбінесе ондай пайда мен зиянды ажырата бермейді.

Құрметті және ұлы болған Аллаһу та'аланың алдында тұрған адамның жағдайы басқа қандай болсын, айбаттылық, сұлтандық, ұлылық және Аллаһу та'аланың үстемдігін білетін адамның Аллаһу та'ала алдында тұруы әрине асқан хушу мен ықыласты талап етеді.

Гибадаттарды орындаған болса да зұлымдық жасаған және тәубе еткен болса да мазлұмын (зұлымдық көрсеткен адамын) таба алмаған, дүниеде оның кешірімін ала алмаған адам туралы баяндалғанындай, ол Аллаһу та'аланың алдына апарылады. Дүниеде кешірімін ала алмаған құл (кісі) ақылары бар болса, бәрі көрсетіледі. Мазлұм (зұлымдық көрген) оның жағасына жабысады. Аллаһу та'ала мазлұмға **«Ей, мазлұм! Жоғарыға қара»** дейді. Мазлұм жоғарыға қарап, бір зәулім сарай тұрғанын көреді. Ол өте үлкен. Үлкендігі мен әсемдігі таң қалдырады. Әлгі мазлұм: «**Йа, Раббым, бұл не?»** деп сұрайды. Аллаһу та'ала: **«Бұл сатылатын үй. Менен сатып аласың ба?»** дейді. Сонда мазлұм: «**Йа, Раббым! Оның құнын төлейтіндей менің ештеңем жоқ»** дейді. Аллаһу та'ала айтады: **«Бауырыңның зұлымдығын кешіріп, құтқаратын болсаң, зәулім сарай сенікі»**. Сонда әлгі құл: «**Йа, Раббым! Сенің әмірің себебімен ондағы хақымнан бас тарттым (кешірдім)**» дейді.

Аллаһу та'ала тәубе еткен залымдарға осындай мәміле көрсетеді. Расында «Исра» сүресінің жиырма бесінші аятында: **«Мен тәубе еткен адамдарды кешіремін»** деген. Тәубе еткен дегені – зұлымдықтан, күнәдан бастартып, ол күнәні істемеген адам деген сөз. Дауд алейһиссалам **«Әууаб»** (тәубе еткен) деген есіммен аталады. [Алайда Дауд алейһиссалам мүлдем күнә істемеді. Онда **«Хилаф-и әула»** орын алды]. Расулдардан хазреті Даудтан басқалары да осындай.



## ОНЫНШЫ ТАҚЫРЫП

«Арасат» алаңын «**Мәукиф**» және «**Махшар алаңы**» деп те атайды. Бұл жердегілердің қалай шақырылатынын ғалымдарымыз әртүрлі айтқан. Бұлар тәфсирлерде баяндалуымен қатар сахих хадистерде де хабар берілген. Аллаһу та'ала бәрінен бұрын кісі өлтіргендердің үкімін береді. Сондай-ақ ең алдымен иманы дұрыс болған соқырлардың сауаптарын береді. Сонда бір жаршы: «Дүниеде көзі көрмеген соқырлар қайда?» деп үндеу салады. Оларға: «Сендер Аллаһу та'аланың дидарына қарауға бәрінен де лайықтысыңдар» деп айтылады. Одан кейін Аллаһу та'ала оларға ұялтатын амалдарын көрсетіп, «**Оң жаққа өтіндер!**» дейді.

Оларға арнайы байрақ көтеріліп, Шуайб алейһиссаламның қолына беріледі. Шуайб алейһиссалам оларға имам болады. Олармен бірге нұрлы періштелерден сансыз періштелер болады. Санын Аллаһу та'аладан басқа ешкім білмейді. Солардың қасына барып, сыратты найзағайдай тез өтеді. Сабыр мен жұмсақ мінезділікте олардың әрбірі Абдуллаһ ибн Аббас (радиаллаһу анһума) пен үмбетте ол сияқты адамдарға ұқсайды. [Абдуллаһ 68 [м.687] жылы Таифте қайтыс болды].

Одан кейін «Бәле-жалаға сабыр еткендер қайда?» деген үндеу шығады және өмірде алапес деп аталатын ауруға және жұқпалы ауруларға шалдыққандар әкелінеді. Аллаһу та'ала оларға сәлем береді. Оларды да оң жаққа жібереді. Оларға арнап жасыл байрақ көтеріліп, Әйюб алейһиссаламның қолына беріледі. Ол Асхаб-и яминнің [жәннаттықтардың] имамы болады. Өмірде жаман ауруларға шалдыққандардың сипаты сабыр мен жұмсақтық. Уқайл ибн Әби Талиб (радиаллаһу анһ) және бұл үмбеттен Ол сияқты болғандар осындай.

Одан кейін үндеу шығады: «Ислам дұшпандарының өтірік-жалаларына алданбай, Әһли сүннет сенімін нық ұстанған және осы дұрыс иманы мен намысын кәміл дәрежеде сақтаған иманды, намысты жастар қайда?» Олар да әкелінеді. Аллаһу та'ала оларға сәлем беріп «Мәрхаба» дейді де, жылы сөздерімен ілтипат көрсетеді. Оларға да «**Оң жаққа өтіндер**» деп, оларға арналған



байрақ көтеріліп, Юсуф алейһиссаламның қолына тапсырылады. Юсуф алейһиссалам олардың имамы болады. Осындай жастардың сипаты харамдардан, бөтен әйелдер мен қыздардан аулақ болу. Рашид бин Сулейман (рахимаһуллаһу та'ала) және осы үмбеттен оған ұқсағандар осы топқа жатады.

Одан кейін тағы бір үндеу салынады: «Аллаһ үшін бір-бірін жақсы көргендер және мұсылмандарды жақсы көріп, кәпірлер мен мүртәдтерді жақтырмағандар қайда?» делінеді. Олар да Аллаһу та'аланың алдына әкелінеді. Аллаһу та'ала оларға да «Мәрхаба. Қош келдіңдер» деп сәлем беріп, қалай қаласа, солай ілтипат көрсетеді. Кейін оң жаққа өтулері әмір етіледі. Аллаһу та'аланың дұшпандарын жақсы көрмейтіндердің сипаты сабыр мен жұмсақтық. Олар дүниелік себептерге бола мүминдерге ренжімейді, жамандық та жасамайды. Хазреті Әли (радиаллаһу анһ) және осы үмбеттен Оған ұқсағандар осы топқа жатады.

Одан кейін тағы үндеу шығып: «Аллаһтан қорыққанынан харам істемегендер және жылағандар қайда?» делінеді. Олар да әкелінеді. Олардың көз жасы шәһидтертің қаны және ғұламалардың сиясымен салыстырылып тартылады, көз жасы ауыр басады. Оларға да оң жаққа өту бұйрылады. Оларға арнап әртүрлі түстермен безендірілген байрақ көтеріледі. Өйткені олар әр түрлі харам істеушілердің арасында жүріп, «Құдай мейірімді, кешіреді» деп алдағандарға алданбай харам істемеген еді. Түрлі күнәлардан сақтанып, Аллаһу та'аладан қорқып жылаған еді. Кейбірі Аллаһу та'аладан қорқып, кейбірі дүниелікке берілуден, ал басқа бірі өкінгенінен жылаған еді. Олардың байрақтары Нұх алейһиссаламға беріледі. Ғалымдар олардың алдына өтпекші болып, «Оларға Аллаһ үшін жылауды біз үйреттік» дейді. Бір үндеу шығып: «Ей, Нұх, өз орнында қал!» делінеді. Нұх алейһиссалам бірден тоқтайды, әлгі жамағат та Онымен бірге тоқтайды.

Әһли сүннет ғалымдарының сиясы мен шәһидтердің қаны салыстырылып тартылады. Ғалымдардың сиясы ауыр басып, оларға оң жаққа өту әмір етіледі. Шәһидтерге гүлді байрақ арналып, Яхия алейһиссаламның қолына беріледі. Яхия алейһиссалам олардың алдында жүреді. Ғалымдар олардың алдына өтпекші болып:

«Шәһидтер біздің білімімізден үйреніп соғысты. Біз олардың алдында жүруге лайықтырақпыз» дейді. Сол кезде Аллаһу та'ала мейірімін көрсетіп: **«Ғалымдар менің алдымда пайғамбарларым сияқты»** дейді де, ғалымдарға қарап: **«Қалаған адамдарыңа шапағат етіндер»** деп айтады. Ғалымдар туған-туысқандарына, көршілеріне, мүмин бауырларына және шәкірттерінің олардың айтқанымен жүргендеріне шапағат етеді.

Ғалымдардың әрқайсысының атынан бір періштеге үндеу айтқызылады. Періште адамдарға жар салып: «Пәленше ғалымға Аллаһу та'ала шапағат етуді әмір етті. Кімде-кім оның бір жұмысын жасап берген болса, бір үзім нан немесе бір жұтым су берген болса, кітаптарын жайған болса, соларға шапағат етеді» дейді. Сол ғалымға қандай да бір жақсылығы тигендер оның кітаптарын таратқандар орындарынан тұрады. Ғалым оларға шапағат етеді.

Хадис шәрифте көрсетілгені бойынша, ең алғаш шапағат етушілер – Расулдар. Кейін Нәбилер (aleyһимуссалауату уәттаслимат), кейін ғалымдар. Ғалымдарға арналып ақ байрақ байланады да, Ибраһим алейһиссаламға беріледі. Ибраһим алейһиссалам жасырын мари-феттерін көрсету тұрғысынан Расулдардың ең озаты. Осы себептен байрақ Оған беріледі.

Одан кейін тағы бір жаршы үндеу салып: «Напақасын табу үшін маңдай терімен жұмыс істеп, тапқанына қанағат еткен кедейлер қайда?» дейді. Кедейлер де Аллаһу та'аланың алдына апарылады. Аллаһу та'ала ілтипат көрсетіп: «Мәрхаба, ей, дүниелері зындан болған адамдар» дейді. Олардың да Асхаби яминмен (жәннаттықтармен) бірге болуы бұйырылады. Оларға арнайы сары байрақ байланып, Иса алейһиссаламның қолына беріледі. Иса алейһиссалам оларға имам болады.

Одан кейін тағы бір жаршы үндеу салып: «Ағния, яғни шүкір етуші, мал-мүлкі мен ақшаларын дінді қуаттандыру және мұсылмандарды залымдардан қорғау үшін берген байлар қайда?» дейді. Олар да әкелінеді. Оларға нәсіп болған байлықтарды Аллаһу та'ала бес жүз жыл санатқызады. Яғни сол байлықтарымен не істегені есепке тартылады. Оларға арнайы түрлі-түсті байрақ байланып, Сүлейман алейһиссаламға беріледі.

Сүлейман алейһиссалам оларға имам болады. Оларға да Асхаби яминге қосылу бұйырылады.

Хадис шәрифте айтылғаны бойынша, төрт нәрседен төрт нәрсеге куәлік етуі талап етіледі. Мал-мүлік және мансаптарымен мұсылман елді қинағандарға үндеу келеді: «Сендердің Аллаһу та'алаға ғибадат етулеріңе қай мүлік тосқауыл болды?» Сонда олар: «Аллаһу та'ала бізге мал-мүлік пен абырой берді. Олар Аллаһу та'аланың бұйрығын орындауда бізге тосқауыл болды» дейді. Оларға тағы да: «Мал-мүлік тұрғысынан сендер артықсындар ма, әлде Сүлейман алейһиссалам артық па?» деп сұралады. Олар «Сүлейман алейһиссалам артық» деп жауаптайды. Сонда: «Олай болса, маған ғибадат жасауға оған мал-мүлкі тосқауыл болмады, ал сендерге тосқауыл болыпты» делінеді.

Одан кейін «Бәле-жала әһлі қайда?» делінеді. Олар да әкелінеді. Олардан «Сендердің Аллаһу та'алаға ғибадат етулеріңе не тосқауыл болды?» деп сұралады. Сонда олар «Аллаһу та'ала дүниеде басымызға дерттер мен қиыншылықтар берді. Осы себептен зікірден және ғибадаттан мақұрым қалдық» деп жауаптайды. Олардан «Бәле-жала тұрғысынан сендердің бастарыңа түскен қиындық көп пе еді, әлде Әйюб алейһиссаламға келген бәле-жала ма?» деп сұралғанда, олар: «Әйюб алейһиссаламға келгені көп еді» деп жауап береді. Оларға: «Олай болса, Аллаһу та'аланы зікір етуге, Оның дінін құлдарына жаюға, ғибадаттарды орындауға Оған бәле-жала тосқауыл болмай, сендерге тосқауыл болды ма?» делінеді.

Одан кейін «Жастар мен мәмлүктер, яғни құлдар мен күндер қайда?» делінеді. Олар да Аллаһу та'аланың алдына әкелінеді. Олардан: «Сендердің Аллаһу та'алаға ғибадат етулеріңе не тосқауыл болды?» деп сұралады. Олар: «Аллаһу та'ала бізге көріктілік пен сұлулық берді. Біз сонымен алдандық, жастық шақтың қызықтарына беріліп кеттік. Сол жастық шақ бізде мәңгі қалады деп ойладық. Аллаһу та'аланың дінін үйренбедік. Оның алдындағы міндетімізді орындамадық» дейді. Мәмлүктер «Құл болдық, күн болдық, қожайындарға қызметші болдық. Дүниедегі үстемдерге табындық. Діннен сауатсыз қалдық, алдандық. Йа, Раббым, Сенің алдындағы міндетімізді орындаудан мақұрым қалдық» дейді.

Олардан: «Сендер сұлу едіңдер ме, әлде Юсуф алейһиссалам ба?» деп сұралғанда, олар «Юсуф алейһиссалам сұлурақ еді» деп жауаптайды. Сонда оларға: «Олай болса, хазреті Юсуфқа құл болғанында Аллаһтың алдындағы міндеттерін орындауға ештеңе тосқауыл болмай, сендерге тосқауыл болды ма?» делінеді.

Одан кейін «Жұмыс істемеген жалқау кедейлер қайда?» деген үндеу шығады. Олар да әкелінеді. Олардан да «Сендердің Аллаһу та'алаға құлшылық етулеріңе не тосқауыл болды?» деп сұралады. Олар «Жұмыс істемедік. Кәсіп үйренбедік. [Кафелерде, кинотеатрларда, ойын-сауық орындарында уақыт өткіздік]. Аллаһу та'ала дүниеде біздің басымызға кедейлік берді. Кедейлік пен жалқаулық құлшылық міндетімізді атқаруымызға тосқауыл болды» деп жауаптайды. Оларға «Сендер кедей едіңдер ме, әлде Иса алейһиссалам ба?» деген сұрақ қойылады. Олар «Иса алейһиссалам бізден де кедей еді» деген жауап қайтарады. Сонда оларға «Олай болса, осыншалықты кедейлік Оған құлшылық міндетін атқаруға, діни білімдерді жаюға тосқауыл болмады, ал сендерге тосқауыл болды ма?» делінеді.

Кімде-кім осы төрт нәрсенің біріне душар болса, олардың иесін ойласын! Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) дұғасында **«Йа, Раббым! Байлық пен кедейлік фитнасынан саған сиынамын»** деп дұға ететін еді.

Иса алейһиссаламнан ғибрат алыңдар, дүниеде ол ешбір мүлікке ие болмады. Жүннен жасалған шапанын жиырма жыл киді. Саяхатқа шыққанда тек қана бір шынысы, қара алашасы және тарағы бар еді. Бір күні біреудің қолымен су ішіп жатқанын көріп, шынысын тастады. Тағы бір күні біреудің қолымен сақалын тарап жатқанын байқап, тарағын да тастады. Ол: «Менің жануарым (көлігім) – аяғым. Үйім – үңгірлер, тамағым – жерден өсіп шыққан өсімдіктер, сусыным – бұлақ суы» дейтін еді. [Алайда ислам дінінде олай емес. Жұмыс істеп, ақша табу ғибадат саналады. Көп жұмыс істеп, көп ақша тауып, табысты ислам діні бұйырған жақсы жерлерге жұмсау қажет.

**«Рамуз-ул-әхадис»** кітабында жазылған хадис шәрифте айтылған: **«Сахабаларыма кедей болу бақыт. Ал ақыр заманда**

**келетін үмбетіме бай болу бақыт».** Біз қазір ақыр замандамыз. Күнә істеушілер, фитнес шығарушылар, ғибадаттарға бидғат араластырушылар көбейген уақыттамыз. Бұл заманда халал-харамды, бидғаттарды және күпірге себеп болатын нәрселерді үйрену, соларды ұстану және халал жолдан ақша тауып бай болу үлкен ғибадат. Тапқан табыспен кедейлерге және Әһли сүннет білімдерін таратып жатқан мұсылмандарға көмектесу үлкен бақыт. Осы бақытқа қолжеткізгендерге сүйінші болсын!]

Аллаһу та'ала түсірген кейбір сухуфтарда: **«Ей, Адам баласы! Ауру мен күнә істеу өмірдің жағдайларынан. Қастандықпен адам өлтірудің жазасына қарағанда қателікпен өлтірудің жазасы жеңілдікпен беріледі. Бұған қысас (қанға қан) үкімі берілмейді, дегенмен бұл да өте жаман іс. Одан да сақтаныңдар!»** делінген.

Үлкен күнәлары бар кісінің жүрегінде иманы бар болса, азаптан кейін шапағатқа қауышады. Аллаһу та'ала оларға сый-сияпат көрсетеді. Мыңдаған жыл өткеннен кейін тозақтан шығарады. Алайда тозақтағылардың терілері, еттері күйгеннен кейін қайтадан жаратылады. Хасан Басри (рахметуллаһи алейһ) «Мен сол ең соңынан шығатын адамдардан болсам ғой» деп армандайтын еді.

[Хасан Басри 110 [м.728] жылы қайтыс болды].

Күмәнсіз, Хасан Басри (рахметуллаһи алейһ) ахирет жағдайларын жақсы білетін ғалым. Қиямет күнінде бір мұсылман әкелінеді. Оның мизанда ауыр басатындай ешқандай жақсылығы жоқ. Аллаһу та'ала оның иманының құрметіне оған мейірім танытып айтады **«Адамдарға бар, саған жақсылық пен сауабын сыйлайтын кісі іздеп көр. Оның сыйлығы себебімен жәннатқа кіресің!»** Әлгі адам барып, адамдардың арасынан іздегенін беретін кісіні іздейді. Бірақ оның сөзін тыңдайтын ешкімді таба алмайды. Жағдайын айтып сұрағандарының бәрі «Менің де сауаптарым таразда жеңіл болуынан қорқамын. Мен саған қарағанда көбірек мұқтажбын» дейді. Ол бұған мұңайып қалады. Сонда қасына бір кісі келіп «Не іздеп жүрсің?» дейді. Ол «Мен сауапқа мұқтажбын. Бәлкім мың адамнан сұраған шығармын, бәрі сылтауларын айтып ештеңе бермеді» деп жауаптайды. Әлгі кісі оған «Аллаһу та'аланың алдына бардым. Амал дәптерімде бір сауаптан басқа сауап жоқ

екен, бұл мені құтқаруға жетпейді. Мұны саған берейін, сен ала бер!» дейді. Адам қуанып кетеді. Аллаһу та'ала ол құлдың жағдайын білсе де «Неңмен келдің?» деп сұрайды. Ол әлгі кісімен болған оқиғасын айтып береді. Аллаһу та'ала әлгі сауабын берген құлды да шақырады да: **«Иман иелеріне менің жомарттығым сенің жомарттығыңнан, сыйыңнан көбірек. Дін бауырыңның қолынан ұста, жәннатқа бірге кіріңдер»** дейді.

Мизанның екі табағы тең болып, егер сауап жағы ауыр баспаса, Аллаһу та'ала айтады: **«Бұл жәннаттық та емес, тозықтық та емес»**. Сонда бір періште бір парақ әкеліп, күнә табағының үстіне қояды, онда тек қана «Уф» деп жазылған. Ол табак сауаптан ауыр басады. Өйткені «Уф» сөзі ата-анаға қарсы шығу сөзі болып саналады. Адамды осыменен тозаққа тастау әмір етіледі. Ол кісі жан-жағына қарап, Аллаһу та'аланың оны шақыруын үміт етеді. Аллаһу та'ала оны шақырып: **«Ей, аси, қарсы шыққан құл! Неліктен сені шақыруымды қаладың?»** деп сұрайды. Әлгі құл: **«Йа, Раббым! Түсінгенім бойынша, ата-анама қарсы шыққаным үшін тозаққа бара жатырмын. Олардың азабын маған жүктеп, оларды тозақтан азат ете гөр!»** деп жауаптайды. Сонда Аллаһу та'ала: **«Ата-анаңа дүниеде қарсы шықтың. Ал ахиретте сыйладың. Оларды қолдарынан ұстап, жәннатқа алып кір»** дейді.

Жәннатқа жіберілмегендерді періштелер ұстап алады. Өйткені періштелер ахирет үкімдерін өте жақсы біледі. Тіпті ахиреттен нәсібі болмаған бір қауымға айтылатын үндеу бойынша, олар ахиреттің отыны, олар тозақты толтыру үшін жаратылған. Оларға қарап Аллаһу та'ала «Саффат» сүресінің жиырма төртінші аятында: **«Оларды тоқтатындар, олар сұраққа тартылады»** дейді.

Олар қамауға алынады. Оларға «Саффат» сүресінің жиырма бесінші аяты каримасындағы **«Сендерге не болды, неге бір-бірлеріңе көмектеспейсіңдер?»** делінгенге дейін сонда қалады.

Олар осылайша көнеді. Күнәларын мойындап, бәрі тозаққа жіберіледі. Осы түрде пайғамбарымыздың үмбетінен үлкен күнә істегендері әкелінеді. Кәрі-жас, еркек-әйел бәрі бір жерге жиналады. Тозақтың қарауылы болған **Малик** оларға қарап:

«Сендер қарақшы тобынансыңдар. Бірақ байқағаным бойынша, қолдарың да байланбаған, беттерің де қараймаған екен. Сендерден әдемірек тозаққа әлі ешкім келмеген» дейді. Олар «Ей, Малик! Біз Мұхаммед алейһиссаламның үмбетіміз. Бірақ істеген күнәларымыз тозаққа жетеледі. Бізді жібер, күнәларымыз үшін жылайық» дейді. Сонда Малик оларға: «Жылаңдар! Бірақ сендерге жылау қазір пайдасын тигізбейді» дейді.

Қаншама орта жастағы адамдар «Дерттерім, қиыншылықтарым артты!» деп жылайды.

Бір қарт ер кісі ақ сакалын ұстап: «Өттең, жастық шақ өтті. Қиыншылық пен қайғы артты. Қор болдым, маскара болдым!» деп жылайды.

Қаншама жастар «Өттең, жастық шағымды жіберіп алдым! Яғни жастық шағымның қадірін білмедім!» деп жылайды.

Қаншама әйелдер шаштарын ұстап: «Ойбай! Жүзім қарайды, маскара болдым!» деп жылайды.

Аллаһу та'ала тарапынан **«Ей, Малик! Оларды бірінші тозаққа кіргіз»** деген үндеу келеді. Тозақ оларды ішіне кіргізген кезде олар **«Лә илаһа иллаллаһ»** деп айқайлайды. Тозақ бұл сөзді естігенде олардан бес жүз жылдық қашықтыққа қашады. [Бір нәрсенің көп екенін жеткізу үшін мұны үлкен сандармен айтудың Арабстанда әдет екені **«Ибн Абидин»** кітабының «Әл-хазар уәл-ибаха» бөлімінде жазылған. Яғни үлкен сандар мөлшерді емес, көптікті көрсетеді]. Тағы бір үндеу келеді: «Ей, тозақ! Оларды ішіне кіргіз! Йа, Малик! Оларды бірінші тозаққа таста!» Осы кезде аспанның күркірегеніне ұқсайтын гүріл естіледі. Тозақ олардың жүректерін жақпақшы болған кезде Малик тозаққа тосқауыл болады. «Ей, тозақ, ішінде Құран кәрім бар және иманның қабы болған жүректі жақпа! Рахман болған Аллаһу та'алаға сәжде жасаған маңдайларды жақпа!» дейді. Осы жағдайда олар тозаққа тасталады. Бір кісінің айқайы тозақ халқының дауыстарынан қаттырақ шыққаны байқалады. Оны тозақтан шығарады, оның тек терісі ғана жанған болады. Аллаһу та'ала одан: **«Саған не болды? Тозақ халқынан ең қатты сен айқайлап жатырсың»** деп сұрайды. Сонда ол кісі «Йа, Раббым! Мені есепке тарттың. Сенің мейіріміңнен әлі үмітімді үзбедім. Мен

білемін, сен мені естисің. Осы себептен қатты айқайладым» деп жауап береді.

Аллаһу та'ала **«Кімде-кім Аллаһу та'аланың мейірімінен үмітін үзсе, ол адам адасушылардан»** деген «Хижр» сүресінің елу алтыншы аяти каримасымен сөйлеп, **«Бар, сені кешірдім»** дейді.

[Мұхаммед ибн Абидин 1252 [м.1836] жылы Дамаскта қайтыс болды].

Тағы бір кісі тозақтан шығады. Аллаһу та'ала **«Ей, құлым, сен тозақтан шықтың. Қай амалыңмен жәннатқа кіресің?»** деп сұрайды. Сонда құл: **«Йа, Раббым! Мен әлсізбін, аздаған нәрседен басқа ештеңе сұрамаймын»** дейді. Ол адамға жәннаттан бір ағаш көрсетіледі. Аллаһу та'ала **«Өзің көріп тұрған мына ағашты саған берсем, басқасын сұрайсың ба?»** дейді. Әлгі құл: **«Йа, Раббым! Ұлылығың мен үстемдігіңнің хаққы үшін басқасын сұрамаймын»** деп жауап береді. Сонда Аллаһу та'ала **«Бұл саған менен сыйлық болсын!»** дейді. Ол ағаштың жемісін жеп, көлеңкесінде отырғаннан кейін одан да жақсы басқа бір ағаш көрсетіледі. Адам сол ағашқа ұзақ қарайды. Аллаһу та'ала **«Саған не болды? Оны да жақсы көріп қалдың ба?»** деп сұрайды. Әлгі құл **«Иә, ей, Раббым»** деп жауаптайды. Аллаһу та'ала **«Саған сол ағашты да берсем, басқасын сұрамайсың ба?»** деп сұрағанда, құл **«Сұрамаймын, йа, Раббым!»** дейді. Осы ағаштың жемісін жейді, көлеңкесінде отырады. Одан да жақсы, әдемі бір ағаш көрсетіледі. Бұл адам оған да қарап қалады. Аллаһу та'ала оған: **«Осыны да саған берсем, басқасын сұрамайсың ба?»** дейді. Адам **«Құрметіңнің хаққы үшін сұрамаймын, йа, Раббым»** деп жауап береді. Сол кезде Аллаһу та'ала разы болып, сол мүмин құлды кешіреді де, жәннатқа кіргізеді.

Ахиреттің таңқаларлық істерінің бірі, бір кісі Аллаһу та'аланың алдына апарылады. Аллаһу та'ала оны есепке тартады. Оның жақсылықтары мен жамандықтары салыстырылып тартылады. Ол адам Аллаһу та'ала ол кезде сол адамның есебінен басқа ештеңемен айналыспады деп ойлаған болса керек. Бірақ олай емес. Бәлкім сол сәтте миллиондаған, санын Аллаһу та'аладан басқа ешкім білмейтін мөлшерде адамдардың есебіне қарады. Олардың әрбірі сол уақытта



тек қана оны есепке тартып жатыр деп ойлайды.

Ол жақта кейбір адамдар бірін-бірі көрмейді. Бір-бірінің сөздерін естімейді. Бәлкім, әрбірі Аллаһу та'аланың пердесінің астында. Субханаллаһ, бұл не деген күш пен не деген құдірет. Міне осы жайт «Лұқман» сүресінің жиырма сегізінші аятының **«Сендердің дүниеде, кейін ахиретте жаратылуларың бір тыныс алатындай уақыт»** деп көрсетілген уақыт. Аллаһу та'аланың бұл қаулысында сырлар бар, ол уақытсыз және мекенсіз болу сыры. Өйткені Аллаһу та'аланың мүлкінде, істерінде мақсат пен шектеу жоқ. Субханаллаһ, әрекеттерінің ешбірі басқа істеріне кедергі болмайды.

Міне осы уақытта кісі баласына келіп: «Ей, балам! Мен саған киім-кешек кигіздім, сен өзіңнің киім киюге шамаң жоқ еді. Сені тойғыздым, су бердім, сен бұларды әрине істей алмайтынсың, кішкентай кезінде сені қорғадым, сен өзіңе зиянды нәрселерден аулақ болуға және пайдалы нәрселерге ұмтылуға шамаң жетпейтін еді. Менен әртүрлі жеміс-жидектер сұрадың, мен саған сатып алып бердім. Саған дінінді, иманыңды үйреттім. Сені Құран кәрім үйрететін ұстазға жібердім. Алайда қазір қияметтің ауыртпалығын көріп тұрсың. Күнәларымның көп екенін білесің. Сол күнәларымның бір бөлігін сен мойныңа ал, менің күнәларым азайсын. Маған жақсылық, сауап бер, мизаным соның есебінен артсын» дейді. Баласы одан қашып: «Ол сауапқа саған қарағанда мен көбірек мұқтажбын» дейді.

Осылайша, бала мен ата-ана арасында осы мәміле орын алады, күйеуі мен әйелі бір-бірімен осылай сөйлеседі. Бауырлар бір-біріне осындай мәміле жасайды. Бұл Аллаһу та'аланың «Абәсә» сүресінің жиырма төртінші аятында **«Ол күні адам бауырынан және ана перзентінен қашады»** деп осы жағдайды хабар беруде.

Хадис шәрифте айтылған: **«Адамдар қиямет күні жалаңаш болып тіріледі»**. Айша-и сыддықа анамыз (радиаллаһу анһа) осыны естіген кезінде «Олар бір-біріне қарамайды ма?» деп сұрады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) «Абәсә» сүресіндегі **«Қиямет күнінде адамдар бір-біріне қарайтындай жағдайда болмайды»** деген мағынадағы отыз жетінші аятын оқыды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) осы хадис

шәрифпен айтпақшы болғаны, қиямет күнінің ауырпалығы мен қиыншылығы адамдардың бір-біріне қарауына бөгет болады.

Адамдар бұл уақытта бір жерге жиналады. Олардың үстіне қара бұлт келеді. Ол бұлт адамдардың үстіне «**Сухуф-и мунәшшәра**», яғни амал дәптерлерін жаудырады. Мүминнің дәптері гүл жапырағына жазылғандай, ал кәпірлердің дәптері қарағай жапырағына жазылғандай болады.

Дәптерлері ұшып келіп түседі. Әр адамның оң немесе сол жағынан келеді. Бұл адамдардың қалауында емес. Расында, Аллаһу та'ала «Исра» сүресінің оныншы аятында: **«Біз адамға беттері ашылған күйде өзі туралы кітап жібереміз»** деген.

Кейбір ғалымдардың айтуынша, «Кәусар» хауызы сыратты өткеннен кейін әкелінеді. Алайда бұл қате. Өйткені сыратты өткен адам хауызға қайтып келмейді.

Жетпіс мың [яғни өте көп] адам ауыр есепке тартылмастан жәннатқа кіреді. Оларға мизан құрылмайды. Олар амал дәптерін алмайды. Бірақ оларға берілген дәптердің үстінде **«Лә илаһа иллаллаһ, Мухаммадун расулуллаһ. Бұл пәленше ұлы түгеншенің жәннатқа кіруінің және тозақтан құтылуының бәраты (құжаты)»** деп жазылған.

Құлдың күнәлары кешірілген кезде бір періште оны Арасат алаңына алып барады. Үндеу шығып: «Бұл пәленше ұлы түгенше. Аллаһу та'ала оның күнәларын кешірді. Енді ол шақи (тозақтық) болмайды, бақытпен саид (жәннаттық) болды» делінеді. Ол адамға осы дәрежеден артық ешқандай дәреже жағымды болмайды.

Қиямет күнінде Расулдар (aleyhimussалауату уәттәслимат) мінберлер үстінде болады. Әр Расулдың мінбері өз мәртебесі шамасында. Улема-и амилин, яғни Әһли сүннет сенімінде болған және білімімен амал еткен ғалымдар да (рахметуллаһи алейһим әжмаин) нұрлы орындықтарда отырады. Аллаһу та'аланың дінін қорғау және жаю үшін шәһид болғандар мен салихтар, яғни ислам үкімдерін ұстанғандар, Құран кәрімді құрметпен, әуендетпей оқыған қарилар мен азанды сүннетке сай оқыған муәззиндер топырағы хош иісті жерлерде болады. Олар – Ислам үкімдерін ұстанып, жақсы амалдар істеуі себебінен нұрлы орын иелері,

Адам алейһиссаламнан Фахри алем пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) дейін келген барлық пайғамбарлардан кейін оларға шапағат ету рұқсаты берілетін адамдар.

Хадис шәрифте айтылған: **«Құран кәрім қиямет күнінде жүзі әдемі және мінезі көркем бір адам кейіпінде келеді. Одан шапағат талап етіледі, ол шапағат етеді. Ол әуендетіп [өлең сияқты оқығандарға, сазды аспап пен ойын жерлерінде ойын-сауық үшін оқығандарға және ақша табу үшін] оқығандарға даугер болады. Осындай адамдардан ақысын талап етеді. Разы болған адамдарын жәннатқа алып кетеді».**

Дүние [яғни ғибадат етуге кедергі болған, харам істеуге себеп болған нәрселер және адамдар] да кәрі, ақ шашты және әйелдердің ең жаманы кейіпінде көрінеді. Адамдардан «Сендер мынаны танысыңдар ма?» деп сұралады. Олар: «Біз одан Аллаһу та'алаға сиынамыз» дейді. Сонда әлгі адам: «Сендер дүниеде маған жету үшін бір-бірлеріңмен жанжалдасатын едіңдер, бір-бірлерінді мен үшін жек көретін едіңдер» дейді.

Осы секілді жұма күні де сүйкімді адам кейіпінде көрсетіледі. Мүминдер оған зер салып қарайды. Жұма күнін қадірлегендер мускус пен қалампыр құмдары үстінде қорғалады. Жұма намазын оқыған мүминдердің үстінде нұр болады, бәрі оған қарап танданады. Жұма күніне көрсеткен құрметтері себебімен жәннатқа кіргізіледі.

Ей, мұсылман бауырым! Аллаһу та'аланың рақымдылығына және Құран кәрімнің, исламның, жұманың жомарттығына қарашы, Құран кәрім әһлі қандай қадірлі. Намаз, ораза, зекет, сабыр мен көркем мінезден құралған ислам діні неткен құнды!

Өлім уақытында адамның тыпырлауынан, қиналған болып көрінуінен мағына шығарған адамның сөзіне мән берілмейді. Өйткені Хандек күнінде пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) «Ей, шіритін денелердің Раббы және жоқ болып кететін рухтардың жаратушысы Раббым!» деген дұғасы Аллаһу та'ала қалаған барлық дене шіритінін көрсетіп тұр. Рухтар да қиямет күні келгенде жоқ болады. Олардың бәрінің жаратушысы және Раббы – Аллаһу та'ала. Осы айтылғандардың бәрі жеке-жеке білімдерге мұқтаж. Басқа кітаптарымызда осыларды баяндадық.

Имам Ғазали (рахметуллаһи алейһ) бұл жерде ахирет жағдайларын өте қысқа түрде баяндағанын хабар беруде. «Біз бұл кітапта Әһли сүннет жолын мұсылмандар ұстансын деп қысқартып жазуды көздедік. Ислам дініне қайшы болған бидғаттарға [мазһабсыздарға, діндегі реформашыларға] көңіл бөлме! Құран кәрім мен хадис шәрифтерден әһли сүннет ғалымдары шығарған, түсіндірген мағыналарға жүгін! Басқалары, адам шайтандары ойдан шығарған бидғаттарға алданба! Олардан аулақ бол! Осы себеппен мүминдерге, Әһли сүннет жолын ұстанғандарға сүйінші бер!

Аллаһу та'аланың сақтығы, жомарттығы және ихсанымен күнәдан пәктік пен жетістік сұраймыз. Әмин уә хасбуналлаһ уә ни'мәл уәкил уә саллаллаһу алә Мухаммадин уә алиһи уәсахбиһи әжма'ин.

## **ҚИЯМЕТ ЖӘНЕ АХИРЕТ КІТАБЫНЫҢ СОҢҒЫ СӨЗІ**

Дүние мен ахиретте бақытқа қолжеткізу үшін «**Әһли сүннет сенімін**» үйреніп, иманды соған сай түзету, одан кейін фикһ білімін үйреніп, онымен амал ету және Аллаһу та'аланың достарын, сүйікті құлдарын жақсы көріп, ислам дінінің дұшпандарын танып, оларға алданбау керек. Әһли сүннет сенімін және парыздар мен харамдардан қажетті болғандарын үйрену әрбір мұсылманға парыз айн. Бұларды үйренбеу үлкен күнә. Үйрену зәру болған осы білімдер дұрыс және айқын түрде «**Саадәти әбәдия**» және «**Ислам ахлақы**» кітаптарында жазылған. Әр мұсылман әһли сүннет ғалымдарының кітаптарынан жинақталып дайындалған илмихал кітабын алып, бала-шағасына, жора-жолдастарына, жақындарына оқытқызуы керек. Дүниеге және ахиретке пайдасы тимейтін, тіпті зиянды болған дінді және мінезді бұзатын арандатушы газет-журнал мен кітаптарды оқымау керек, қажетті, пайдалы кітаптарды оқып үйрену қажет. Қажетті кітаптардың өте құндысы Имам Ғазалидің кітаптары мен Имам Раббанидің (қуддисә сирруһума) «**Мәктубат**» атты кітабы. Осы екі кітаптың аудармасы «**Саадәти әбәдия**» және

басқа да кітаптарымызда жазулы. Хадис шәрифте: **«Әулиелер еске алынған жерге рахмет (мейірім) түседі»** делінген. Бұл хадис шәриф әулиелерді жақсы көріп еске алған адамның фәйз бен берекетке кенелетінін және дұғаларының қабыл болатынын хабар беруде. Әр адам өзінің сүйіспеншілігі шамасында сол әулиелердің фәйздері мен нұрларынан пайдаланады. Олардың назары дауа, сұхбаттары ауру, өлі жүректерге шипа. Оларды көргендер Аллаһу та'аланы еске алады. Қазіргі таңда оларды табу, көру мүмкін емес болып қалды, дегенмен олардың кітаптарын оқып, олардың үстем, таңдаулы тұлғалар екендігіне сенген, сол үшін оларды жақсы көрген адам олардың рухтарынан фәйз алады, пайдаланады. Бұл жайлы осы кітабымыздың ішіндегі **«Мұсылманға насихат»** бөлімінде кеңірек мәлімет бар. Пайғамбарлар (aleyһимуссалам) – құлдарды Аллаһу та'алаға жақындататын себепкерлер. Хадис шәрифте әулиелердің, яғни **«Ислам үкімдерін жақсы біліп, білгенімен амал еткен ғалымдардың пайғамбарлардың мұрагерлері екендігі»** айтылған. Осы себептен әулиелер де (aleyһимуррахмә) адамды Аллаһу та'аланың разылығы мен мейіріміне жеткізетін себепкерлер. Құран кәрімде **«Аллаһу та'алаға жақындау үшін арашы іздендер!»** делінген. Бұл арашылардың ең ұлыларының бірі пайғамбарлар (салауатуллаһи алейһим әжмаин) және олардың мұрагерлері болған ғалымдар (рахметуллаһи алейһим әжмаин). Хужжәт-ул ислам Имам Мұхаммед Ғазали және Имам Ахмед Раббани мүжәддид-и уә мунәууир-и сани Фаруқи Сәрһәнди (рахметуллаһи алейһима) осындай мұрагерлерге жатады. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) мұрагері және Оның мүбәрәк көңіліндегі нұрлар мен марифеттерді алып, таза жүректерге жеткізген осы екі ұлы тұлғаны арашы етіп бақытқа кенелу өте оңай. Өйткені олардың кітаптарын, аудармаларын оқып, оларды тану және жақсы көру тым оңай болмақ. Әулиелерді жақсы көргендер кешіріледі деп сүйіншіленген.

[Имам Ахмед Раббани 1034 [м.1624] жылы Сәрһәндте қайтыс болды].

## НӘПІСПЕН ЕСЕПТЕСУ

Үлкен ислам ғалымы Имам Мұхаммед Ғазали (рахметуллаһи алейһ) [450] хижри жылы Тус қаласында туылып, 505 [м.1111] жылы сол жерде қайтыс болған. Жүздеген кітаптарының ішінде соңғы жазған «**Кимия-и саадәт**» атты кітабында төртінші томның алтыншы бөлімінде парсы тілінде былай жазған:

«Әнбия» сүресінің қырық жетінші аятында: **«Қиямет күні таразы құрамын. Ол күні ешкімге зұлымдық жасалмайды. Әр адамның дүниеде жасаған түйірдей жақсылығы мен жамандығын шығарып, таразыға қоямын. Әр адамды есепке тартуға үлгеремін»** деді. Әркім дүниеде өз-өзін есепке тартып жүрсін деп осылай хабар берген. Пайғамбарымыз (aleyһиссалам) айтқан: **«Мына адам ақылды: күнді төртке бөліп, біріншісінде істегендерін және істемекші болғандарын есепке тартады. Екіншісінде Аллаһу та'алаға жалынып жалбарынады. Үшіншісінде бір кәсіпте немесе саудада жұмыс істеп, халал ақша табады. Төртіншісінде демалады және мубах болған нәрселермен айналысып тынығады, харам істемейді және оларға бармайды»**.

Екінші халифа Омар-ул-Фарук (радиаллаһу анһ) [23 жылы Мәдина қаласында қайтыс болды, қабірі Хужрә-и сәдатте] айтқан: Есепке тартылмай тұрып өздерінді есепке тартыңдар! Аллаһу та'ала: **«Шәһуаттарыңды [яғни нәпісінің қалауларын] харамдардан алмауға тырысыңдар және осы күресте берік, төзімді болыңдар!»** деген. Сондықтан дін ғұламалары бұл дүниенің базар орнындай болғанын және бұл жерде нәпіспен саудасаттықта болғанын түсінген. Бұл сауданың табысы – жәннат. Ал зияны – тозақ. Яғни түсіретін пайдасы – мәңгі бақыт, ал зияны – шексіз пәлекет. Олар нәпістерін саудадағы серіктес орнына қойған. Серіктеспен әуелі келісім шарт жасалады. Кейін іс-әрекетіне, сөзінде тұратындығына мән беріледі. Соңында есептесіп, қиянат жасаса сотқа беріледі. Олар да нәпістерімен серіктес сияқты ретімен мыналарды жасайды: Серіктестік құру, мурақабә – оны тексеріп бақылау, мухасәбә – есептесу, муақабәт – жазалау, мүжаһадә –

онымен күресу және муатәбәт – оған ұрсу.

1) Бірінші іс – серіктестік құру. Саудадағы серіктес адамның ақша табудағы серіктесі болуымен қатар, кейде қиянат жасағанда дұшпаны болады. Алайда дүниеде түскен пайдалар өткінші. Ақылды адам бұған мән бермейді. Тіпті кейбірлері «Өткінші болған қайыр мәңгі қалған жамандықтан құнсыз» деген. Адамның әрбір тынысы құнды гауһар сияқты, олардан қазына жинауға болады. Негізінде осыны есептеу қажет. Ақылды адам күнде таң намазынан кейін ойына ештеңе алмастан серіктесі болған нәпсіне былай айтуы керек: «Менің капиталым – тек қана өмірім. Басқа ештеңем жоқ. Бұл капитал сондай құнды, әр шыққан демді ештеңемен қайтарып алуға болмайды, әрбір тыныс санаулы, бара-бара азаюда. Өмір біткенде сауда тоқтайды. Саудаға кірісейік, өйткені уақытымыз аз, ал ахирет ұзын болса да, ол жақта сауда мен кіріс болмайды. Бұл дүние күндері сондай қымбат, ажал келгенде бір күн рұқсат сұрасаң да берілмейді. Қазір бұл ниғмет қолымызда. Әй, нәпсім, өте мұқият бол, осы үлкен капиталды қолдан жіберіп алма! Артынша жылау, қайғыру пайдасыз. Қазір ажалыңның келгенін, тағы бір күн беруін сұрап, жалынып жалбарындың және саған бір күн берілді, бүгінгіңді сол саған берілген күн деп ойла! Олай болса, осы күнді қолдан жіберіп алудан, онымен бақытқа қолжеткізбеуден үлкен шығын болуы мүмкін бе? Ертең өлетіндей тілінді, көздерінді және жеті мүшеңді харамнан сақта!»

Тозақтың жеті есігі бар делінген. Бұл есіктер сенің жеті мүшең. Бұл мүшелерді харамнан сақтамайтын болсаң және бүгін ғибадат жасамайтын болсаң, сені жазалаймын! Нәпіс бағынбайды, әмірлерді орындағысы келмейді, дегенмен насихат тыңдайды және риязат жасау, қалағандарын бермеу оған әсер етеді. Міне, нәпіспен есептесу осылай болады. Расулұллаһ (саллаллаһу алейһи уәсәлләм): **«Ақылды кісі – өлмей тұрып өзін есепке тартқан, өлімнен кейін өзіне пайдасы тиетін, жарайтын нәрселерді жасаған адам»** деген. Тағы бір ретінде: **«Жасамақшы болған әр ісінді алдымен ойлан, Аллаһу та'ала разы болған, рұқсат берген іс болса, онда істе! Ондай болмаса, ол істен аулақ бол!»** деген. Міне, күнде нәпіспен осылай келісім жасау керек.

2) Екінші іс – мурақабә. Яғни нәпісті тексеру, оны бақылаусыз қалдырмау. Егер оны бақылаусыз қалдырсаң, ол өз шәһуаттарына және жалқаулығына қайтады. Аллаһу та'аланың әр ісімізді, әр ойымызды білетіндігін ұмытпауымыз керек. Адамдар бір-бірінің сыртқы көрінісін көреді. Ал Аллаһу та'ала әрі сыртқы көрінісін, әрі ішкі дүниесін көреді. Мұны білетін адамның іс-әрекеттері мен ойлары әдепті болады. Бұған сенбейтін адам – кәпір. Ал сеніп, бірақ қарсылық білдіру үлкен батылдық. Аллаһу та'ала **«Ей, адам! Сені әр сәтте көріп тұрғанымды білмейсің бе?»** деген. Бір Хабәштік кісі Расулуллаһтың (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) алдына келіп: «Көп күнә істедім. Тәубем қабыл болады ма?» деп сұрағанында пайғамбарымыз **«Иә, қабыл болады»** деді. Әлгі кісі «Сол күнәларды істегенімде Ол мен көріп тұрған ба еді?» деп сұрады, **«Иә»** деген жауапты естігеннен кейін хабәштік бір күрсініп құлады да, қайтыс болды. Иман мен ұяттылық осындай болады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) айтқан: **«Аллаһу та'аланы көріп тұрғандай ғибадат етіндер! Сендер Оны көрмесеңдер де, Ол сендерді көріп тұр»**. Оның көріп тұрғанына сенген кісі Ол ұнатпайтын нәрсені істей алады ма? Ғұламалардың бірі бір шәкіртін басқаларына қарағанда көбірек жақсы көретін еді. Басқалары бұл жағдайға ренжитін. Сонда ұстазы әр шәкіртіне бір-бір құс ұстатып «Мынаны ешкім көрмейтін бір жерде сойып алып келіңдер» деді. Бәрі ешкім көрмейтін оңаша жер тауып, құсты сойып алып келді. Ал әлгі жақсы көретін шәкірті соймай алып келді. Ұстазының «Неге айтқанымды істемедің, неліктен соймай алып келдің?» деген сұрағына: «Ешкім көрмейтін жер таба алмадым. Ол (Аллаһу та'ала) барлық жерді көріп тұр» деп жауап берді. Басқа шәкірттер оның мушаһада дәрежесінде екенін түсінді. Мысырдың қаржы уәзірінің әйелі Зәлиха Юсуф пайғамбарды (aleyһиссалам) бөлмесіне шақырған кезде алдымен үйде тұрған бір мүсіннің (пұттың) бетін жауып қойды. «Неге оның бетін жауып қойдың?» деген сұраққа «Одан ұялғаным үшін» деп жауап берді. Сонда Юсуф алейһиссалам «Сен бір тастан ұяласың, ал мен жерді және жеті қабат аспанды жаратқан Раббымның көруінен ұялмаймын ба?» деді. Бір адам Жүнәйд Бағдадиға (207-298 [м.910] Бағдатта) (қуддиса



сиррух) сұрақ қойып: «Көшеде әйелдерге, қыздарға қараудан өзімді тия алмай жүрмін. Бұл күнәдан құтылу үшін не істесем болады?» дегенінде «Аллаһу та'аланың сені сенің сол әйелді көруден де көп көретінін ойла!» деп жауаптады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) айтқан: **«Аллаһу та'ала «Адн» атты жәннатты мына адамдар үшін жаратқан: күнә істейтін кезде Оның ұлылығын ойлап, Одан ұялып, күнәлардан тиылады».**

[Әйелдердің шаш, аяқ-қолдары ашық күйде көшеге шығуы харам. Иманды әйелдер Аллаһу та'аланың көріп тұрғанын ойлауы керек, бөтен еркектерге жалаңаш көрінбеуі керек]. Абдуллаһ ибн Динар (радиаллаһу анһ) айтып берген: Омармен (радиаллаһу анһ) бірге Меккеге бара жатқан едік. Бір шопан отарын таудан түсіріп келе жатты. Халифа (радиаллаһу анһ) «Мына қойларыңның бірін маған сат!» деді. Сонда шопан «Мен жай бір қызметші құлмын. Бұлар менің малым емес» деп жауаптады. «Қожайының білмейді, қасқыр шауып алып кетті дейсің!» дегенінде әлгі құл: «Ол білмесе, Аллаһу та'ала біледі ғой» деп жауап берді. Омар (радиаллаһу анһ) жылап, құлдың қожайынын тауып, құлды сатып алды да, азат етті. Кейін оған: «Бұл сөзің сені осы дүниеде азат еткеніндей, о дүниеде де азат етеді» деді.

3) Үшінші іс – амалдардан кейін оларды есепке тарту. Күнде жатарда сол күні жасаған істері үшін нәпісті есепке тарту керек, капиталды табыс пен шығыннан ажырату керек. Капитал – парыздар. Табыс – сүннеттер мен нәпілдер. Ал шығын – күнәлар. Адам серіктесіне алданбау үшін онымен есептескеніндей, нәпіске одан да мұқият қарау керек. Өйткені нәпіс өте қу және өтірікші. Өз қалауларын саған жақсы, пайдалы қылып көрсетеді. Тіпті әрбір мубахты да «Мұны не үшін істедің?» деп сұрау керек. Егер зиянды бір нәрсе істеген болса, өтеткізу керек. Ибнуссамад – ғұламалардан еді. Алпыс хижри жылдық өмірінің есебін жасады. Жиырма бір мың бес жүз күн еді. «Ах! Күнде кем дегенде бір күнә істеген болсам, мен жиырма бір мың бес жүз күнәдан қалай құтыламын? Алайда жүздеген күнә істеген күндерім де болған» деп ойланып, бір айқайлап құлады. Сөйтсе рухын тапсырып қайтыс болған екен.

Алайда, адамдар өздерін есепке тартпайды. Егер әр күнә

істегенде бөлмесіне бір түйір құм кіргізсе, бірнеше жылда бөлме құмға толар еді. Егер екі иығымыздағы амал жазатын періштелер әр күнәға бір тиын сұрағанда еді, мал-мүлкіміздің бәрін беруіміз қажет болар еді. Алайда бейқамдықпен, әртүрлі ойлармен бірнеше субханаллаһ десек тәспіні алып санаймыз, жүз рет тәспі санадым дейміз де, күнде әртүрлі бос сөздер сөйлеп, оларды санамаймыз. Санайтын болсақ, күнде бірнеше мыңнан асады. Одан кейін таразыда сауап жағының ауыр басатынына үміттенеміз. Бұл қандай ақыл? Омар (радиаллаһу аһ) осы себептен айтқан: «Амалдарың тартылмай тұрып әуелі өздерің амалдарыңды есепке тартындар!» Омар (радиаллаһу аһ) күнде кешке камшымен аяқтарын ұрып, «Бүгін неге осылай істедің?» дейтін еді. Ибн Сәлам (рахметуллаһи алейһ) арқасына отын жүктеп таситын еді. «Сен жүкшісің бе?» деп сұрағандарға «Нәпсімді сынап көріп жатырмын, қалай болатынын көрейік» деп жауаптаған. Ғнас (радиаллаһу аһ) [91 жылы қайтыс болды] айтып берген: «Омарды көрдім (радиаллаһу та'ала аһ), өз-өзіне «Обал саған, ей, нәпсім, саған елдің бәрі әмир-ул-му'минин (мүминдердің әмірі) дейді. Не Аллаһу та'аладан қорқ, не Оның азабына дайындал!» деп айтқан еді».

4) Төртінші іс – нәпісті жазалау. Нәпіспен есептесіп, қателіктерін тауып, жазаланбайтын болса, ол батылдық жинайды, қыңырлана бастайды. Игеріп алу қиынға соға бастайды. Күмәнді нәрсе жеген болса, аш қалдыру керек, бөтен әйелдерге қараған болса, жақсы мубахтарға қаратқызбау керек. Әр мүшеге осылай жаза беру қажет. Жүнәйд Бағдади (рахметуллаһи алейһ) (298 [м.910] жылы Бағдатта қайтыс болды) айтып берген: «Ибниль Кәзити (рахимә-һуллаһу та'ала) бір түні жүніп болды. Ғұсыл алуға тұрмақшы болғанында нәпсі жалқауланып, «күн суық, ауырып қаласың, шыдай тұр, ертең моншада жуынасың» деді. Суық күнде киімімен шомылып, ғұсыл алуға ант етті. Солай істеді және «Аллаһу та'аланың әміріне немқұрайлы қараған нәпістің жазасы осы» деді».

Бір адам бөтен қызға қарап қойды, кейін өкініп, жаза ретінде салқын су ішпеуге ант етті және антын орындап салқын су ішпеді. Әбу Талха (радиаллаһу та'ала аһ) бақшасында намаз оқып жатқан еді. Бір әдемі құс қасына қонды. Құсқа көңілі бөлініп, қанша

рәкат оқығанын шатастырды. Нәпсіне жаза ретінде сол бақшаны кедейлерге садақа қылып берді. [Әбу Талха Зәйд бин Сәһли Ансари барлық соғыстарға қатысты. (34) жылы 74 жасында қайтыс болды]. Малик бин Абдуллаһ Хәсами (рахимә-һуллаһу та'ала) айтып берген: «Рәбахул Қайси (рахимә-һуллаһу та'ала) келіп әкемді сұрады. Мен «Ол ұйықтап жатыр» деп едім, «Екіндіден кейін ұйықтауға бола ма екен?» деп кетіп қалды. Мен оның артынан жүрдім. Сөйтсем ол өз-өзіне: «Ей, ашық ауыз! Сенің не шаруаң бар, біреудің ұйқысына араласып нең бар? Сөз беремін, бір жыл басынды жастыққа тигізбейсің» деп сөйлеп бара жатыр екен. Тәмим Дари (радиаллаһу анһ) ұйқы басып, ақшам намазын өткізіп алған еді. Нәпсіне жаза ретінде бір жыл ұйықтамауға уәде берді. [Тәмим Дари сахаба еді]. Мәжма (рахимә-һуллаһу та'ала) ғұламалардан еді. Бір терезеге қарап бір қызды көріп қалды. Ендігәрі жоғары қарамауға ант етті.

5) Бесінші іс – мүжаһадә, кейбір ғұламалар нәпістері қателік жібергенде жаза ретінде көп ғибадат жасайтын еді. Абдуллаһ ибн Омар (радиаллаһу анһума) намазда жамағатқа үлгере алмай қалса, сол күні түні бойы ұйықтамайтын еді. Омар (радиаллаһу анһ) жамағатқа үлгермегені үшін екі жүз мың дирхам күміс құнында затын садақа қылып таратты. Абдуллаһ ибн Омар (радиаллаһу анһума) бір ретінде ақшам намазын кешіктірген еді. Далаға қараңғы түсіп, екі жұлдыз көрінді. Осыншалықты кешіктіргені үшін екі құл азат етті. Осылай жасағандар көп. Нәпсіне ғибадаттарды жақсы көргізіп жасатқыза алмаған адамға ең жақсы шарасы – бір салих кісінің қасында болу. Оның ғибадаттарды рахаттанып орындап жатқанын көріп, өзі де соған дағдыланады. Бір кісі айтқан: «Ғибадат жасауға нәпсімнің жалқауланғанын байқаған кезімде Мұхаммед бин Уасимен (рахимә-һуллаһу та'ала) сұхбаттасамын. Онымен бірге болу арқылы нәпсімнің бір аптада ғибадаттарды қуанып орындағанын байқаймын». Ондай Аллаһтың сүйікті құлын таба алмағандар бұрын өмір сүрген салих кісілердің өмірбаяндарын оқуы керек. Ахмед бин Зәрин (рахимә-һуллаһу та'ала) жан-жағына еш қарамайтын еді. Мұның себебін сұрағандарға «Аллаһу та'ала екі көзді дүниедегі реттілікке, әр нәрсенің хикметіне және Оның құдіреті мен ұлылығына ғибратпен қарау үшін жаратты.

Ғибрат алмай, жай ғана қарау қателік саналады» деді. Әбу-ддәрда (радиаллаһу та'ала анһ) айтқан: «Дүниеде үш себеппен өмір сүргім келеді: ұзын түндерде намаз оқу үшін, ұзын күндерде ораза ұстау үшін және салих адамдардың қасында отыру үшін». [Әбу-ддәрда (радиаллаһу та'ала анһ) Асхаби кирамнан. Хазреж тайпасынан. Шам қаласының әкімі еді. (33) жылы қайтыс болды]. Алқама бин Қайс (рахимә-һуллаһу та'ала) нәпсімен көп күресетін еді. «Неліктен нәпсіңді осыншалықты қинайсың?» деп сұрағандарға «Оны жақсы көргенім үшін, оны тозақтан қорғау үшін» дейтін еді. «Саған осыншалықты қиыншылық көру бұйрылмаған ғой» дегенде «Ертең басымды ұстап неге істемедім демеу үшін» деп жауаптайтын еді. [Алқама табииннің ұлыларынан. Ибн Мәсудтың (радиаллаһу та'ала анһ) шәкірті. 61 жылы қайтыс болды].

[Мұхаммед бин Уаси 112 [м.721] жылы қайтыс болды].

б) Алтыншы іс – нәпіске ұрсу, оны кінәлау.

Нәпіс – жаратылысында жақсы амалдардан қашатын, жамандықтарға ұмтылатын болмыс және үнемі жалқауланып, шәһуаттарына жетуді қалайды. Аллаһу та'ала бізге нәпістерімізді осы мінезінен бастартқызуды, қате жолдан тура жолға түсіруді бұйырған. Бұл міндетімізді орындай алуымыз үшін оны кейде құптауымыз, кейде қинауымыз, кейде сөзбен, кейде амалмен алдауымыз керек. Өйткені нәпіс сондай жаратылған, өзіне жағымды нәрселерге ұмтылады және бұған қолжеткізу жолында көретін қиыншылықтарға төзеді. Нәпістің бақытқа қауышуына тосқауыл болған ең үлкен перде – ғапылдығы мен сауатсыздығы. Ғапылдықтан оятып, бақыттың қайда екені көрсетілсе, ол қабылдайды. Сондықтан Аллаһу та'ала «Зарият» сүресінде: **«Оларға насихат ет! Насихат мүминдерге әлбетте пайдасын тигізеді»** деген. Сенің нәпісің де бәрінің нәпісі сияқты. Оған насихат әсер етеді. Олай болса, өз нәпісіңе насихат айт және оны айыптап ұрыс! Тіпті оған айыптап ұрсуды еш тоқтатап! Оған айт: «Ей, нәпісім! Ақылдымын дейсің және саған ақымақ дегендерге ашуланасың. Алайда сенен асқан қандай ақымақ бар, өміріңді бос нәрселермен, ойын-сауықпен өткізудесің. Сенің жағдайың полиция іздеп жатқанын, ұстап алса өлім жазасын беретінін білсе де уақытын ойын-сауықпен өткізетін

кылмыскердің жағдайына ұқсайды. Бұдан асқан ақымақтық бар ма? Ей, нәпсім! Ажал саған жақындап келуде, жәннат пен тозақтың бірі сені күтуде. Ажалыңның бүгін келмейтіні қайдан мәлім? Бүгін келмесе де, бір күні міндетті түрде келеді. Басыңа келетін нәрсені келді деп біл! Өйткені өлім ешкімге уақытын белгілеп келмеген, «күндіз немесе түнде, тез немесе кеш, жазда немесе қыста келемін» деген. Әр адамға әп-сәтте еш күтпеген кезде келеді. Егер осыған дайындалмаған болсаң, бұдан асқан ақымақтық болуы мүмкін бе? Олай болса, сенің обалың жоқ, ей, нәпсім!

Күнәларға беріліп кеттің. Аллаһу та'ала осы күйінді көріп тұрған жоқ деп ойласаң, онда сен кәпірсің! Егер көріп тұрғанына сенсең, демек сен өте аусар және ұятсызсың, Оның көріп тұрғанына мән бермейсің! Олай болса, сенің обалың жоқ, ей, нәпсім!

Қызметшің саған бағынбаса, оған қалай ашуланасың! Онда Аллаһу та'аланың саған ашуланбайтынына қалайша сенімдісің? Егер Оның азабын жеңіл деп санасаң, саусағыңды оттың алауында ұста! Немесе қызып тұрған күннің астында бір сағат отыр! Яки моншаның шабыну бөлмесінде ұзақ отыр да, әлсіздігінді, шыдай алмайтыныңды түсін! Жоқ, егер дүниеде жасағандарыңа жаза бермейді деп ойласаң, Құран кәрімге және жүз жиырма төрт мыңнан астам пайғамбарға (aleyһимуссалауату уәттәслимат) сенбеген боласың, бәрін өтірікші қылған боласың. Өйткені Аллаһу та'ала «Ниса» сүресінің жүз жиырма екінші аятында **«Күнә істеуші жазасын тартады»** деген. Жамандық жасаған адам жамандық көреді. Олай болса, обалың жоқ сенің, ей, нәпсім!

Күнә істеген кезде «Ол мейірімді, рақымды, мені кешіреді» десең, дүниеде жүз мыңдаған адамға Ол неліктен қиыншылық, аштық және ауру беріп жатыр, неліктен егін екпегендерге өнім бермейді? Шәһуаттарыңа қауышу үшін барлық қулықтарды істейсің және ол кезде «Аллаһу та'ала рақымды, мейірімді, қалағандарымды маған оңай бере салады» демейсің. Олай болса, сенің обалың жоқ, ей, нәпсім!

Бәлкім, «Сенемін, бірақ қиыншылыққа шыдай алмаймын» дейтін шығарсың. Демек сен үлкен қиыншылыққа шыдай алмайтындардың аздаған бейнетпен осы қиыншылықтың алдын

алу керек екенін, тозақ азабынан құтылу үшін дүниеде қиындыққа төзудің парыз екенін білесің. Қазір дүниенің біршама қиындығына шыдай алмасаң, ертең тозақ азабына және ахиреттегі қорлық пен жәбірге, қуылуға қалай шыдамақшысың? Олай болса, сенің обалың жоқ, ей, нәпсім!

Ақша табу үшін көптеген қиыншылық пен қорлыққа шыдап, аурудан құтылу үшін бір яһуди дәрігердің сөзімен барлық зауық және шәһуаттарыңнан тыйыласың, ал тозақ азабының ауру мен кедейліктен де ауыр екенін және ахиреттің дүниеден әлдеқайда ұзақ екенін білмейсің. Олай болса, сенің обалың жоқ, ей, нәпсім!

Кейін тәубе етемін, жақсы амалдар жасаймын десең, өлім одан бұрын келуі мүмкін, өкініп қаласың. Ертең тәубе етуді бүгін жасаудан оңайрақ деп санасаң, онда сен алдандың. Өйткені тәубе уақыт өткен сайын қиындай береді, өлім жақындаған сайын малға қыр басында жем бергендей пайдасы болмайды. Сенің бұл жағдайың сабағын оқымай, «емтихан күні бәрін үйреніп аламын» деп ойлайтын және білім алуға ұзақ уақыт керек екенін білмейтін оқушыға ұқсайды. Осы сияқты, лас нәпісті тазалау үшін де ұзақ уақыт күресу керек. Өмір босқа өтіп кетсе, бір сәтте мұны қалай істей аласың? Қартаймай тұрып жастық шақтың, ауырмай тұрып денсаулықтың, қиыншылық келмей тұрып рахаттықтың және өлмей тұрып өмірдің қадірің неге білмейсің? Олай болса, обалың жоқ сенің, ей, нәпсім!

Неліктен қыста мұқтаж болатын нәрселеріңнің бәрін жаздан бастап дайындап еш кешіктірмейсің және бұларға қолжеткізуде Аллаһу та'аланың мейіріміне, рақымына жүгінбейсің? Алайда, тозақтың зәмһәрирі қыстың суығынан аз емес, ал отының ыстығы шілде күнінен аз емес. Бұлардың дайындығын кемшіліксіз толық жасайсың, ал ахирет амалдарына немқұрайлы қарайсың. Мұның себебі не? Әлде ахирет пен қиямет күніне сенбейсің бе, жүрегіңдегі күпірді өзіңнен жасырып жүрсің бе? Бұл сенің мәңгі пәлекетке ұшырауыңа себепші. Олай болса, сенің обалың жоқ, ей, нәпсім!

Марифет нұрының қамқорлығына жүгінбей, өлгеннен кейін шәһуат отының азаптайтынынан Аллаһу та'аланың рақымы мен мейірімімен құтыламын деп ойлайтын адам қалың киіммен

қорғанбай қыстың аязының Аллаһу та'аланың мейірімімен оны жауратпайтынын ойлайтын адамға ұқсайды. Ол адам білмейді, Аллаһу та'ала көптеген пайдалар үшін қысты жаратқан болса да, мейірім танытып, киім тігуге қажет болған нәрселерді де жаратқан әрі адамдарға киім тігуге ақыл мен ойлау қабілетін берген. Яғни Оның сыйы киім жасау жолын жеңілдетуде, киімсіз жаурамау түрінде емес. Олай болса, сенің обалың жоқ, ей, нәпсім!

Сенің күнәларың Аллаһу та'аланы ашуландырғаны себебінен азапталасың деп ойлама және «Маған ашуланатындай менің күнәларымның Оған қандай зияны бар» деп айтпа! Сенің ойлағаныңдай емес. Сені жағатын тозақ азабы сенің ішінде және шәһуаттарыңнан пайда болуда. Расында, адамның ауруы ішкен уынан және ішіне кірген зиянды нәрселерден пайда болған, дәрігердің сөзін тыңдамай, оның ашулануы себебінен пайда болмаған. Олай болса, сенің обалың жоқ, ей, нәпсім!

Ей, нәпсім! Түсінгенім бойынша, сен дүниенің қызығына алданыпсың және оған беріліпсің! Жәннат пен тозаққа сенбесең, ең болмағанда өлімді жоққа шығарма! Осы ниғмет пен қызықтардың бәрін сенен алып қояды, сен олардан айрылу азабын шегесің! Оларды қалағаныңша жақсы көр, қалағаныңша байлан, айрылған кезде жақсы көрген шамаңда қиналасың. Олай болса, сенің обалың жоқ, ей, нәпсім!

Неліктен дүниеге жармасасың? Бүкіл дүние сенікі болса да, дүниедегі адамдардың бәрі саған сәжде етсе де, аз уақыттан кейін сен де, олар да топыраққа айналасыңдар! Есімдерің ұмытылып кетеді. Өткен патшаларды есіне алып отыратындар бар ма? Алайда саған дүниеліктен аздаған нәрсе берілген. Оның өзі бұзылып өзгеруде. Осылар үшін мәңгі жәннат ниғметтерін пида етудесің. Олай болса, сенің обалың жоқ, ей, нәпсім!

Бір адам өте қымбат гауһартасқа сынған құмыра сатып алса, оған қалай күлесің? Дүние осы алынған құмыра сияқты. Оны сынды деп біл және мәңгі гауһартасты қолдан кетті деп біл, саған өкіну мен азап қалды деп біл!»

Осылармен және осы сияқты сөздермен әркім өз нәпсіне ұрсып, өз ақысын өтеуі керек және насихат айтуда әуелі өзінен бастауы қажет! Аллаһу та'ала дұрыс жолда жүргендерге саламаттық берсін! Әмин.

Басуға 5.11.2020 қол қойылды.  
Пішімі 60x84 <sup>1/16</sup>. Қарып әріпі «Times New Roman».  
Таралымы 2000 дана.

---

ЖШС «EuroPrint» орталығында басылды.